

Алау Әділбаев, Түсіпхан Имаммади

МАТУРИДИЯ АҚИДАСЫ

(әл-Бидая мин әл-кифая фи әл-һидая фи усул ад-дин)

Нуриддин Ахмад ибн Махмуд ибн Әбубәкір
әс-Сабуни әл-Бұхари (қ.580һ/1184)

«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға
қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу»
тақырыбы бойынша грант аясында жарық
көрген монографияның

№16 томы

Астана, 2018



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ



«Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КК



Қазақстан Республикасының
Қоғамдық даму министрлігі

«Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоғам «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының көзқарасын білдіруі міндетті емес жарияланымдардың мазмұны үшін жауапты. Осы жинақтағы авторлар көзқарасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

МАТУРИДИЯ АҚИДАСЫ

(әл-Бидая мин әл-кифая фи әл-һидая фи усул ад-дин)

Нуриддин Ахмад ибн Махмуд ибн Әбубәкір әс-Сабуни әл-Бұхари
(қ.580_һ/1184)

«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның №16 томы



Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерін жетілдіру және грант бөлуші ұйым жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Ұйымның негізгі қызметі мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды ҮЕҰ-ға бөлу және олардың іске асуын қадағалау болып табылады.

Астана, 2018 жыл
Басылым - 300 дана.

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38
К48

**БАСПАҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КОМИТЕТІНІҢ
САРАПТАМА БӨЛІМІ ҰСЫНҒАН,
2018 жылы**

К48 А. Ш. Әділбаев, Т.Имаммади
Матуридия ақидасы (әл-Бидая мин әл-кифая фи әл-һидая фи усул ад-дин): Аударма
– Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 90 б.,
**«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын
жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның
16 томы**

ISBN 978-9965-9896-5-0

Кітап Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ жүргізген грант аясында жарық көріп отыр.

Кітапта жарық көрген материалдар Грант берушінің көзқарасы болып табылмайды.

**ӘОЖ 28
КБЖ 86.38**

ISBN 978-9965-9896-5-0

© «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КҚ, 2018

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	6
АВТОР ЖАЙЛЫ	8
КІРІСПЕ: ТАНЫМҒА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ	11
БІРІНШІ БӨЛІМ.	
ИЛӘҒИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
(Теологиялық мәселелер)	14
1.1. Әлемнің жаратылғандығы мен Алланың бар екендігі.....	14
1.2. Жаратушының жалғыз-даралығы.....	16
1.3. Алланың жаратылыстарға тән ерекшеліктерден пәктігі.....	18
1.4. Алланың сипаттары.....	20
1.5. Есімдер мен есімделуші (Исм және мусамма).....	24
1.6. Алланың теңдесі мен ұқсасы жоқ.....	25
1.7. Алла Тағаланың кәләм сипатының ежелден болуы.....	26
1.8. Жарату мен жаратылыс (Такуин және мукаууан).....	31
1.9. Алла Тағаланы көру мәселесі.....	35
1.10. Алланың қалауы (ирадасы).....	40
ЕКІНШІ БӨЛІМ.	
ПАЙҒАМБАРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР	
2.1. Пайғамбарлықтың дәлелі.....	42
2.2. Пайғамбарлықтың ерекшеліктері.....	49
2.3. Әулиенің кереметі.....	50
2.4. Имам (халифа, мемлекет басшысы) және осыған байланысты мәселелер.....	51
2.5. Әділетті төрт халифаның басшылығы туралы.....	53
ҮШІНШІ БӨЛІМ.	
ИРАДА ЖӘНЕ ЖАЗМЫШ ПЕН ТАҒДЫР МӘСЕЛЕЛЕРІ	
3.1. Алланың әділдігі мәселесі (Тағдил және тажуир).....	56
3.2. Пенденің күш-қуаты (Иститаға).....	56
3.3. Адамдардың іс-әрекеттерінің жаратылуы.....	59
3.4. Тәулид мәселесі.....	62
3.5. Шама жетпейтін істің жауапкершілігі.....	63
3.6. Алланың қалауының бәрін қамтуы (Тағмим әл-мурад).....	65
3.7. Пендеге ең қайырлы істі жаратып беру Аллаға міндет емес.....	69
3.8. Ризық-несібе.....	70
3.9. Ажал.....	71
3.10. Жазмыш және тағдыр.....	72
3.11. Тура жолға салу және адастыру.....	73

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ.

ИМАННЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ КЕЙБІР СӘМҒИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1. Үлкен күнә істегендердің жағдайы.....	75
4.2. Иман және ислам.....	81
4.3. Иманның шынайы мәні.....	83
4.4. Еліктеушінің (муқаллид) иманы.....	85
4.5. Ақыретке қатысты кейбір мәселелер.....	88

АЛҒЫ СӨЗ

Ақида – араб тіліндегі ақд «түйіндеп байлау» деген түбірден туындаған есім сөз. Дәл осы түбірден туындаған иман ұғымына синоним ретінде қолданылатын иғтиқад сөзі: «Шын пейілмен илану, түйіндеп байлап қойғандай жармасу» – деген мағынаға саяды. Олай болса, ақида дегеніміз – ақиқатқа шын жүректен сенуді білдіреді. Ал термин ретінде «Ислам дінінің негізгі ереже-қағидаттары, иман келтіру міндетті болып табылатын үкімдер» – дегенді білдіреді. Яғни, діни ілімдердің осы саласы ислам дінінің иман негіздерін зерттеп, дәлелдеуді басты мақсат етеді. Жалпылама алғанда, ақида ілімі иман негіздерін діни мәтіндерге сүйене отырып түсіндіруді көздейді. Осы ерекшелігін назарға ала отырып, кейбір ғалымдар ақида мен «кәләм» ілімін бір-бірінен бөлек қарастырған. Осыдан барып «Ақида Алла тағаланың заты (Өзі), сипаттары, пайғамбарлық пен ақыреттегі жағдайларға қатысты мәселелерді талқылайды», ал «кәләм – әрі осы тақырыптармен қатар соның негізінде күллі әлем жайлы сөз қозғайтын ілім саласы» деген. Сонымен қатар, ақида ілімі діннің негізгі үкімдері жайлы сөз қозғағандықтан оны «усулуд-дин» (дін негіздері), сондай-ақ, Алла тағаланың жалғыз-даралығы мен сипаттарын баяндайтындықтан, «илмут-таухид уәс-сыфат» деп аталған¹. Маңыздылығына орай Имам Ағзам ақида ілімін «әл-Фикһ әл-әкбар», яғни білімнің ең абзалы деп атаған.

Әхлі сүннет ақидасының іргетасын қалаған шығармалар хижри жыл санауы бойынша I ғасырда жазыла бастады. Бірақ, бұл кезеңдегі шығармалар ақида тақырыбына байланысты мәселелердің бәрін толығымен қамтымай, көбіне адасқан ағымдарға қарсы жауап беру мақсатындағы кішігірім шығармалардан тұрды. Ал ақиданың негіздері хижри жыл санауы бойынша IV ғасырда Имам әл-Матуриди (852-944) мен Имам Әшғари (872-936) сынды ғалымдардың еңбегі нәтижесінде құрылған сунниттік кәләм шеңберінде жүйеге келтірілді².

Қазақ халқының дәстүрлі діни түсінігінің қалыптасуында матуриди ақида мектебінің рөлі ерекше. Әсілінде бұл мектептің негізі де Имам Ағзамның іліміне барып тіреледі. Имам Әбу Ханифа – ақида ілімінің негізін сонау ерте кезде қалап, әхлі сүннет уәл-жамағаттың иман негіздерін қалыптастыруға үлкен үлес қосқан ғұлама. Имам Ағзам Әбу Ханифаның көзқарастарын Әбу Жағфар әт-Тахауи мен, әсіресе, шәкіттері арқылы жалғасын тапқан ғылыми тізбекте орны бар Әбу Мансұр әл-Матуриди және Әбу әл-Муин ән-Нәсәфилер дамытып, кең жайған³. Сенім мәселелерін талқылау әрі қамту тұрғысынан Әбу Ханифаның ілімінен көп сусындаған әл-Матуриди оған жиі жүгінетін әрі оның пікірлерін негізге алатын. Әбу әл-Муин ән-Нәсәфи Самарқан ғалымдарының Әбу Ханифаның көзқарастарын мәзһабқа айналдырғанын білдірген. Кейінірек,

¹ А. Саим Кылавуз. *Ақидә*, Ислам ансиклопедиси, ТДУ, Стам-бул, 1989, 2-т., 212-213-б.

² А. С. Кылавуз. *Ақидә*, 2-т., 212-б., И. Сейтбеков, *Иман негіздері*, 29-30-б.

³ Матуриди. *Китабу-Таухид*, 420, 593, 615 б. Нәсәфи, Тәбсиратул-әдиллә, I, 161-162, 357, 533, 544, 2-т., 705-беттен Ю. Шевки Явуз, Ебу Ханифенин итикади гөрүшлери ве сунни келамын олушумуна еткилери, Иمامы Ағзам Ебу Ханифе ве дүшүнже системи, 16-19 Еким, 2003, семпозиум материалдары, Куран араштырмалары уакфы, Бурса, 2005, 2-т., 151-152-б.

Матуридидің ізін басқан ғалымдар дамытқан сенім тұрғысындағы көзқарастар бүгінгі күнге жетіп, осы көзқарасты жақтайтын мәзһаб матуридия деген атпен танылған⁴.

Имам әл-Матуриди фикһ пен ақида саласында ханафилікті ұстана отырып, заманының қажеттілігіне орай, туындаған мәселелерге жауап беру үшін жаңа тәсіл қолдана отырып, ақида саласын кең дамытты. Имам әл-Матуриди – заман талабына қарай исламды бұра тартпақ болған ағымдардың жаңсақ пікірлерінің мұсылмандар арасында таралуын тізгіндеу мақсатында, дәстүрлі сунниттік көзқарастың шеңберінен шықпай қажырлы еңбек етіп, жүздеген шәкірт тәрбиелеп, Орта Азияда ханафиліктің дамуына үлкен үлес қосқан ғұлама⁵.

Қазіргі таңда да ақида ілімінің көтерген тақырыптары қоғам арасында үлкен сұранысқа ие екені мәлім. Сондықтан да біз ғасырлар бойы жалғасын тауып келген дәстүрлі матуридия ілімінің негіздерін танытып, ерекшелігімен таныстыру мақсатында Бұхаралық ханафи ғалымы Ахмет ибн Мұхаммед ибн Әби Бәкір әс-Сабунидің «әл-Бидая фи усул әд-дин» атты еңбегін қазақ оқырманына таныстыруды жөн көрдік. Бұл еңбекті Б. Топалоглы көптеген қолжазбаларға сүйене отырып, ғылыми редакциясын жасап, басып шығарған «Матуридие акаиди»⁶ кітабынан аудардық. Сонымен қатар Б. Топалоглының кітаптың екінші жартысында берген араб тіліндегі нұсқасын да пайдаландық.

⁴ Шевки Явуз, бұл да сонда, 152-б.

⁵ А. Әділбаев. *Орта Азиядан шыққан ғұлама – Матуриди // Исламтану және араб филологиясы мәселелері*, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (2006 ж.), Алматы, «Нұр-Мұбарак», 2006, 94-95-б.

⁶ Б. Топалоглы. *Матуридие акаиди*. 5-басылым, Анкара, 1995

АВТОР ЖАЙЛЫ

Ахмет ибн Мұхаммед ибн Әби Бәкір – Бұхаралық ханафи ғалымдарының бірі. Библиографиялық кітаптарда көбіне «әл-Имам» және «Нур ад-Дин» деген лақап аттармен танылған. Қай жерде және қай жылы туылғандығына қатысты нақты мәлімет жоқ, ал дүниеден 580/1184 жылы озғандығы нақты.

Кәләм ілімінен басқа ғылым салаларында аты шықпағанымен оның ақидаға қатысты жазған «әл-Бидая фи усул әд-дин» атты еңбегі кең таралған.

Оған бірқатар еңбектер телінгенімен мына үш еңбегі мәлім:

1. «әл-Мунтақа мин исмат әл-әнбия»;
2. «әл-Кифая фи әл-хидая»;
3. «әл-Бидая фи усул әд-дин».

Имам әс-Сабунидің «әл-Мунтақа» атты кітабы негізінен әш-Шейх Әбу әл-Хусейн Мұхаммед ибн Яхия әл-Бәшәғаридің «Кәшф әл ғауамид фи ахуал ал-әнбия» атты еңбегінің мухтасары болып табылады. Бұл кітап «Исмәт әл-әнбия» деген атпен кең таралған. Әс-Сабунидің халыққа түсінікті ету мақсатында осы кітаптың мазмұнын кішірейтіп, тілін жеңілдетіп жазып шыққан. Бұл кітапта кейбір дінді бұрмалаушылар тарапынан Құран аяттарын пайғамбарлар жолына лайық емес түрде тәпсірлеушілердің көзқарастарына Құран аяттарына сүйене отырып жауап берілген. Бұл кітап – Сабунидің өзіне болмағанмен әл-Бәшәғаридің сонау ерте кезеңде пайғамбарлық мәселесіне қатысты жазылған өте құнды еңбегін сақтап қалу жолында жазылған маңызды шығарма болып табылады. Тіпті атақты Фахруддін әр-Разидің (606/1210) «Исмәт әл-әнбия» кітабы методика және мазмұн тұрғысынан «әл-Мунтақамен» бірдей болғанымен, «әл-Мунтақаның» көлемі мен мазмұны одан әлдеқайда ауқымды саналады. Бұл қолжазба күйінде сақталып, кітап ретінде жарық көрмеген.

Автордың «әл-Кифаясы» «әл-Бидая» кітабынан төрт есе ауқымды. Десе де қамтыған тақырыптары бірдей. Әл-Кифаяның кіріспесінде әс-Сабунидің кәләм ілімінің өзге ғылымдармен салыстырғандағы орны мен маңыздылығына тоқтала келе, кәләм іліміне қатысты сын айтушыларға жауап берген.

«әл-Бидаяға» қарағанда «әл-Кифаяда» тақырыптар кең көлемді қарастырылған. Ол қарсыластардың сындарына тиісті жауаптарды беріп отырады. Әс-Сабунидің өзге де шығармаларында ұстанған жолы – матуридия ілімінен еш ауытқымаған.

«әл-Кифая» еңбегі тіл, мәселелерді беру тәсілі мен сөздердің жеңілдігі әрі түсініктілігі тұрғысынан матуридия ақидасының маңызды еңбектерінің бірі болып табылады.

Имам әс-Сабунидің жайлы сөз қозғаған кітаптардың бәрінде «әл-Бидая фи усул әд-дин» кітабының авторға тиесілілігі тілге тиек етіледі. Сабунидің туралы жазылған деректердің барлығында оны «Бидаяның авторы» деп атап өтеді. Міне әс-Сабунидің ең кең тараған шығармасы – осы. Оның себебі қысқа әрі ықшамды жазылуында болса керек. Автордың өзі кіріспеде осы еңбегін не үшін қолға алғанын атап өтеді. Оның айтуы бойынша, «әл-Кифая фи әл-хидая» атты кітабын жазып бітірген соң достары жаттауға оңай болу үшін көлемін кішірейтіп беруін өтінген екен. Содан кейін барып

автор осы еңбегін жазуды қолға алған⁷.

Автордың бұл еңбегіне Сағд ад-Дин ат-Тафтазани (қ. 790/1390) сынды танымал кәләм ғалымдары көп сілтеме жасаған. Тарихи әдебиеттерде оның әйгілі ғалымдармен жүргізген пікірталастары туралы көп айтылады. Соның бірі – әйгілі кәләм ғалымы, атақты тәпсірші Фахруддин ар-Разимен болған пікірталас мәжілісі. Фахруддин ар-Рази әс-Сабунидің көзқарастарын естіп онымен пікір алмасу үшін арнайы іздеп барғандығын, оқиганың қалай өрбігендігін «Мұназарат» атты еңбегінде біржақтылы қозғап өтеді⁸. Осыған қарағанда автордың тек Мауараннахр өңірінде емес, заманындағы кәләмшылар арасында аты әйгілі болғандығын байқаймыз.

Нур ад-Дин әс-Сабуни – Имам әл-Матуридидің мұрасын жалғастырып, әрі қарай жетілдірген Хахим әс-Самарқанди, әл-Ғияди, Рустуғфани және Әбу Мұғин ан-Насафи секілді ғалымдардан кейінгі көрнекті тұлғалардың бірі⁹. Ол еңбектерінде жат ағымдарды жіпке тізгендей атап өтіп, олардың көзқарастары мен сүйенген дәлелдеріне де жеке-жеке тоқталған. Бұл оның өз дәуірінде түрлі діни топтармен белсенді түрде күрес жүргізгендігін көрсетеді. Әс-Сабунидің бұл еңбегінің бір ерекшелігі, сол ерте кезеңде қозғаған мәселелері әлі күнге дейін еш құндылығын жоймаған.

⁷ Б. Топалоглы. *Матуридие акаиди*, 19-36-б.

⁸ Фахруддин ар-Рази. *Муназарат*, 7-9-б.

⁹ ТДВ. *Ислам энциклопедиясы// Матуридия*. Юсуф Шевки Явуз. XXIX-том, 166-б.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Мейірімі шексіз ұлы Аллаға мадақ арнап, жаратылыстың абзалы Пайғамбарымыз Мұхаммедке және оның ардақты әулетіне, сахабалары мен соңынан ергендерге салауат айтып, сәлем жолдаймыз!

Алланың қолдап, қуаттауымен жазған «әл-кифая фи әл-Һидая» атты кітабымды бітіргеннен кейін әріптестерім мен жора-жолдастарым аталған еңбегімнің мәтінін қысқа әрі нұсқа, оқуға ыңғайлы етіп, ықшамдап жазуымды өтінді. Осыдан соң бір Аллаға сыйынып, қайырлы болуын тілеп, қолыма қайта қалам алдым. Алла – біздің ең жақсы қолдаушымыз әрі ең ұлық сүйенішіміз!

Нуриддин Ахмад ибн Махмуд ибн Әбубәкір әс-Сабуни.

КІРІСПЕ: ТАНЫМҒА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ

Ілім¹⁰ – қадим (ежелден бар) және хадис (кейіннен жаратылған) болып екіге бөлінеді. Қадим ілім – Жаратылыстың ғылым-біліміне мүлде ұқсамайтын, Алланың өзіне ғана тән ілім. Хадис (жаратылғандарға тән) ілім өз ішінен тағы екі түрге: **дарури** және **иктисаби** болып бөлінеді.

Дарури ілім – ешқандай зерттеуге және дәлелге сүйеніп жатпастан қол жеткізілген мәлімет. Мысалы, пенденің өз болмысы мен бойындағы ашығу, шөлдеу, ауырсыну, қуану, қайғыру секілді күйлерді сезініп, нақты білуі осыған жатады. Мұндай сезім мен түйсік барлық тіршілік иелерінде бар.

Иктисаби ілім – Алланың берген қабілеттерін пайдаланумен келетін (себеп-салдар заңдылығына бағына отырып), пенденің талпынысы мен ерік-жігері арқылы қол жеткізілетін мәлімет.

Адам баласының мәліметті қабылдауы – сау (ақаусыз) сезім мүшелері, шынайы дерек және ақыл-ойжүгірту секілді үш түрлі жолмен жүзеге асады.

А) **Сезім мүшелері** – есту, көру, иіскеу, дәмін тату және сипау (тию) сынды бес нәрседен тұрады. Әр сезім мүшесі өзінің тану мүмкіндігі шеңберіне кіретін нәрселерді ғана танып біледі.

Ә) **Шынайы деректің** өзі екіге бөлінеді. Біріншісі – **Мұтауатир дерек**. Бұл – жалған деректі таратуға өзара келісіп алуы мүмкін емес, сенімді топтың әртүрлі жолмен жеткізген дерегі. Мұтауатир дерек нақты мәлімет көзіне жатады. Мысалы, тарихта өткен билеушілер мен шалғайдағы елді-мекен немесе қаланың болғандығын әртүрлі адамнан, сан түрлі жолмен есту арқылы білуіміз осындай дерекке жатады. Екінші шынайы дерек – сенімділігі пайғамбарлардың көрсеткен мұғжизалары арқылы қуатталған дерек. Мұндай деректер (дәлелдерге сүйене отырып, зерттеу арқылы келгеніне қарамастан) бұлтартпас дәлел саналады.

Б) **Ақыл-ой жүгірту де** – мәліметке қол жеткізу жолдарының бірі. Бұл – **дарури** (айқын, міндетті) және **истидләли** (дәлелдер негізінде айқындалатын) болып екі түрге бөлінеді. Ақыл-ой арқылы дарури мәлімет иеленуге – бір нәрсенің бөлшегі бүтініне қарағанда кішкентай келетінін білуіміз секілді, бір қарағанда-ақ түсінікті (онай ойға оралатын) мәліметтерді жатқызуға болады. Ал, истидләли, яғни дәлел-дәйек арқылы мәлімет алуға келсек, мысалы, отты көрмесек те түтін шығып жатқан жерде бір нәрсенің жанып жатқандығын білуіміз секілді, ой-түйсіктерінің бірін қолдану арқылы көз жеткізілетін мәліметтер осы санатқа жатады. Аталмыш жолдар арқылы қол жеткізілген мәліметтер шындыққа көз жұмып, әдейі шарттанып алмаған жандар үшін анық ақиқат болып есептеледі.

Софистер¹¹ мәлімет алу мен танымға жету жолдарының барлығын жоққа

¹⁰ Бұл жердегі ілім – ғылым ретінде қалыптасқан жаратылыстану немесе ислами ғылымдар емес, жалпы «мәлімет алу», «деректерді білу» деген мағынада айтылып отыр. Ендігі жерде «дерек», «мәлімет» деп те айтамыз.

¹¹ Софистер – «даналықтың», «шешендіктің кәсіби ұстаздары ретінде көрінген ежелгі грек философтарын осылай атаған (б.з.б. V ғ.).

шығарған. Кейбіреулері «заттардың материалдық болмысы жоқ» деп есептесе, біреулері заттардың шынайы болмысын білуді мойындамайды. Мұндай шектен тыс күмәншілдерге ғылыми тұрғыдан жауап беруге тырысу – бос әурешілдік. Айналадағы құбылыстар мен заттардың мәнін мойындауы үшін оларды жанына батардай етіп таяқтап, тәндерін лаулап жанып тұрған отқа тигізсең ғана амалсыздан шындықты мойындауы мүмкін.

Сумания¹² өкілдері және брахманистер деректерді танымға жетудің жолдарына жатқызбаған. Бұл көзқарастары¹³ жоғарыда атап өткен софистердің көзқарастарына ұқсайды. Осылайша олар мұтауатир жолмен келіп жеткен бұлтартпас мәліметті жоққа шығарған. Егер мұтауатир жолмен жеткен хабарлар мәлімет көзі саналмаса, адам өз ата-бабасын, жақын туыстарын, ағалары мен әпкелерін қалай танып-білер еді?! Өз кезегінде мұның барлығы келіп жеткен мәлімет арқылы нақтыланады.

Батинилер¹⁴, рафизилер¹⁵ және мұшаббиһа¹⁶ ағымдары ақыл-ойды танымға жетудің құралы деп санамайды. Олар: «Ақыл-ойдың тұжырымдары ұдайы бір-бірін жоққа шығарып отырады. Адамдардың түсінігі мен көзқарастарының әртүрлі болуы – осының дәлелі», – дейді. Олардың бұл уәждеріне: «Ақыл-ой тұжырымдарының бір-біріне қайшы келетіндігін қалай білдіңдер?», – деп, қарсы сұрақ қою арқылы жауап бере аламыз. Егер «ақылмен білдік» десе өз сөздеріне өздері қайшы келген болады. Бұл – «ақылымызбен білдік, бірақ, ақылмен бір нәрсені білу мүмкін емес» деген сөз. Ал, егер «мәлімет арқылы білдік» десе, онда деректің дұрыс-бұрыстығын қалай білмек? (Бұл жолы да ақыл-ойды қолданудан басқа жол жоқ екені мәлім). Ал, «сезім мүшелері арқылы білеміз» десе, біле тұра шындықты мойындамаған болып шығады.

Осы жерде мынаны да айта кету керек, негізінде ақыл-ойдың тұжырымдары бір-біріне қайшы келмейді. Әртүрлі тұжырымдардың пайда болуының себебі – ақыл-ойдың қолданылуының ғылыми деңгейге жетпеуі немесе оның шарттарының толық орындалмауына байланысты. Осылайша кейбіреулер «ақылға сүйене отырып, үкім береміз» дегенімен де, әсілінде өз сезімдері мен топшылауларына сүйенеді. Мысалы, бір топ адамнан «3x3 қанша болады?» деп сұрасақ көп ойланып жатпастан, барлығы да «9» деп жауап береді. Ал олардан «13x13 қанша?» деп сұрасаңыз әртүрлі жауап беруі мүмкін. Мұның себебі, жоғарыда айтқандай (ойлау) қабілетінің әртүрлі болуынан немесе есептеу кезінде жіберілетін қателік салдарынан туындайды. Әйтпесе, көбейтудің нәтижесі адамның ақыл деңгейіне қарай өзгермейді. Бұған көзбен көруге боларлық мынадай бір мысал келтіре аламыз. Мәселен, толған айды көру мәселесінде

¹² Ежелгі үнді философиялық ағымы. Бір деректе Үндістанның Суманат деген жерінде негізі қаланғандығы айтылады.

¹³ **Ескерту:** Көзқарас сөзі ендігі жерде тек «ой-пікір» деген мағынада емес, «ұстаным», «сенім» деген мағынада да қолданылады.

¹⁴ Батинилер – Құран мен сүннеттің мағыналарын өз ойларымен, тұспалдап түсінуді негізге алып, әрдайым жасырын бір мағын іздейтін ағым. Бұл ұғым шииттік бағыттағы ағымдарға қатысты қолданылған.

¹⁵ Шииттердің кең тараған атауларының бірі. Төрт халифаның заңды билігін мойындамағандықтан оларға осындай атау берілген.

¹⁶ Мұшаббиһа – (антропоморфистер) Алла Тағаланы жаратылыстарға ұқсатушы, сүнниттік емес ағымдардың атауы. Олар «мужассима» деп те аталады.

адамдар арасында ешқандай қайшылық орын алмайды. Бірақ, алғашқы ай туғанда біреуі – «кеше көрінді», екіншісі – «бүгін көрінді» деп әртүрлі пікір білдіруі мүмкін. Мұның себебі, айды бақылау кезіндегі мұқиятсыздық немесе айға қараған адамның қателігінде. Жоғарыдағы ақыл-ой тұжырымдарына байланысты мәселе де дәл осы секілді.

Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша адамның ақыл-ойының әртүрлі болуы оның жаратылысына байланысты. Мұғтазилиттер мұндай түсінікті қабылдамайды. Кейбір жас балалардың ешқандай өмірлік тәжірибесі мен алған білімі болмаса да тума қабілеті мен зеректігі басқа балалардан, тіпті, ересек адамдардан артық болып жатады. Міне, мұны қалай қабылдамайсың?! Ардақты Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір сөзінде:

(إِنَّهُنَّ نَاقِصَاتُ الْعَقْلِ وَالْدِينِ)

«Олардың ақылы қысқа, діні (діни жауапкершілігі де) аз»,¹⁷ – деу арқылы әйелдер мен ер кісілердің ойлау ерекшеліктерінің әртүрлі болатындығын білдірген. Ал куәгерлік мәселесінде екі әйелдің куәлігі бір ер адамға тең екендігі Құранда баяндалады¹⁸. Бұл – есте сақтау қабілетіндегі кемшілікке қатысты мәселе. Негізінен, «ақыл иесі» деп аталатындай дәрежеде ақыл-естің болуы – Ұлы Алланың бар екенін түсінуге жеткілікті. Сондықтан ақыл-есі бар адам Алланы танымауға қатысты ешқандай сылтау айта алмайды.

¹⁷ Бұхари, кітаб әл-хайд, 1/78, Мұслим, әл-иман, 1/86-87. Ибн Мәжә, 2/1362, әл-Фитән 19.

¹⁸ (فَإِنْ لَمْ يَكُونَا رَجُلَيْنِ فَرَجُلٌ وَامْرَأَتَانِ مِمَّنْ تَرْضَوْنَ مِنَ الشُّهَدَاءِ أَنْ تَضِلَّ إِحْدَاهُمَا فَتُذَكِّرَ إِحْدَاهُمَا الْأُخْرَى)

«(Куә болу үшін) екі ер адам таба алмаса, лайықты деп есептеген кісілеріңізден бір ер және екі әйел болса да болады. Әйелдердің біреуі ұмытса екіншісі есіне түсіреді» («Бақара» сүресі, 282-аят).

БІРІНШІ БӨЛІМ ИЛӘҢИЯТ МӘСЕЛелЕРІ (Теологиялық мәселелер)

1.1. Әлемнің жаратылғандығы мен Алланың бар екендігі

Араб тіліндегі «عَلَمٌ» әлем сөзі – Алладан басқа барлық болмыстың ортақ атауы. Өйткені («عَلَمٌ» «белгі» деген түбірден шыққан) ол – жаратушысының бар екендігін көрсететін айқын белгі.

Әлемдегі жаратылыс атаулы **ағян** (субстанция) және **ағраз** (акциденция) болып екі түрге бөлінеді. **Ағян** деп – бар болуы басқа нәрселерге тәуелсіз заттарды, ал **ағраз** деп – басқа бір затқа сүйену арқылы ғана өзінің бар екендігін көрсететін, сол орынға тәуелділіксіз елестету мүмкін емес нәрселерді айтамыз.

Ғайн (ағян) – муфрад¹⁹ (жеке) және мураккаб²⁰ болып екіге бөлінеді. «Муфрадты» жауһар (атом) деп те атайды. Ол – бөлінбейтін ең кішкентай бөлшек. Ал «мураккаб» – жисім²¹ деп те аталады. Ең кішкентай дене екі жауһардан тұрады. Кейбір ислам философтары мен мұғтазилиттер осы ең кішкентай бөлшектің бар екендігін жоққа шығарады. Бұл – қате тұжырым. Өйткені, бұл өз кезегінде тарының дәнін құрайтын бөлшектер мен тауды құрайтын бөлшектердің бірдей болуын қажет етеді. Ал олардың тұжырымы бойынша, кішірейе бөлшектенудің шегі жоқ (шегі болмау – жоқтықты білдіреді)²². Алла барлық нәрсеге құдыретті, бөлшектерді біріктіріп, затты құраушы да – жалғыз Ол ғана. Демек, ең кішкентай бөлшекті де ары қарай бөлшектеуге Алланың құдіреті жететіндігі сөзсіз. «Оны шексіз бөлуге құдіреті жетпейді» деу Алланы қауқарсыз, шарасыз деп санағандық болады. Ал ең кішкентай бөлшекті ары қарай бөлуге Алла құдіретті деп білсеңіз, ең кішкентай бөлшектің бар екендігі айқындалады.

Кейбір риязятшылардың ойынша жисім (физикалық дене) – ұзындығы, ені, көлемі бар үш қабаттан (үш жәуһар) тұратын нәрсе. Біздің көзқарасымыз бойынша екі жауһардың бірігуінен тұратын нәрсені жисім деп атауға болады. Өйткені ұқсас көлемдегі екі жисімнің біреуіне бір жауһар қосылса, екіншісінен көлемдірек болады. Демек, белгілі бір көлемге ие болып, дене (жисім) деп аталуы үшін, бір жауһарға екінші бір жауһардың қосылуы қажет. Олай болса, жисім – екі немесе одан да көп жауһардан (атомнан) құралған немесе бірігуінен пайда болған зат.

Ағраз (акциденция) – тілдік тұрғыда «тұрақсыз» деген мағынаны білдіреді. Анықтамасы: Бар болуы басқа нәрсеге тәуелді, тұрақсыз нәрсе. Мұның отыз неше түрі

¹⁹ Қарапайым, ең кішкентай.

²⁰ Бөлшектерден құралған.

²¹ Физикалық дене. Келесі тақырыптарда «дене» деп те келуі мүмкін.

²² Философтардың ойынша, дене шексіз бөлшектене береді. Ал кәләм саласының ғалымдары «бұл денені құрайтын бөлшектердің шексіздігін қажет етеді» деп ойлағандықтан мұны қате деп есептеген. Мұндай жағдайда көзімізбен көріп жүрген нәрселердің, мысалы, тары мен таудың бөлшектері бір-біріне тең болуы қажет. Өйткені әрбір дененің бөліктері шексіз. Ал шексіз нәрселер бір-бірінен үлкен яки кіші бола алмайды. Десе де кәләм ғалымдарының бұл тұжырымы орынды деп табылмаған (Қараңыздар: Тафтазани. Шәрх әл-ақайд, 508-б.).

бар. Заттың реңі, түсі, қозғалыс, тыныштық күйі, иіс, дәм, дауыс, күш-күдірет пен қалау еркі т.б. осы ағраз категориясына жатады.

Дәһрия²³, сәнауия²⁴ және кейбір мұғтазилиттер ағраздардың заттан бөлек түсінік екендігін жоққа шығарады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Мысалы ағармаған қара шаш бір күні ағарғанда «бұл – бұрынғысындай қара шаш» деп айтуға келмейді. Ақ пен қара екі басқа нәрсе екендігі анық. Егер осы түс заттың өзіне байланысты болса, зат жоғалмайынша, қара түс те жоғалмауы керек еді. Осыған қарап, өзгеріске ұшыраудың заттың тысында жүзеге асатын құбылыс екендігін білуге болады.

Қадим деп – бар болуының бастауы жоқ, **хадис** деп – бұрын болмаған, кейіннен пайда болған нәрсені айтамыз. Демек ағандардың ағраздардан бөлек болуы мүмкін емес. Ал ағраздар хадис болып есептеледі. Өйткені, жауһарлар бірлескен немесе бір-бірінен бөлек күйде де кездеседі (бірігу де, бөліну де бір ағраз болып есептеледі). Сондай-ақ, бар болған зат не қозғалыста, не тыныш (қозғалыссыздық) күйде болады. Қозғалыссыздық – екі түрлі күйдің бір орында тұруы. Ал қозғалыс – екі түрлі орында екі түрлі күйдің орын алуы. Ал қозғалыссыздықтың хадис (кейіннен жаратылған) екендігіне келсек, хадис екендігі сезім мүшелері және көру арқылы анықталады. Ал қозғалыссыздықтың (тыныш) хадис екендігіне келсек, ол қозғалыс арқылы жойылады. Демек жойылған нәрсе хадис деген сөз. Өйткені қадим ешқашан жойылмайды.

Ағандар мен ағраздар бір-бірінен бөлінбейтіндігіне, ағраздардың хадис екендігіне қарайтын болсақ, ағандардың ағраздардан бұрын (қадим) бар болуы мүмкін емес. Өйткені, ағандардың хадистерден бұрын бар болуы олардың бір-бірінен ажырайтындығын көрсетеді. Ағраздардың қадим болмайтындығы туралы «иститаға» (күш-қуат, шама-шарқ) тақырыбында тағы тоқталатын боламыз. Демек, хадистерден бұрын болуы мүмкін емес әрбір нәрсе жаратылыстармен қатар келетіндіктен өзі де хадис болып есептеледі.

Кейіннен жаратылған кез келген нәрсенің болмысы жоқтықтан кейін орын алады. Бұрын жоқ болған нәрсенің өздігінен пайда болуы мүмкін емес. Мұндай нәрсенің бар болуы мен жоқ болуы логикалық тұрғыдан тең дәрежеде. Олай болса, (осы бар болу мен жоқ болу секілді) екі ықтималдықтың біреуін таңдайтын бір таңдаушыға қажеттілік туындайды. Бұл таңдаушының бар болуы ықтималды (جائز الوجود) емес бар болуы міндетті (واجب الوجود) болуы керек. Егер осы Жаратушының бар болуы ықтималды болса, ол екінші бір күшке, ал ол үшіншісіне тәуелді болар еді. Осылайша шексіз тізбектеліп кете береді. Әрине, бұл мүмкін емес. Яки, жаратылуы өздігінен саналатын бір күшке барып тіреледі. Міне, Ол – Ұлы Жаратушы. Оның бар болуы өздігінен әрі міндетті (яғни жоқ болуы мүмкін емес) саналғандықтан ол – қадим. Өйткені, оның бар болуы басқа бір нәрсеге мұқтаж емес. Ол – өздігінен бар. Заты ежелден²⁵ әрі мәңгі, оның жоқ болуы мүмкін емес. Қорыта келгенде, Алла Тағаланы «жауһар», «жисім» немесе «ағраз» деп атау – қате.

²³ «Әлемнің бастауы жоқ, мәңгі және жаратушы жоқ» деп санайтын материалистік философиялық бағыт.

²⁴ Жақсылықтың жаратушысы – нұр, жамандықтың жаратушысы – қараңғылық деп санап, екі тәңірге сенушілер. Олардың ішінде реенкарнацияға сенушілер де бар.

²⁵ Ескерту: «Ежелден» сөзі ендігі жерде «қадим», «әзәли» деген сөздердің баламасы ретінде «бар болуының бастауы жоқ» деген ұғым орнына қолданылады.

Өйткені, бұл атаулардың мағынасын Алла Тағалаға телу мүмкін емес. Сондықтан бұл атауларды «Аллаға қатысты тікелей мағынада емес, ауыспалы мағынада қолданамыз деу» қате түсінік. Себебі, бір атау шынайы мағынасынан тыс тек астарлы мағынада ғана қолданылады. Қолданылатын астарлы мағына мен заттың шынайы бейнесінде өзара ұқтастық болуы қажет. Ал Алла мен жаратылыс арасында ешқандай ұқсастық жоқ. Демек, жоғарыда аталған атаулардың ешқайсысы шынайы немесе астарлы мағынада Алла Тағалаға қатысты қолданылмайды.

Жетістік бір Алладан!

1.2. Жаратушының жалғыз-даралығы

Әһлүл-хақ²⁶ «Алла Тағала жалғыз әрі серігі жоқ» деп сенсе, сәнауилер, зороастристер мен христиандар, натуралистер мен әфлакилер²⁷ бұған қарсы пікірде.

Сәнәуилер мен зороастристер (мажусилер) жақсылықтың бөлек, жамандықтың бөлек тәңірі бар деп санайды. Бұл екі құдайды біреулері «яздан және ахриман» деп атаса, біреулері «нұр мен қараңғылық» деп атаған.

Христиандар – «Құдай үшеудің үшіншісі» деп санап, оларды «үш негіз» (الأقانم الثلاثة) деп атайды. Олардың ойынша, бұл үш негіз – Құдай, білім, тірі болу. Біреулері «Құдай – әке, Иса – баласы, Мариям – әйелі» деп сенеді.

Натуралистер «жаратушы – ыстық пен суық, құрғақтық пен дымқылдық болып төртеу» десе, әфлакилер «жаратушы жетеу» деп есептейді. Олар: Зухал²⁸, Мұштари²⁹, Марих³⁰, Зухра³¹, Ғутарид³², Күн және Ай.

Аталған топтар мен ағымдардың барлығы Ұлы Жаратушы Алланы жоққа шығаруда. Ақиқатында Алланың жоқ болуы мүмкін емес әрі өздігінен болуы керек. Ол тек біреу ғана болуы тиіс. Мәселен, құдай екеу болатын болса, бірі жаратылыстың тірі болуын, екіншісі өлуін қалаған жағдайда екеуінің де қалауы орындалады немесе біреуінікі ғана орындалып, екіншісінің қалауы орындалмайды. Бір мезетте екеуінің де қалауының бірдей орындалуы мүмкін емес. Егер бірінікі орындалып, екіншісінікі орындалмай қалса, қалауы орындалмағаны жеңіліс тапқан саналады. Өзінің қалауын орындай алмай, жеңілген ешқашан құдай бола алмайды.

Осы тұста «Құдайлардың бірі екіншісінің бір нәрсенің бойына тіршілік сыйлауды қалағаныналдыналабіліпалып, өзара келісімге келуі мүмкін ғой. Сөйтіп, бір-біріне қарсы келмесе ше? Сіздердің сүйенген негіздеріңіз бойынша да бір нәрсені қалау үшін оны білу керек емес пе?» деген сұрақ туындаса, жауабы мынадай болмақ: Екі құдай арасындағы

²⁶ Әһлі сүннет ғалымдары, дұрыс сенімдегілер.

²⁷ Ортағасырдағы астрономиялық әрі философиялық тұжырым иелері.

²⁸ Сатурн, қоңырқай жұлдызы – ежелгі Рим мифологиясындағы егіншілік құдайы.

²⁹ Есекқырған ғаламшары (Юпитер). Ежелгі Рим мифологиясындағы жоғарғы құдай.

³⁰ Қызылжұлдыз (Марс). Соғыс құдайы.

³¹ Шолпан – ежелгі Рим мифологиясында махаббат пен сұлулық құдайы.

³² Болпан ғаламшары (Меркурий) – ақылдылық пен шешендік құдайы.

бұл келісім – мәжбүрлі немесе ерікті түрде жүзеге асуы мүмкін. Егер «мәжбүрлі түрде» десеніз, құдайлардың әрқайсысы екіншісімен келісуге мәжбүр болады. Бұл екеуінің де әлсіздігі мен қауқарсыздығын көрсетеді. Ал, «ерікті түрде» десеніз, басқа мәселелерде қайшылықтар туындауы мүмкін. Қалау еркі өзінде болғандықтан, мәселе жоғарыда аталған ықтималдықтарға қайта айналып келеді.

Ал «Бір нәрсені қалау оны білуді қажет етпей ме?» деген сұрақтың жауабына келсек: Біздің көзқарасымыз бойынша, қалау (الإرادة) – тек білуді емес орындалуды да қатар білдіреді. Себебі, бір нәрсені білу мен оны қалау – екі бөлек нәрсе. Мысалы Алла Тағаланың **Заты** (Өзіндік болмысы, өзі) мен сипаттары Өзіне мәлім болғанымен, Оның қалау шеңберіне кірмейді. Сондай-ақ, жоқ нәрсе де дәл солай. Егер жоқ нәрсе жаратылатын болса, қалай жаратылатындығы Аллаға мәлім. Бірақ, Алла қаламағандықтан жоқ күйінде қалады.

Нұр мен қараңғылық құдайына сенетіндерге былай дейміз: Қараңғылықтың хадис, яғни кейіннен жаратылғандығына қатысты көзқарастарыңыздың біздің көзқараспен үйлесетіндігін ескере отырып: «Оның пайда болуы өздігінен бе, әлде нұрдың жаратуы арқылы ма?» деп сұрақ қоялық. Егер «өздігінен» десеніз, бір нәрсенің жаратушысыз өздігінен пайда болатындығын мойындағаныңыз. Ал «Нұрдың жаратуы арқылы» десеніз, жамандықты жаратпайтын нұр, барлық жамандық пен жауыздықтың көзі саналатын қараңғылықты жаратқан болып шығады.

Үш құдайға сенгендердің көзқарасы да – мүлде дұрыс емес. Өйткені, Құдай ұғымын үшке бөлуде не рационалдық, не діни дәлелге сүйенбейді. Сондай-ақ, Құдайдың затын «білім» және «тірі болу» деген сипаттарымен бірге үшеу деп есептейді. Осыған салсақ, құдірет пен қалау сипаттарын қосып бесеу, есту мен көру сипаттарын қосып жетеу деп, басқа да көптеген сипаттарымен санын одан да көбейте беруге болады дейміз бе сонда? Ал, Мариямді – «Құдайдың әйелі», «Иса (ғ.с.) – оның баласы» деп сенетін христиандардың сенімі тіптен сорақы. Себебі, бұл – құдайды мұқтаж деп санап, бөлініп, бөлшектенетіндігін мойындау болып табылады. Мұндай қасиеттер жаратылғандықтың белгілеріне жатады.

Натуралистерге келсек, ыстық, суық, ылғалдық пен құрғақтық – мұның бәрі өздігінен бола алмайтын тұрақсыз әрі басқа заттарға тәуелді **ағраздар**. Олар кез-келген сәтте бар әрі жоқ болуы мүмкін. Ал бұлардың болуын қамтамасыз ететін ағандар – хадис (кейіннен жаратылған). Демек бұлар да жаратылған әрі бір жаратушыға мұқтаж деген сөз.

Ал мұнажжимдердің³³ (эфлакилар) ұстанымдарына былай деп жауап береміз: «Сендердің көзқарастарың бойынша, аталған жұлдыздардың барлығы айналуға. Бір орыннан екінші бір орынға ауысып, үнемі қозғалуда. Бір күйден екінші күйге өзгеріп, бақыт немесе бақытсыздыққа жол ашуда, тұтылады, жанады, сөнеді, шығады, батады. Осылайша ұдайы өзгеріске ұшырайды. Осының бәрі олардың басқа бір күш арқылы басқарылып, меңгеріліп тұрғандығын көрсетеді. Олай болса, жаратушы – бәрін басқарушы әрі үстемдік етуші жалғыз Алла Тағала ғана.

³³ Жұлдыздарға сенушілер (астролог)

1.3. Алланың жаратылыстарға тән ерекшеліктерден пәктігі

Әлемнің жаратушысының «жисім», «жауһар», «ағраз», белгілі бір бейнеде немесе формада, белгілі бір орын мен тарапта болуы мүмкін емес. Яһудилер мен кейбір шектен шыққан рафизилер, мұшаббиһа және каррамия ағымдары Алланы бір «дене» деп есептейді.

Хишам ибн әл-Хакам³⁴ оның бейнесін суреттесе, мұшаббиһа мен каррамия ағымдары Аршының үстінде орналасқан деп есептеді. Кейбіреулер «Ол Аршының үстінде. Бірақ, белгілі бір орында орналасу мағынасында емес» деп, «үстінде» деген «тараптық» (бір жақта, тарапта деп сену) ұғымды қабылдаған. Нажжария ағымы «Ол өз затымен барлық жерде» десе, мұғтазила ағымы «Затымен емес, ілімімен барлық жерде» деп есептеген.

Аталған көзқарастар – түгелімен қате. Себебі, бұлардың бәрінде жаратылысқа тән белгілер бар. Ал, ондай белгілер Ұлы Аллаға тән емес. Өйткені, кез-келген дене жауһарлардан (атомдардан) құралады. Ал, жауһарлардан құралған нәрсе міндетті түрде бөлшектерге бөлінеді әрі оның белгілі дәрежеде көлемі болады. Оның көлемі үлкен немесе кіші болуы мүмкін. Сондықтан, тұрақты бір көлем иеленуі оны осылай етіп жаратқан бір күштің болуын қажет етеді. Жаратылыстардың формасы мен бейнесі әртүрлі екені мәлім. Алла Тағаланың қандайда бір формаға немесе бейнеге енуі мүмкін емес. Ал ондай бейнеге ену құбылысы сондай түрге ендірушінің күшімен ғана жүзеге аспақ.

Алла Тағаланы «Аршының үстінде орналасқан» деген көзқарас та – дәл солай, қате тұжырым. «Аршының үстінде» деген жағдайда Алла Аршының көлемінен кішкентай немесе үлкен, не оған тең келуі қажет. Аршының көлемінен кіші немесе тең деп есептелсе, шет-шегі белгілі, шектеулі болып қалады. Шет-шегі белгілі болу – жаратылысқа тән сипат. Алла Аршыдан үлкен деп санаған жағдайда, Аршының үстінде тұрған бөлігі Аршымен бірдей болады да бөліктерге бөлінетіндігін көрсетеді. Бұл да жоғарыда айтқандай жаратылысқа тән сипат саналады. Тағы бір айта кететін нәрсе, Алла Аршының үстінде деген жағдайда, оның төменгі жағы аршымен шектеледі. Бір жағы шектеулі заттың басқа жағы да шектеулі болады. Алла Тағала ежелден-ақ орын мен тараптан пәк. Өйткені, Алладан басқа нәрсенің барлығы кейіннен пайда болған жаратылыстар екендігіне қатысты арамызда ешқандай қайшылық жоқ. (Егер олардың айтқанын дұрыс десек) өз кезегінде бұл ежелде болмаған орын мен тарап деген ұғымдарды Алланың затына таңуға алып барады. Осылайша Ол **хадистерге**, яғни кейіннен жаратылған нәрселерге жайғасқан болып қалады. Бұл – әрине мүмкін емес.

Алла Тағаланың:

(الرَّحْمَنُ عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوَى)

³⁴ Хишам ибн әл-Хакам – Әбу Мұхаммад әл-Куфи. Кәләмші әрі талас-тартысқа құмарлығымен танылған, өз кезіндегі имафия ағымының көсемі саналған. 805 (190) жылдары қайтыс болған (әл-Ағлам, IX-том, 82-б.).

«**Рақымды Алла Аршыға «истауа» жасады**»³⁵ деген аятының түрлі мағыналары бар. Өйткені, «истауа» сөзі – кейде «қамту», «меңгеру», «басқару», билеу» деген мағыналарды білдірсе, кейде «көздеу», «бағытталу», «кемелдену», «тұрақтау» және «орналасу» деген мағыналарды да білдіреді. Осындай ықтималды мағыналарына орай, мушаббиха және каррамия ағымдарының «орналасу» деген мағынаны алып, «Алла Аршының үстіне орналасты» деп есептеулерінің ешқандай негізі жоқ. Аяттың дәл осы мағынаны білдіретіндігіне қатысты қандай да бір нақты нұсқау жоқ. Ендігі мәселе біздің қандай мағынасын алатындығымызда. Бұл аятта Алла Тағала «Рахман аршыға истауа қылды» деу арқылы өзін дәріптеп тұрғандығы анық. Бұл сөз адамды мақтауға қатысты қолданылған жағдайда, «орналасты, тұрақтады» деген мағынаға келмейтіндігі мәлім. Мысалы мына өлең жолында «билік жүргізді» деген мағынада келген:

قَدْ اسْتَوَى بِشِرِّ عَلَى الْعِرَاقِ
مِنْ غَيْرِ سَيْفٍ وَدَمٍ مُهْرَاقِ

Қылыш көтермей, қан төкпей,

Жүргізді билігін Бишр Иракта³⁶.

Демек бір адамды мақтау – басқалардан ерекше көрінетін, басқалардан оза шапқан бір қасиетін айтып даралау деген сөз. Егер дәл өлең жолындағы «истауа» сөзін «орналасты, жайғасты» деген мағынада алар болсақ, басқа қарапайым адамдардан артықшылығы байқалмай, айтарлықтай мақтаулы сөз болмай қалар еді.

Нажжарилардың «Алла Тағала затымен барлық жерде» деген көзқарастары да – мүлдем қате. Өйткені, белгілі бір орын иеленетін денелер бір уақытта екі түрлі мекенде бола алмайды. Ендеше орын иеленуден пәк (пішіні мен бейнесі жоқ) Алланы барлық жерде деу мүмкін емес.

«Алла затымен емес, ілімімен барлық жерде» дейтін мұғтазилиттердің де сенімі дұрыс емес. Өйткені, белгілі бір орынды жақсы біліп тұрған адамды «ол қазір ілімімен сол жерде» деу әсте дұрыс емес.

Ал, Алланы бір тарапта деп есептейтіндердің көзқарасы да – түп-тамырымен қате. Себебі, бұл көзқарас бойынша, Алла жоғары жақтан басқа жақта болуы мүмкін емес. Ал Оған «үстіңгі жақта» деп мекен белгілеу, Оны сол орынды тағайындаушыға тәуелді етеді. Қандай да бір нәрсенің екінші жағында тұрған зат пен сол нәрсенің арасында белгілі бір арақашықтық болады. Негізінде бұл арақашықтықтың ұзын немесе қысқа болуы да мүмкін. Демек қашықтықтардың әр түрлі келуі мүмкін екендігін ескерсек, бар және белгіленген арақашықтықты белгілейтін бір күшке қажеттілік бар деген сөз.

Сондай-ақ, тарап тұрғысынан алғанда бір нәрсенің жоғары тұруы оның мадақтаулы екендігін көрсетпейді. Мысалы, сұлтанның қорғаушысы көбінесе оның үстінен қарап тұрады. Бірақ, билік пен басқарушылық жағынан сұлтан қорғаушыдан қанша есе жоғары екендігі мәлім. Мына:

(وَهُوَ الْقَاهِرُ فَوْقَ عِبَادِهِ)

«**Ол құлдарының «үстінде» ерекше өктем күдірет иесі**» (яғни «Ол құлдарын

³⁵ «Таһа» сүресі, 5-аят.

³⁶ Ибн Аббадтың айтуынша Бишр ибн Маруан туралы айтылған бұл дастанның авторы әйгілі ақын Байыс деп есептелсе, әл-Жауһаридың пікірінше Ахталдікі болуы мүмкін.

Өзіне толық бағындырушы»)»³⁷ деген аят та осы мағынада айтылса керек.

Ал тілек тілеп, алақан жайғанда қолдардың жоғары қаратылуына келсек, бұл – сәждеде маңдайды жерге тигізу, құбылаға қарап намаз оқу секілді құлшылық пен бойсұнушылықтың бір нышаны ғана³⁸.

Мұжассима мен мұшаббиха ағымдарының тура мағынасын дәлел ретінде алатын кейбір мұташабиһ аяттар мен деректер де жоқ емес. Әһлі сүннеттің бұл тұрғыда екі түрлі ұстанымы бар:

Біріншісі – мұндай аят-хадистерді растай отырып, сол күйі қабылдап, «мағынасын Алла біледі» деп есептеу және ұлылығына лайық емес сипаттаулардан Алланы пәктеу. Бұл – сәлаф ас-салихтың (Алла олардан разы болсын) ұстанымы.

Екіншісі – мұташабиһ аят-хадистерді қабылдаумен қатар, Алланың затына лайықты әрі араб тілінің ережелеріне сай келетін тәуилге (жорамалдауға) жүгіну. Әрі жасалған тәуилді «Алланың айтқысы келгені осы мағына» деп кесіп айтпау. Бұл – халафтардың ұстанымы. Сәлаф ұстанған тәсіл сенімді болса, халафтың ұстанған бағыты тіптен бекем әрі қолданысқа жақсырақ.

Жетістікке жеткізуші – бір Алла ғана!

1.4. Алланың сипаттары

Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша, Алла Тағала кемелдікті білдіретін сипаттармен ғана сипатталады. Кемшілік, әлсіздік және баянсыздықты білдіретін сипаттардан пәк. Оның сипаттары кейіннен туындап, жоқ болып кететін ағраздар секілді емес. Керісінше Алланың затымен қоса ежелден бері бар, мәңгі жалғасын табатын сипаттар. Бұл сипаттарының ешқайсысы жаратылыстардың сипаттары мен ерекшеліктеріне ұқсамайды. Оның – Хайй (үнемі тірі), Алим (білуші), Қадир (күшкүдіреті жетуші), Сәмиғ (естуші), Басир (көруші), Мурид (қалаушы) және Мутакаллим (сөйлеуші) секілді сипаттары бар. Бұл сипаттарды етістіктің түбір сөздерімен «Хаят, Илм, Қудра, Самғ, Басар, Ирада, Кәләм» деп қолдануға да болады.

Батинилер мен ислам философтары «Алла Тағала шынайы мағынада Хайй, Алим, Қадир...емес. Алланы жаратылыстарға тән сипаттармен сипаттауға болмайды» деп санайды.

Мұғтазилиттер Алла Тағаланың Хайй, Алим, Қадир, Сәмиғ (естуші), Басир, Мурид және Мутакаллим секілді (анықтауыш формасында келген) сипаттарын растағанымен, сонымен қатар «хаят», «илм»... деп түбір сөз формасында келген сипаттарын мойындамайды әрі Алланың затымен бірге болатындығын жоққа шығарады. Алайда «Кәләм, Ирада, Фиғл сипаттары бар. Бірақ, бұлар кейіннен жаратылған және Алланың

³⁷ «әл-Анғам» сүресі, 18-аят.

³⁸ Тілек тілегенде аспанға қаратып алақан жаю намазда құбылаға бет бұру секілді. Сәждеге бас қою, жүзімізді құбылаға қарату, қолымызды көкке қарай жаю «Құдай сол жақта» дегенді білдірмейді.

затымен бірге емес» деп сенеді³⁹.

Ал ашғарилар, Алланың сипаттарын «зати» және «фиғли» деп екіге бөледі. «Зати сипаттар – қадим әрі Алланың затымен бірге бар» десе, фиғли сипаттарды «хадис әрі Алланың затымен бірге емес» деп есептейді. Ашғарилердің бұл көзқарастарына байланысты «тәкуин және мукаууан» тақырыбында арнайы тоқталатын боламыз.

Алла Тағаланың сипаттарына байланысты біздің көзқарасымыздың дұрыстығына келер болсақ, мұны Алланың көркем есімдері нақтылайды. Алла Тағала Құран Кәрімде осы есімдермен өзін мадақтап, сол есімдері арқылы құлдарына өзін танытқан. Ұлы Алла Тағала былай дейді:

(هُوَ الْحَيُّ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ)

«Ол – мәңгі тірі, Одан басқа ешбір тәңір жоқ»⁴⁰,

(وَهُوَ الْعَلِيمُ الْحَكِيمُ)

«Ол – барлық нәрсені білуші, асқан дана»⁴¹,

(وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ)

«Ол – барлық нәрсеге құдіреті жетуші»⁴²,

(وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ)

«Ол анық естіп, көруші»⁴³,

(هُوَ اللَّهُ الْخَالِقُ الْبَارِئُ الْمُصَوِّرُ)

«Ол – жаратушы әрі бар етуші. (Әр нәрсеге) Түр-бейне беретін де сол Алла»⁴⁴.

Осы мәндес басқа да аяттар бар.

Ойымызды ары қарай сабақтай түсейік. Алла Тағала күдік тудырмайтындай ап-айқын түрде өзін «Хайи, Алим, Қадир...» деп атады әрі бұл атаулар – араб тілінің заңдылықтарына сай белгілі мағыналарды білдіретін түбірден туындаған сөздер. Олай болса, бұл есімдер бір нәрсеге қатысты қолданылғанда тек сол затты таныту үшін емес, осы сөздердің түбірі болып есептелетін «хаят, илм...» деген ұғымдардың да сол нәрсенің бойында болатындығын білдіреді. Егер хаят, илм секілді мағыналар Алланың затымен бірге емес десек, онда жоғарыдағы аяттарда бұл есімдер шынайы мағынада

³⁹ Әһлі сүннеттің Алла Тағалаға теліген субути сипаттарын мұғтазилитер екі топқа бөлген. Біріші топқа формасы тұрғысынан сипатты білдіретін «Хайи, Алим, Қадир» секілді сөздер жатады. Мұғтазилиттер мұндай сипаттарды «сифат әл-мағнауия» деп атап, Аллаға телуге рұқсат деп санаған. Ал екінші топқа осы сипаттардың түбірлерін білдіретін «Хаят, Илм, Құдірет» секілді сөздерді жатқызған. Мұғтазилиттер бұл сипаттарды Алла Тағалаға телімейді. Олар «Алла – Алим (Білуші)» деп айтқанымен «Алла-ілім иесі» деу дұрыс емес дейді. Олардың ойынша «Алла – Алим» деген кезде Оның заты мен сипатын қатар елестетеміз. Бұл жағдайда сипат заттан бөлек саналмайды. Ал «Ілім иесі» деген кезде оның затынан бөлек басқа бір «ілім» деген сипат қосқан боламыз. Бұл жағдайда Алланың сипаты ретінде қабылдайтын мұндай мағына Оның заты секілді қадим саналады. Бұл – Алланың затынан бөлек Оған басқа да қадим сипаттарды қосу деген сөз және бұл қадимдердің көбеюіне алып барады. Мұндай көзқарас ислам дінінің таухид ұстанымына қайшы келеді деп есептейді.

⁴⁰ «Мумин» сүресі, 65-аят.

⁴¹ «Тахрим» сүресі, 2-аят.

⁴² «Маида» сүресі, 120-аят.

⁴³ «Шура» сүресі, 11-аят.

⁴⁴ «Хашр» сүресі, 24-аят.

емес, тек қана мадақтайтын лақаб ат ретінде немесе атау ретінде⁴⁵ ғана айтылған деп есептеуге болар еді. Бұлай деу – әрине дұрыс емес.

Сұрақ: Егер бұл (هذه المعاني) **маани сипаттарды**⁴⁶ Алланың затына қосымша ретінде қосар болсақ (естуі де, сөйлеуі де... ежелден бар десек), ежелден бар сипаттарды көбейту арқылы таухид ұстанымына қайшы келген болмаймыз ба?

Жауап: Хайи, Алим секілді түбірден туындаған есімдердің шынайы түрде бір нәрсеге атау ретінде берілуі осы сөздердің түбірі болып саналатын «хаят», «илм» секілді мағыналардың да сол затта бар екендігін білдіретінін айттық. Сол түбір сөздерден туындаған сөздермен Алла Тағала сипатталып отыр. Демек бұл **маани** сипаттар да Аллада бар деген сөз. Ал «бірден көп мәңгі нәрселер бар» деген мәселеге келсек, мұндай түсінік «Сипаттар Алланың затынан бөлек» деп санаудан туындайды. Ал біз «Алланың заты мен сипаты бөлек» деп айтпаймыз. Сондықтан, кім Алланың заты мен сипаты бөлек десе, мәселені сол түсіндіріп берсін.

Сонымен қатар, міндетімізге кірмесе де, мына бір мәселеге тоқтала кетейік. Алла Тағаланың сипаттары – мұғтазилиттердің айтқанындай, затының нақ өзі емес. Каррамия ағымының өкілдері айтқандай, затынан бөлек те емес. Керісінше, оның сипаттарының әрқайсысы затының өзі де емес, одан бөлек те емес. Сондай-ақ, әр сипаттың бір-біріне қатынасы да сол секілді, яғни сипаттар да бір-бірімен бірге де емес, не бөлек те емес. Өйткені екі нәрсенің бір-бірінен бөлек болуы дегеніміз – біреуі жоқ кезде екіншісі бола беретін екі түрлі нәрсенің бар екенін білдіреді. Ал мұндай ұғымның Алла Тағала мен заты арасында немесе бір сипаты мен екінші бір сипаты арасында болуы мүмкін емес. Демек олар бір-бірімен бірге немесе бөлек те емес. Бұл 10 санының ішіндегі 1 секілді. 1 саны онның дәл өзі де емес одан бөлек нәрсе де емес. Ал жаратылған заттардың сипаттары бұған ұқсамайды. Мұндай сипаттар болмаған күннің өзінде ол зат бола береді. Сондықтан да жаратылған сипаттар сол заттың өзінен бөлек бола алады.

Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша Алла Тағаланың тек Өзіне ғана мәлім басқа сипаттарының да болуы әбден мүмкін. Алланың есімдері де⁴⁷ осы секілді. Ал Мұғтазилиттер бұған қарсы. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде:

(أَنَا أَعْلَمُكُمْ بِاللَّهِ وَأَخْشَاكُمْ لَهُ)

«Араларыңда Алланы ең жақсы білетін әрі одан көбірек қорқатын адам – менмін»⁴⁸, десе, тағы бір хадисінде:

⁴⁵ Мәселен адам атын білдіретін жалқы атаулардың мағынасы нақты сол адамның өзін білдірмейді. Оларға таңылған қосымша лақабтардағы атаулардың сөздік мағынасына назар аударылғанымен мадақтау мақсатында қолданылған лақаб сөздер ол адамның нақты өзі деген сөз емес. Демек Құран аяттарында Алла Тағалаға қатысты қолданылған «Хайи, Алим» секілді атаулардың түбір сөздері саналатын «хаят, илм» ұғымдарын Оған телімесек, «Хайи» және т.с.секілді есім-сипаттар Аллаға жәй әншейін таңылған және мақтау үшін ғана қолданылған сөздер болып қалады. Бұл әрине дұрыс емес.

⁴⁶ Хаят, Илм, Құдырет секілді есімдік формасында келген сипаттар (Мұғтазилиттер мұндай сипаттарды Алла Тағалаға телуден сақтанған)

⁴⁷ Алла Тағала жайлы сипат формасында келген «хайи, алим» секілді сөздер «әл-Әсма әл-хусна» (Алланың көркем есімдері) оның тысында түбір немесе егістік түрінде келген сөздер «сифат әл-иләһия» (Иләһи сипаттар) деп аталған (Қараңыз: Бәйхақи. Әл-Әсмә уә әс-сифат, 110-111-б)

⁴⁸ Бұхари, әл-Иман 13.

(أَسْأَلُكَ بِكُلِّ اسْمٍ هُوَ لَكَ سَمِّيَتْ بِهِ نَفْسُكَ أَوْ أُنزِلَتْهُ فِي كِتَابِكَ أَوْ عَلَّمْتَهُ أَحَدًا مِنْ خَلْقِكَ أَوْ اسْتَأْذَنْتَ بِهِ فِي عِلْمِ الْغَيْبِ عِنْدَكَ)

«Уа, Аллам! Өзіңді солай сипаттап, Құранда айтқан немесе жаратқандарыңның біріне үйреткен немесе Өзіңе ғана мәлім есімдеріңмен, Саған тән барлық есімдеріңмен Сенен тілеймін!»⁴⁹ деген.

Дегенмен, Алла Тағаланы жалпылама түрде барлық кемел сипаттармен сипаттауымыз – оны шынайы танитындығымызды көрсетеді.

«Алланың сипаттары затына кірігіп кетті», «Заты – сипаттары орналасатын орын» деу – дұрыс емес. Өйткені, «кірігу» (хулул) деген сөз – бір нәрседен екінші бір нәрсеге өту, көшу деген мағыналарды білдіреді. Ал Алланың сипаттарына бір жерден екінші бір жерге өту, яки ауысу тән емес. Хулул сөзі жаратылыстарға қатысты астарлы мағынада ғана қолданылуы мүмкін. Бұл сөзді Алла Тағалаға қатысты қолдануға мүлде болмайды. Тек қана «Сипаттары (қадим) ежелден затында (қаим) бар» деп айтуға болады. Ашғарилар «сипаттары затымен бірге бар» деп те айтады.

«Оның сипаттары өзімен бірге» немесе «оған жақын», «оның ішінде» деген сөздер де – қате. Тіпті, кейбір ғалымдарымыз (Алла оларды рақымына бөлесін) «Алла біліммен білуші» деген секілді сөздерді айтудан да барынша сақ болған. Себебі, «білім» Алланың білуі үшін бір құрал болмауы керек деп есептейді. Оның орнына «Ол білуші», «Оның білімі бар. Ол ежелден солай» деп айтқан.

Тура жолдан тайдырмау бір Алланың қолында.

⁴⁹ Ахмад ибн Ханбал, Мүснад, I/391.

1.5. Есімдер мен есімделуші⁵⁰ (Исм және мусамма)

Әһлі сүннет ғалымдарының айтуы бойынша, есім мен сол есімді иеленуші – екеуі бір нәрсе. Жаһмия, мұғтазила және каррамия ағымдары «есім мен оны иеленуші: екі бөлек» дейді. Ашғарилердің кейбіреулері: «Есімдер – атаудан (тәсмия, атау) да, аталушыдан (мусамма, аталған) да басқа нәрсе» деп есептесе, тағы бір тобы: «есімдер үш түрлі болады. Біріншісі – атағанның өзін, екінші түрі – аталушыдан бөлек нәрсені білдіреді. Үшіншісі – аталушыны да, одан бөлек нәрсені де білдірмейді» дегенді айтады. Кәлам ғалымдарының барлығы атаудың аталушыдан бөлек екендігін мақұлдайды. Өйткені, атау – сол есімді айтушы арқылы көрініс табады⁵¹.

Бұл тұрғыда ең дұрысы – біздің көзқарасымыз деп білеміз. Себебі, «Алла» деп айтқан адамды «Алланы еске алды» деуге де, «Алланың атын еске алды» деуге де болады. Егер Алланың есімі мен Алланың заты бір болмағанда, бұл екі сөзді де дұрыс деп есептемеуге болар еді. Бұл ақиқатты Алла Тағаланың мына аяты да айқындай түспек:

(فَسَبِّحْ بِاسْمِ رَبِّكَ الْعَظِيمِ)

«Шексіз ұлылық иесі Жаратушының есімін ұлықта!»⁵². Біз намаздағы руқұтта «Ұлы Раббымды ұлықтаймын» дейміз. Сондай-ақ, араб тілді қауымдар тілді осылай қолданған. Ақын-жыраулары былай деген:

إِلَى الْخَوْلِ ثُمَّ اسْمُ السَّلَامِ عَلَيْنَا
وَمَنْ يَبْكُ حَوْلًا كَامِلًا فَقَدْ اعْتَدَرَ

Бір жылға дейін...сосын, сәлем аты сіздерге

Жыл бойы көз жасын көлдеткен, айыптаудан құтылар⁵³.

Бұл арадағы «сәлем аты сіздерге» деген сөз – «сәлем сіздерге» дегенді білдіріп тұр.

Мысалы, бір кісінің әйелінің аты «Зейнеп» делік. Ол: «Зейнеп талақ болсын» десе, талақ ету әйелдің атына емес, өзіне түседі. Кейде есім аталғанымен есімдеу (тәсмия)

⁵⁰ Бұл тақырып осыдан бұрын айтылған «Алланың сипаттары» деген тақырыптың жалғасы. Есім дегеніміз – бір нәрсенің сөзбен белгіленген аты, атауы. Есімделуші (мусамма) – атау берілген заттың өзі. Есімдеу (тәсмия) – оның мәнін білдіретін бір атаумен атау. Ат қою.

⁵¹ Бұл мәселе «Алланың есімдері кейіннен жаратылған нәрсе ме, жоқ ежелден бар ма?» деген сұраққа байланысты туындайды. «Есімдер Алладан бөлек» деушілер Алланың есімдерінің хадис екендігін алға тартса, үшке бөлетіндер бір бөлігін хадис, бір бөлігін қадим деп есептеген болады. Есім мен мусамма бір нәрсе деушілер, есімдерді қадим деп санайды. Бұл жерде мынаны дұрыс түсініп алу қажет, Бір адам «Алла» деп айтса, бұл – адамның өзі осы сөзді айтуы нәтижесінде пайда болған бір атау. Ал, бұл атау – есім мен есімделушіден бөлек әріптер мен дыбыстардан ғана тұрады. Мәселе мынада «Алла» деп Алланы еске алғанда адам Алланың өзін еске алған бола ма, жоқ Алладан басқа нәрсені еске алған бола ма? Есімдерді Алладан басқа нәрсе деп есептегендер «Алланы емес, Алладан басқа нәрсені еске алған болады. Өйткені, ол тек атын атады, ал аты оның өзінен бөлек» дейді (әл-Кифая).

⁵² «Уақиға» сүресі, 96-аят. Бір риуаятта «мұны руқұтта айтыңыздар» делінген. Негізінде тәсбих тек Аллаға ғана тән. Олай болса, Алла мен оның есімі бір деген сөз.

⁵³ Бұл – әйгілі ақын Ләбиб ибн Рабиғаның екі қызына арнап жазған өлең жолдары (Шарх диуани Ләбиб ибн Рабиға әл-Әмири, 212-бет).

көзделуі мүмкін. Ал, мұндай жағдайда есім – есімделушінің өзін білдірмейді. Мысалы «атың кім?» деген сұраққа «атым Мұхаммед» деп жауап бересің. Ал, заттарға «не?» деген сұрақ қойылса, адамға «кім?» деген сұрақ қойылады да «Мұхаммед кім?» деп сұрағанда «Мұхаммед менің атым» деп емес, «Мұхаммед менмін» деп жауап бересің. Бұл да (логикалық тұрғыдан) біздің көзқарасымыздың дұрыстығын айқындай түспек.

1.6. Алланың теңдесі мен ұқсасы жоқ

Біз бұған дейін жоққа шығарушыларға жауап беру үшін, Алла Тағаланың кемел сипаттарын нақты дәлелдедік. Ендігі кезекте дұрыс көзқарас пен тура жолды айқындау үшін мұшаббиха (Алланы жаратылысқа ұқсатушы антропоморфистер) ағымдарға жауап беру мақсатында Алланың теңдесі жоқ екендігін және оны ешнәрсеге ұқсатуға болмайтындығын түсіндіруіміз керек.

Алла Тағаланың теңдесі жоқ әрі ешқандай нәрсе оған ұқсамайтындығын және кемел сипаттарға ие екендігін мына аят айқындайды:

(لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ)

«Оған ұқсас еш нәрсе жоқ. Ол естуші әрі көруші»⁵⁴. Бұл аятта Алла Тағала «Оған ұқсайтын еш нәрсе жоқ» деу арқылы барлық ұқсатуларға тыйым салса, «Ол естуші әрі көруші» деу арқылы сипаттарының бар екендігін нақты баяндаған.

Бұл тақырыпқа байланысты қайшылықтар жаратушы мен жаратылыстың арасындағы ұқсастықтың қалай жүзеге асатындығына қатысты туындайды. Ислам философтары мен батинилер және Жаһм ибн Сафуан бастаған ағым өкілдері: «Алланы жаратылысқа ұқсатуға – қандай да бір ортақ сипатпен сипаттау немесе жаратылысқа тән атаумен атаудың өзі әбден жеткілікті» дейді. Олар Алла мен жаратылыс арасындағы ұқсастыққа жол бермеу үшін «Ол – бар, нәрсе, тірі, білуші, күші жетуші» деп айтудың өзі дұрыс емес деп есептеген. Бұл көзқарас әрине дұрыс емес. Егер осындай ортақ сипаттаулардан ұқсастық туындағанда, тіл мамандары заттарды «бір-біріне қарама-қайшы», «бір-біріне сай келмейтін», «бір түрдегі», «ұқсас» заттар деп бөлмес еді. Ендеше, жаратылыстың ортақ қасиеті «бар болу» болғандықтан бәрі бірдей болуы қажет (өйткені, жаратылыстарда ортақ қасиеттер көп-ақ). Әлсіздік күштілікпен, тыныш күйдегі зат қозғалыстағымен, тәтті зат ащы умен тең деп есептелуі керек еді. Ал, бұл ақылды адамның айтатын сөзі болмаса керек.

Мұғтазила ағымы «Кез-келген заттың ең негізгі қасиетінде кездесетін ұқсастықты әрі жаратушыға, әрі жаратылысқа тану арқылы ұқсастық пайда болады. Мысалы адамның бойындағы білімнің үш түрлі ерекшелігі мен сипаты бар. Олар – бар болуы, ағраз болуы және білім». Осылардың ішіндегі «бар болу» – білімнің жалпыға бірдей сипаты. «Ағраз болуы» орташа сипаты. «білім болуы» оның ең айырықша сипаты. Алла мен жаратылыстың білімі арасындағы ұқсастық оның бар болу немесе ағраз болу қасиетінде емес, ең негізгі қасиеті саналатын білімде жатыр», дейді. Міне сондықтан да, мұғтазила

⁵⁴ «Шура» сүресі, 11-аят.

ағымының өкілдері жаратушыны жаратылысқа ұқсатуға жол бермеу үшін, Аллаға «білім» (علم) деген сипат беруден бас тартқан. Бұл көзқарас та дұрыс емес. Себебі, бір адамның он батпан жүкті көтере алатындай күшін, жүз батпан жүкті көтере алатын екінші бір адамның күшімен салыстырсақ, негізгі сипаттары ортақ болғанымен бір-біріне ұқсамайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, ұқсастық барлық ерекшеліктері мен қасиеттерді қамту тұрғысынан ғана орын алады. Мысалы, екі заттың барлық ерекшеліктері мен қасиеттері ұқсас болып, бір сипаты (қасиеті) сәйкес келмесе, арасында ұқсастық туындамайды. Адамдарға тән «білімділік» қасиет – бар, ағраз, сипат, білім, кейіннен пайда болған, бар болуы жаиз⁵⁵, сәт сайын жаңаланып отыратын нәрсе. Ал, Алла Тағалаға қатысты білім сипаты – бар, ол – сипат, ежелден бар (бастауы жоқ), бар болуы міндетті (яғни жоқ болуы мүмкін емес), мәңгі болатын сипат. Міне бұл білім қай жағынан алсақ та жаратылыстың іліміне ұқсамайды.

Біздің (матуридилердің) көзқарасымыз бойынша, екі нәрсенің ұқсас болуының өлшемі – бірінде болатын сипаттың екіншісінде де орын алуының мүмкін екендігі. (Ашғарилардың көзқарсы бойынша) «Ұқсатудың өлшемі –бірінің орнын екіншісі баса білуі» деп те айтылады. Ал мұндай ұқсастық Алланың сипаттары мен жаратылыстарға тән ерекшеліктер арасында орын алуы мүмкін емес. Демек, аталған екі сипат бір-бірінің ұқсасы бола алмайды.

Дұрыс жолға бастаушы – бір Алла ғана!

1.7. Алла Тағаланың кәләм сипатының ежелден болуы

Әһлі сүннет ғалымдары: «Алла Тағала ежелден бар әрі мәңгілік кәләм сипатымен сөйлейді. Кәләм оның затында бар болып, затының өзі де емес, одан бөлек те емес. Жоғалып та кетпейді. Кәләм сипаты әріптер мен дыбыстардан құралмайды. Бөлшектер мен бөлімдерге де бөлінуі мүмкін емес» дейді.

Мұғтазила ғалымдарының көпшілігі Алла Тағаланың ежелден мұтакаллим (сөйлеуші) болмағандығын, сөйлеу қасиетін өзі жаратып, сол арқылы сөйлегендігін, сондықтан оның кәләмін кейіннен жаратылған деп есептеп, затына тән емес деп тапқан. Бірақ, бұл туралы ғалымдарының арасында түрліше қайшылықтар туындаған. Кейбіреулері: «Алла Тағаланың кәләмі – дыбыстар мен әріптерден тұрады. Бірақ, бұл әріптер мен дыбыстарды айтатын орында (мәселен, Жәбірейілдің уахиді пайғамбардың көкейіне салуы арқылы) жарату арқылы мұтакаллим болады» десе, тағы бір тобы: «Оның кәләмі әріптер мен таңбалардан тұрады. Сол әріптерді ләухы-махфузда⁵⁶ жарату арқылы мұтакаллим сипатын иеленеді» деген.

⁵⁵ Бар болуы да, жоқ боуы да ықтималды нәрсе.

⁵⁶ Күллі жаратылыс атаулыға байланысты болған және болатын істердің барлығы тегіс алдын ала жазылып қойылған тағдыр кітабы.

Кейбір ғалымдар: «Алла Тағаланың кәләм сипаты бар екендігіне жүрекпен сеніп, тілмен бекітіп айтамыз. Бірақ, оның хадис немесе қадим, жаратылған немесе жаратылмағандығы туралы ешнәрсе айтпаймыз» деген.

Бұл мәселеде әһлі сүннет көзқарасы ретінде айтарымыз, Тірі деген сипатқа ие Алла Тағаланың кәләм сипаты жоқ деу, оны «сөйлемейтін», «үндемейтін» немесе «сөйлеуі жетілмеген» деген сипаттармен сипаттағандық саналады. Ал мұндай сипаттар әлсіздік, кемшілікті білдіреді. Алла Тағала ондайдан ада әрі пәк.

Сондай-ақ, «Алла Тағала ежелде кәләмді керек етпей кейіннен кәләм сипатын иеленген» деу Оның заты өзгеріске ұшыраған дегенді білдіріде. Ал өзгеріске ұшырау, өзгеру – жаратылғандарға тән қасиет.

Алланың сипаттарының бірі болып есептелетін Кәләм сипаты кейіннен пайда (хадис) болды делінсе, онда мынадай үш түрлі тұжырым шығады:

а) Каррамия ағымының айтқаны секілді, сөйлеу сипаты оның затында (Өз бойында) пайда болады. Осылайша Оның заты, яғни Өзі (өзгеріске ұшырап, кейіннен жаратылатын) қасиеттерді иеленген саналады (Бұл мүлде дұрыс емес).

ә) Ешқандай орынсыз-ақ пайда болады. Бұл әрі мүмкін емес әрі мұндай пікірді ешкім алға тартқан да емес. Сондай-ақ, мұндай «кәләм» еш жерде жоқ болғандықтан, онымен бір затты сипаттауға да, екінші бір заттың сипаты ретінде көруге де ешқандай негіз жоқ.

б) Немесе Алланың затынан тыс бір жерде пайда болған болса, Ол жаратушы Алланың емес сол орынның сипаты болып қалар еді. Мысалы заттардың бойындағы «қара түсті болу», «қозғалыста болу» секілді сипаттар да дәл осындай. (Яғни, бұл сипаттарды жаратушы – Алла. Бірақ, бұл сипаттар Алланың затында емес басқа денелердің бойында болғандықтан сол дененің яки заттың сипаты болып есептеледі. Оларды жаратушы – Алланың сипаттары емес, Алланың өзі).

Нәфси кәләм

Кәләмнің мәні – Алланың затымен бірге бар, әріптер мен дыбыстар арқылы дыбысталатын мағына деген сөз. Осыған қатысты бір ақынның өлең жолында былай келеді:

إِنَّ الْكَلَامَ لَفِي الْفُؤَادِ وَإِنَّمَا جُعِلَ اللِّسَانُ عَلَى الْفُؤَادِ دَلِيلًا

Сөз негізі жүректе соны білгейсің,

Ал тіл жүректің жаршысы⁵⁷.

Осыған орай тіл мамандары «кәләм» – деп көкіректегі ойды айтқан. Құран Кәрімде де нәфси кәләм анық айтылған. Алла Тағала былай дейді:

(وَيَقُولُونَ فِي أَنْفُسِهِمْ)

⁵⁷ Бұл өлең жолдары ашғарилер мен матуридилердің еңбектерінде Шайыр Ахталдікі деп есептеледі. Алайда кейбір ғалымдар мұнымен келіспейді. Олардың ойынша мұндай сөздер оның жинақтарында кездеспейді. Ал кейбіреулер шайыр өз өлең жолдарында «кәләм» деген сөздің орнына «баян» деген сөзді қолданғандығын алға тартқан.

«Өз нәпсілерінде былай дейді...»⁵⁸. Кейде адамдар бір-біріне: «Саған айтар (ойымда жүрген) бірер ауыз сөзім (кәләмім) бар еді. Соны айтсам деп едім» деп жатады (бұл да – сөздің, кәләмнің – әріптер мен дыбыстарды емес, көкейдегі ойды, мағынаны білдіретіндігіне дәлел). Аталған сөздердің кәләм деп аталуының себебі, жүрек түкпіріндегі мағынаны меңзегендіктен. Осыған байланысты, барлық мұсылмандар мусхафтың⁵⁹ ішіндегі сөдерді, Құран сөзін «Алланың кәләмі» деп атаумен қатар, адамдар тарапынан оқылған Құранды да «Кәләмулла» деген.

Кәләм сипаты төңірегінде пікір қайшылығына түсіп отырған топпен арамыздағы бір ортақ нәрсе – Алланың кәләмінің бір ғана мағынасының және бір ғана ақиқатының бар екендігіне қатысты. Қағаз бетіне жазылған таңбалар мен әріптердің табиғаты – ауыз қуысындағы (тамақтағы) дыбыстардан өзгеше нәрсе. Егер таңбалар арқылы бейнеленген жазулар шын мәнінде кәләм болса, ауыз қуысында пайда болған дыбыстар кәләм болып есептелмес еді. Ал мұны керісінше айтсақ та дәл солай. Сондай-ақ, қағазға жазылған таңбалар және әріптермен бейнеленген жазу да, ауыздан шыққан дыбыстар да «кәләм» (сөз) деп аталады. Екеуіне де ортақ нәрсе – екеуінің белгілі бір мағынаны білдіруі. Өйткені, бір сөздің жазылуы мен оқылуы бір мағынаны білдіреді. Олай болса, әріптер мен дыбыстар ойдағы мағынаны білдіргендіктен «кәләм» деп аталады. Алдыңғы буынның ізгі өкілдері айтқан мына сөз де осындай мағынаны меңзейді: «Шын мәнінде Алланың кәләмі – мусхафтарда жазылған, тілімізбен айтылған, көңілімізге тоқылған (жадымызда жатталған). Бірақ ол бұлардың ешқайсысына енбеген». Мысалы, тілімізбен «от» деп айтып, қағаз бетіне жазамыз. Алайда оттың бұларға еніп, өртемейтіндігі мәлім.

«Құран» сөзі – кейде «оқылған нәрсе», кейде «оқу» деген мағынаны білдірсе, тағы бір жерде «жазылған» нәрсенің атауы ретінде де қолданылады. Егер «Құран» сөзі оқылған нәрсені білдіретін мағынада қолданылса, ол – қадим әрі жаратылмаған болып саналады. Бұл біздің «Құран – Алла Тағаланың кәләмі һәм жаратылмаған» дегендегі Құран сөзінің мағынасына сай. Ал «Құранның тең жартысын, үштен бірін, төрттен бірін оқыдым» деген кезде қолданылғандай «оқу» деген мағынаны білдірсе немесе «дәретсіз немесе жүніп кісінің Құранға қол тигізуі – харам» деген сөйлемде келгендей жазылған нәрсені білдіретін болса, Алланың кәләмін білдіретін сөз ретінде хадис әрі жаратылған саналады.

Ханбалилар⁶⁰ «Құранның әріптері жаратылған нәрсе емес» деу арқылы бізге қайшы пікір білдірген. Алайда бұл көзқарас та – қате. Себебі, бөлшектерге және бөлімдерге бөлінетін нәрсе хадис әрі жаратылған болуы міндетті.

«Алланың кәләмі хадис па, қадим ба, жаратылған ба, жаратылмаған ба?» деген мәселеде ешқандай үкім айтпауға бекінгендердің көзқарасы да дұрыс емес. Себебі, қандай да бір үкім айтпаумен шектелу (тауаққуф) екі түрлі ықтималдылықтың ешбіріне басымдық бермей, күмәндануды білдіреді. Алайда нақты сенім білдіру парыз саналатын мәселелерде екі ойлылық таныту – жоққа шығарумен бірдей. Өз кезегінде бұл бір кісінің: «Алла Тағаланың бар екендігіне сенемін. Бірақ, адамдар түрліше

⁵⁸ «Мұжадала» сүресі, 8-аят.

⁵⁹ Құран кітаптың.

⁶⁰ Ханбалилардың бір тобы.

көзқарас білдіріп, талас-тартысқа түсіп жатқандықтан ол біреу, екеу немесе үшеу деп нақты айта алмаймын», деуіне ұқсайды.

Сұрақ: Көптеген әмірлер мен тыйымдарды қамтыған Алланың кәләмі ежелден бар (қадим) десек, әлгі әмірлер мен тыйымдардың адамдар әлі пайда болмай тұрып, оларға қаратыла айтылуын қалай түсінуге болады?

Жауап: ⁶¹ Пайғамбарымыздың кезінде айтылған сөздің (Құран яки хадис) қалайша ол кезде әлі дүниеге келмеген, қазіргі күннің адамына қаратыла айтылуы дұрыс саналса, дәл солай ол алдын-ала айтылған. Сіздің сұрағыңыздың жауабы да осындай.

Мынаны да айта кету керек, әлі туылмаған адамға қазір орындалуы қажет бұйрықты беру дұрыс саналмағанымен, ол дүниеге келіп, орындай алатын жасқа толғанда, жасай алатын бұйрықты беруге болады.

Сұрақ: Алла Тағаланың:

(إِنَّا أَرْسَلْنَا نُوحًا إِلَىٰ قَوْمِهِ)

«Біз Нұхты қауымына жібердік» дегенін⁶² білеміз. Әлі Нұхтың^(Оған Алланың сәлемі болсын) қауымы да өзі де жаратылмай тұрғанда Алла Тағаланың ежелде өткен шақ түрімен «жібердік» деуін қалай түсінеміз?

Жауап: Негізінде Алла Тағаланың бір нәрсені айтуы өткен шақ немесе келер шақ деп бөлінбейді. Мәселенің мәні былай: Нұхтың^(Оған Алланың сәлемі болсын) жіберілуі туралы «хабар беру» уақыт ұғымына тәуелсіз, ежелде Алланың затында бар еді. Бұл «хабар беру» ежелден мәңгілікке дейін жалғасады. Осыған орай Нұхты жіберу туралы «хабар» ол келмей тұрғанда «Біз Нұхты жібереміз» деген формада қолданылса, жіберілгеннен кейін «Біз Нұхты жібердік» деп айтылады. Бұл жағдайда көрініс табатын өзгеріс «хабар беруге емес, хабар берілгенге байланысты. Бұл – Алла Тағаланың ілімі туралы түсіндіргендегі көзқарасымыз секілді. Мысалы, Нұхтың қауымына пайғамбар ретінде жіберілетінін Алла Тағала ежелден біледі. Ал оның бұл білуі ежелден мәңгілікке дейін жалғасады. Нұх жаратылмай тұрып-ақ Алла Тағала оның дүниеге келетіндігін, оның пайғамбар ретінде жіберілетіндігін білетін еді. Анықтап қарасаңыз, бұл жердегі өзгеріс білуде емес білінетін нәрсеге қатысты. Жоғарыда айтып өткен «хабар беру» мәселесі де дәл осы секілді.

⁶¹ Негізінде Алла Тағала кімді жарататындығын оның қандай қадамға баратындығын, қандай оқиғалар мен істердің орын алатындығын алдын-ала біледі. Бұған «Сендердің өткендеріңді де алда не болатындарыңды Алла жақсы біледі» деген мағынадағы Құран аяттары дәлел болады.

⁶² «Нұх» сүресі, 1-аят.

Нәфси кәләм естіле ме?

Әһлі сүннет ғалымдары Алланың кәләмінің естіліп, естілмейтіндігі туралы әртүрлі көзқарас білдірген. Ашғаридың⁶³ таңдаған ұстанымы бойынша, бар болған барлық нәрсенің көрінуі қалайша мүмкін болса, сол секілді естілуі де әбден мүмкін. Ибн Фурак⁶⁴: «Құран оқылғанда екі нәрсе естіледі: Бірі – оқыған кісінің дауысы, ал екіншісі – Алланың кәләмі» десе, әл-Бақиллани⁶⁵: «Алла Тағаланың кәләмі табиғи түрде естілмейді. Бірақ, табиғаттан тыс тылсым құбылыс ретінде, Алла қалаған құлына естіртеді» деген көзқарас білдірген. Аталған ғалымдардың көзқарасы бойынша, Мұса пайғамбар (Оған Алланың сәлемі болсын) Алла Тағаланың кәләмін дыбыс пен әріптердің көмегінсіз тікелей естіген⁶⁶.

Әбу Исхақ әл-Асфарайни⁶⁷ мен оның жолын ұстанғандар Алла Тағала кәләмінің ешқашан естілмейтіндігін алға тартқан. Тура жолды нұсқаушы әрі әһлі сүннеттің көшбасшысы Әбу Мансурдың (Алла жүзін жарық етсін) да ұстанымы осындай. Осыған орай,

(حَتَّى يَسْمَعَ كَلَامَ اللَّهِ)

«Алланың кәләмін тыңдағанға (**يَسْمَع** естігенге) дейін пана бере тұр...»⁶⁸ деген аятта Алла Тағала «Алланың кәләмін білдіретін кәләмді (Құранды) тыңдағанға дейін» деген мағынаны меңзеген. Мысалы, (араб тілінде) «Оның білімін көрсететін сөзді естігенмін» деген сөйлемді «Оның білімін естігенмін» деп айтуға да болады. «Алланың құдіретін көрсететін нәрсені қарашы!» деудің орнына кейде «Алланың құдіретіне қарашы!» – дейміз. (Жоғарыдағы аяттан да дәл осындай сөз қолданысын байқауға болады).

Аталған ғалымдардың көзқарасы бойынша, Мұса пайғамбар (Оған Алланың сәлемі болсын) Алланың кәләмін білдіретін бір дауыс естіген. Ол бұл дауысты періште немесе кітаптың көмегінсіз тікелей естігендіктен «Кәлимулла» (Алламен тілдескен)

⁶³ Али ибн Исмаил ибн Исхақ Әбул-Хасан әл-Ашғари, (қайт.ж. 324 /936).

⁶⁴ Мұхаммед ибн әл-Хасан ибн Фурак әл-Ансари Әбу Бакр әл-Исбаһани, Шафиғи мәзһабының фақиһы, сенімде ашғари мәзһабының көрнекті өкілі. (қайт. ж. 406/1015)

⁶⁵ Мұхаммед ибн ат-Тайиб ибн Жағфар Әбу Бакр әл-Бақиллани, әйгілі қазы, Ашғари мәзһабының алдыңғы қатардағы ғұламаларының бірі. (403/1013)

⁶⁶ «Ниса» сүресінің 164-аятына орай айтылып отыр.

⁶⁷ Әбу Исхақ Ибраһим ибн Мұхаммед әл-Исфараини – фикһ және фикһ негіздері саласында танымал ашғари ғалымдарының бірі. Мұғтазила ағымымен көп күрескен ғалым. (қайт. 418/1027)

⁶⁸ «Тәубе» сүресі, 6-аят.

деген атқа ие болған. Бұл мәселе «әл-Кифая» атты еңбегімде егжей-тегжейлі баяндалған⁶⁹.

Тура жолға бағыттау – Алланың қалауында!

1.8. Жарату мен жаратылыс (Такуин және мукаууан)⁷⁰

Матуридия ғалымдары (Алла олардан разы болсын) : «Алланың барлық сипаттары ежелден бері оның затында бар» деген.

⁶⁹ Сөз түйіні, Құранда Мұса пайғамбардың Алла сөзін тікелей естігендігі туралы нақты айтылмаған. Алайда Алланың оған сөйлегендігі ғана айтылған («Ағраф» сүресі, 143; «Ниса» сүресі, 164) . Тағы бір аятта Алла Тағала пенделерімен сөйлесуі үш түрлі жолмен жүзеге асатындығын көрсеткен: Уахи жолымен, белгілі бір перде артынан немесе елшілері арқылы («аш-Шура» сүресі, 51). Алла Тағала осылайша өзінің пенделермен тілдесуі тек осы үш жолмен ғана жүзеге асып, бұдан басқа қандай да бір жол жоқ екенін анық айтқан. Уахи жолымен тілдесу мәселесінде есту жайлы сөз қозғау артық. Өйткені, уахи – жүрекке жасырын түрде келетін мағына. Құрандағы (وَأَوْحَيْنَا إِلَىٰ أُمِّ مُوسَىٰ. وَأَوْحَىٰ رَبُّكَ إِلَى النَّحْلِ) «Мұса пайғамбардың анасына және бал араға уахи еттік (сездірдік, үйреттік)» деген мағынадағы аяттар осыны білдіреді («Қасас» сүресі, 7; «Нахл» сүресі, 68). Ал пайғамбар арқылы орын алған сөйлесу жағдайында естілетін сөз – Алланың тікелей сөздері емес, пайғамбардың аузынан шыққан сөздер. Демек құлдардың естігендері – Алланың шынайы өз дауысы емес, соны білдіретін сөздер. Ал, перде артынан естілуіне келсек, бұл – дауыс пен әріптерге тәуелді. «Қасас» сүресінде Мұса пайғамбарға ағаштан «Әлемнің раббысы Менмін» деген дауыс естілгендігі туралы айтылған («Қасас» сүресі, 30). Ағаштан шыққан дауыс, ағаштың сөзі емес екені анық. Олай болса, сол ағаш та, одан шыққан дауыс та – Алланың кәләмін білдіретін дәнекерлер. Мұса пайғамбардың «Кәлимулла» деп аталуы мен «тікелей сөйлесті» деп айтылуының себебі, «кітап немесе елшісіз сөйлесуі» дегенді білдіреді. Болмаса, «ол әріп пен дауысты қажет етпей сөйлесті» дегенді білдірмейді. Мәселен «Ол патшамен тікелей сөйлесті» дегенде «ол дыбыссыз, әріпсіз сөйлесті» дегенді білдірмейді. Керісінше, «Ол хат арқылы немесе елші арқылы емес, кездесіп ауызба-ауыз сөйлесті» дегенді білдіреді. (автордың «әл-Кифая» атты еңбегінен).

⁷⁰ Тәкуин – жарату, жасау, жоқтан бар ету, дүниеге әкелу деген сөздермен мағыналас болғанымен, бұрынғы өткен ғалымдар осы тәкуин деген сөзді қолданғандықтан, термин ретінде осы сөз таңдалады (Нәсәфи, әл-Иғтимад лил-иғтиқад). Мукаууан – жаратылған, жаратылыс, болмыс деген мағыналарды білдіреді. Матуриди ғалымдары «Тәкуин» сипатын бөлек бір сипат ретінде қарастырады. Олар «Тәкуин – Алла тағаланың затымен қатар «қадим» және «әзәли» деп, оны субути сипаттарға қосқан. Ашғарилердің пікірінше, «Тәкуин» сипаты – «Илм, Құдырет» секілді шынайы сипат емес. Ол қатыстылықты білдіреді және ол Алланың затымен бірге емес, «хадиске» жатады. Олардың ойынша «тәкуин» жаратуды білдіреді. Алайда құдырет сипатына «ирада» қосылу арқылы жарату жүзеге асатындықтан қосымша сипатқа қажеттілік жоқ. Ашғарилердің бұл сипатты ежелден бар дербес сипат деп есептемеуінің себебі, Жарату сипаты ежелден болса, жаратылғандар да ежелден бері болуы керек деп есептейді. Олардың бұлай деуіне «жарату мен жаратылған нәрсе бір саналып қалады» деген ой басты түрткі болған. Бұл тақырыпта матуриди мәзһабы бойынша, тәкуиннің ежелден Алланың затында бар екендігі, жаратылыстың хадис екендігі дәлелденетін болады.

Ашғарилар мен мұғтазила ағымының өкілдері: «Ілім және құдірет секілді зати сипаттардың барлығы ежелден бері бар және Алланың затымен бірге. Ал, жарату, ырыздық беру, тірілту, жанын алу секілді фиғли (іс-әрекетке қатысты) сипаттар хадис (кейіннен жаратылған) және Алланың затына тән емес» деген⁷¹.

Сонымен қатар ашғарилар мен мұғтазилалардың көзқарасы бойынша, «Алланың затына тән «жарату ісі» жаратылыспен бірге ме әлде бөлек пе?» деген мәселеге келгенде, араларында тағы айырмашылық бар. Ашғарилар «Тәкуин мен мукаууан – екеуі бір нәрсе» десе, мұғтазиланың көпшілігі тәкуинді мукаууаннан бөлек деп есептеген. Алламен де, жаратылыспен де бірге болмайды деп есептеген жарату (тәкуин) сипатының қайда болатындығы туралы мұғтазиланың өз араларында да қайшылықтар кездеседі. Әбу Хаузайл әл-Аллаф⁷² : «Тәкуин жаратылыспен қатар жүреді» деп санаса, Ибн Рауанди⁷³ мен Бишр ибн әл-Мұғтамарлар⁷⁴ : «Тәкуин ешқандай орында болмайды» деген.

Каррамиялар: «Тәкуин – кейіннен жаратылған (хадис), бірақ, Алланың затының арқасында бар болып табылады» деп санайды. Өйткені, Каррамиялардың көзқарасы бойынша, Алла Тағала ежелде кейіннен пайда болатын бір жаратушылық сипатпен сипатталуы мүмкін. Бұл олардың ойы бойынша «жаратуға қабілетті болу, құдіреті

⁷¹ Дегенмен, фиғли сипаттар мен зати сипаттарды бір-бірінен бөлек қарастыру мәселесінде мұғтазилиттер мен ашғарилардың көзқарастарының арасында айырмашылық бар. Мұғтазила «Алла пәлен адамға бала жаратып берді, пәленшеге бермеді, ананы ризықтандырды, мынаны ризықтандырмады» деген секілді, болымды және болымсыз формада айтуға болатын сипаттарды «фиғли сипаттар» десе, «Алла ананы білді, мынаны білмеді, оған күші жетті, бұған күші (құдіреті) жетпеді» деген секілді, болымсыз формасын айтуға болмайтын сипаттарды «зати сипаттар» деп есептейді. Олардың ойынша, Ирада (қалау) және кәләм сипаттары (يُرِيدُ اللَّهُ بِكُمْ الْإِسْرَ وَلَا يُرِيدُ بِكُمْ الْعُسْرَ) «Алла сендерге ауырлықты қаламайды, жеңілдікті қалайды» («Бақара» сүресі, 185). (وَكَلَّمَ اللَّهُ مُوسَى) «Алла Мұсаға сөйледі» («Ниса» сүресі, 164). (وَلَا يَكَلِّمُهُمُ اللَّهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ) «Алла ақыретте оларға сөйлемейді» («Бақара» сүресі, 174) деген аяттарда келгендей болымды әрі болымсызы айтыла беретіндіктен, аталған екі сипат фиғли сипаттарға жатады да хадис болып есептеледі.

Ашғарилар: «Зати сипаттар мен фиғли сипаттар арасында мынадай айырмашылық бар: Егер болымсыз түрі айтылғанда сол сипаттың қарама-қайшысы пайда болса, ол – зати сипаттар. Мысалы «хаят» (тірі болу) сипатын болымсыздандырғанда «өлім» деген түсінік шығады. Бұл «хаят» сипатының қарама-қайшысы. Құдіреттің болымсызы – әлсіздік, білудің болымсызы – білместік, надандық. Ал, болымсыз түрі сол сипаттың қарама-қайшы мағынасын білдірмесе, фиғли сипаттар болып есептеледі. Мәселен, тірілту, жанын алу, жарату, ырыздықтандыру деген секілді сипаттардың болымсыз түрлері (тірілтпеу, жаратпау, жанын алмау, ырыздықтандырмау) аталған сипаттардың қарама-қайшысын білдірмейді. «Ирада» сипатын болымсыздандырсақ, «мәжбүрлі» деген мағынаны білдіреді. «Кәләм» сипатын болымсыздандырсақ, «тілсіз», «мылқау» деген мағыналар шығады. Демек, Бұл екі сипат фиғли емес, зати сипаттар болып, Алланың затында ежелден бар. Ал, матуридилер бойынша, Алланың зати сипаттары да, фиғли сипаттары да ежелден Алланың затында болғандықтан мұндай айырмашылықтар жоқ (әл-Кифая).

⁷² Мұхаммад ибн Хузайл ибн Абдулла, Әбу Хузайл әл-Аллаф. Мұғтазила имамдарының бірі. (қайт. 235h/850ж)

⁷³ Мұхаммад ибн Яхия ибн Исхақ Әбул-Хусайн ар-Рауанди (Ибн ар-Рауанди). Әуелгіден мұғтазила ағымының өкілі болып, кейін діннен шығып, күпірлік көзқарастарымен аты шыққан (?-298/910).

⁷⁴ Әбу Саһл әл-Бағдади – көптеген кітаптар жазған мұғтазила ағымының танымал өкілдерінің бірі. (?-210/825).

жету» дегенді білдіреді.

Ең дұрысы – біздің ұстанымымыз. Өйткені, Алла Тағала:

(هُوَ اللَّهُ الْخَالِقُ)

«Ол – жаратушы Алла»⁷⁵ деген аятында өзін Жаратушы деп атаған. Оның өзі де кәләмы да ежелден бар. Егер жарату кейіннен пайда болған қасиет десек, Алла Тағала ежелде онымен сипатталмас еді. Бұл жағдайда (жаратушылық сипаты хадис (кейіннен туындаған) болса) жоғарыдағы аят жалған немесе астарлы мағынада саналар еді. Алла Тағала ондайдан пәк әрі ұлы. Мәселені біраз тарқатып айтар болсақ, «علم» деген түбірден тараған «عالم» сөзі секілді, «жарату» мен «жаратушы» бір түбірден туындайды. Бір мағынадан туындаған есім – бойында сондай сипат бар кісіге қойылады. Мысалы, қозғалып тұрған адамды «қозғалушы» дейміз.

Каррамияның жоғарыдағы аятты «Жаратуға құдіреті жетуді білдіретін бір жаратушылық сипатпен ежелден бері жаратушы» деп жорамалдауы дұрыс емес. Өйткені, «құдірет» түбірінен туындайтын есім «халик» емес «қадир». Мәселен, ұрлық істеуге күші жетіп тұрған адамды (ұрлық жасамаса да) ұры деп атау дұрыс емес (бір істі істеуге күш-құдіреттің жетуі мен оны істеу екі басқа нәрсе). Осы секілді басқа да көптеген мысалдар келтіре беруге болады. Сондай-ақ, «жаратушы» – мадақтауды білдіретін есім. Алла Тағала онымен ежелде емес, кейіннен сипатталған болса, ол ежелде өзінде жоқ нәрсемен өзін сипаттаған болар еді. Бұл – мүмкін емес.

Матуридияның рационалдық дәлеліне келсек:

1. Тәкуин (біздің айтқанымыздай қадим емес) хадис болса, Алла Тағала оны такуинмен жаратуы керек еді. Яки, «тәкуин» жаратусыз-ақ пайда болған болады. Егер қарсыласымыз бірінші айтылған көзқарасты қабылдаса, одан: «Алланың сол жаратушылығы (такуин) қадим ба әлде хадис па?» деп сұраймыз. Егер «қадим» десе, біздің де айтпағымыз осы екендігін көрсетеміз. Ал, хадис дейтін болса, әуелгі сұраққа қайта ораламыз. Бұл осылайша шексіз тізбектеліп кете береді⁷⁶. Ал қарсыласымыз өздері хадис деп санаған тәкуинді «ешқандай жаратусыз пайда болған» десе, оған былай деп жауап береміз: «Нәрселер Алланың жаратуынсыз-ақ пайда бола береді» деу – барлық жаратылыстың өздігінен пайда болуы мүмкін екендігін мойындаумен бірдей және мұндай түсінік Алланы жоққа шығаруға алып барады».

2. Егер тәкуин хадис болса, каррамиялардың айтқанындай, Алла Тағаланың затында кейіннен пайда болады. Бұл – дұрыс емес. Өйткені, бұл «Қадим Алла Тағаланың затында кейіннен кейбір нәрселер пайда болады» дегенді білдіреді. Немесе Ибн Рауанди мен Бишр ибн әл-Муғтамирдың айтқанындай ешқандай орынсыз-ақ пайда болады. Бір сипаттың қандай да бір орыннан дербес күйде пайда болуы мүмкін емес. Егер тәкуин ешқандай орынсыз-ақ пайда болған десек, онымен бір нәрсені (Алланы) сипаттау басқа нәрсені сипаттауға қарағанда дұрысырақ деп есептелмес еді. Не болмаса тәкуин Алладан басқа бір затта пайда болған болар еді. Осыған орай, Әбу

⁷⁵ «әл-Хашір» сүресі, 24-аят.

⁷⁶ Яғни, тәкуинның жаратылуының өзін де жаратылу деп атаймыз. Егер ол хадис десек, оны жаратқан бір нәрсе болу керек. Ал ол да хадис болса, оны да жаратқан біреу болу керек. Осылайша бұл тізбектеліп жалғасып кете береді. Бұл ақылға сыйымсыз. Соңында бір ежелден бар жаратуға тәуелді болады. Біздің айтпағымыз да осы.

Хузайл: «Әрбір дененің тақуині (жаратылуы) сол затпен қатар жүреді» деген. Олай болса, әр зат өзінің жаратушысы, пайда етушісі саналар еді. Бұл көзқарас та Алланы жоққа шығаруға апарады. Негізінде бұл сөзді ағраздарға қатысты қолдану – мүлде дұрыс емес. Өйткені бір нәрсенің ағраз арқылы жаратылуы мүмкін емес.

3. Егер тәқуин (ашғарилар айтқандай) жаратылған заттың өзі немесе (Әбу Хузайл әл-Аллафтың айтқанындай) жаратылған затпен бірге болса, онда ол өздігінен пайда болып, жаратылуы ешкімге тәуелді болмас еді. Бұл жағдайда жаратылған зат ежелден бар болар еді. Алайда қарсыластарымыз жаратылған затты «қадим» деуден қашып, мүмкін емес нәрсені алға тарту арқылы, өздері қашқан қателікке барып ұрынады.

4. Мысалы, қара түс – жаратылған нәрсе және сіздің ойыңызша (Автор бұл жерде ашғариларды меңзеуде) тәқуин мен жаратылған зат бір нәрсе десеніз, қара түсті заттардың барлығында міндетті түрде жарату қасиеті бар деген сөз. (Есіңізге сала кетсек, сіздердің көзқарастарыңыз бойынша) жарату мен жаратылған зат бірге болуы керек. Демек, қара түсті нәрсені «қара» деп атау үшін, оның жаратушы екендігін мойындауыңызға тура келеді. Өйткені, оның бойында жарату қасиеті бар. Демек Алла Тағаланы «қара» деп атамайтындығыңыз белгілі. Өйткені оның бойында (жаратушы деп санаған) «қаралық сипаты» жоқ. Сондықтан оны жаратушы деп тағы да айта алмайсыз. Өйткені Оның бойында тәқуин (жаратушылық) жоқ. (Сіздердің ойларыңыз бойынша, тәқуин жоқ жерде муқауан да болмайды). Бұны «дерек» ұғымына ұқсата аламыз. Егер дерек шынайы болса, оны жеткізген адамды «дерек жеткізуші» әрі «шыншыл» деп айтуға болады. Ал, өзінде дерек жоқ адамды «дерек жеткізуші» деп те, «шыншыл» деп те айта алмайсыз. Өйткені сіздердің ойларыңыз бойынша, дерек пен шыншылдық бір-бірінен ажырағасыз.

Егер «Тәқуин Алла Тағаланың затында ежелден бар десек, әлемнің жаратылуы да соған байланысты хадис емес қадим болуы қажет емес пе?» деген сұрақ қойылса, оған былайша жауап береміз: «Сіз тәқуинді әлемнің жаратылуына тәуелді ету арқылы тағы да тәқуиннің хадис екендігін айтудасыз. Өйткені, қадим дегеніміз – бар болуы ешнәрсеге тәуелді емес, ал жаратылуы басқаға тәуелді нәрсе – хадис».

Тәқуиннің ежелден бері болуы әлемнің онымен бірге ежелден бері болуына тәуелді емес. Керісінше, тәқуин сипатының мәні – жаратылатын әр нәрсенің уақыты келгенде, Алланың ілімі мен құдіретіне сәйкес жаратылуында. Алланың жарату сипаты ежелден мәңгілікке дейін жалғасатындықтан, жаратылатын барлық нәрсенің бар болуы, Алланың ежелде бар «тәқуин» сипатына тәуелді. Мәселен, бір кісі әйеліне рамазан айы кіргенде талақ болатындығын айтса, осы шартқа байланысты үкім рамазан айы кіргенге дейін өз күшінде тұрады да, уақыты келгенде талақ жүзеге асады. Дәл сол секілді, біреу бір кісіні жараласа, жара келесі аптада асқынып қайтыс болғанымен де әлгі адам кісі өлтіруші саналады.

Тәқуин туралы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: Сіздің ойыңызша әлемнің жаратылуы, ежелден бар Алланың затына байланысты ма, жоқ әлде сипаттарының біріне байланысты ма? Егер (әлемнің жаратылуы ежелден бар Алланың затына немесе сипатына) «Байланысты емес» десеніз, Ұлы жаратушыны жоққа шығарған боласыз. Ал «байланысты» десеніз, біз: «Бұл байланыстылық әлемнің ежелден болуын білдіре ме әлде білдермей ме?» деп сұраймыз. Осы сұраққа қалай жауап берсеңіз де біздің

жауабымыз сол болмақ.

Осыған орай, ашғарилар «әлемнің жаратылуы тек қана Алланың «кун!» (Бол!) деген бұйрығы нәтижесінде жүзеге асқан. Тәкуин дегеніміз – міне осы. Ал, бұл әмір ежелден Алланың затында бар» деп есептеген. Олар осылай деу арқылы өз көзқарастарын түзеткен.

Тура жолға бастайтын бір Алла ғана!

1.9. Алла тағаланы көру мәселесі

Әһлі сүннет ақыретте мұминдердің Алла Тағаланы көруі логикалық тұрғыдан мүмкін, ал, діни деректер тұрғысынан алғанда міндетті екендігін айтады.

Мұғтазила, најжария, харижидтер және рафизилердің зайидия тармағын ұстанушылардың көзқарасы – әһлі сүннеттің бұл ұстанымына қайшы. Тіпті мұғтазилиттер Алланың өзін-өзі көре алатын, көре алмайтындығына дейін талқылап, өз араларында түрлі қайшылықтарға ұрынған. Көпшілігі «Алла Тағала өзін өзі көреді» десе, бір тобы «Алланың затын өзі де, басқалар да көре алмайды» деп түйген.

а) Әһлі сүннет ғалымдарының бұл мәселеге қатысты алға тартқан басты дәлелі – Мұса пайғамбардың Алланы көргісі келіп, Алладан сұрауы. Аятта бұл туралы:

(رَبِّ أَرِنِي أَنْظُرْ إِلَيْكَ)

«Раббым маған көрінші, Сені көргім келеді»⁷⁷ делінген. Ол (пайғамбар болғандықтан) Алланы жақсы біледі әрі оны бір нәрсеге ұқсатуға, бір тұста немесе бір жақта, тарапта деуге жол бермейтіні анық. Ол Алланың көрінуі мүмкін екендігін білгендіктен, Алладан өзін көрсетуін сұраған. Ал, «Алланың көрінуі мүмкін емес» деп санайтындар «Мұса пайғамбардың білмеген иләһи сипаттарын біз білеміз» деген болады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Сонымен қатар Алла Тағала:

(قَالَ لَنْ تَرَانِي وَلَكِنْ أَنْظُرْ إِلَى الْجَبَلِ فَإِنِ اسْتَقَرَّ مَكَانَهُ فَسَوْفَ تَرَانِي)

«Мені әсте көре алмайсың. Бірақ, тауға қара егер тау орнында тұра алса, Мені көресің»⁷⁸ деу арқылы Өзінің көрінуін таудың орнында тұруына қатысты еткен. Ал ақылға салсаңыз, таудың орнында тұруы мүмкін. Демек қандай да бір жағдайдың мүмкін/ықтимал шарттарға сай жүзеге асуы, оның мүмкін екендігін көрсетеді.

Жоғарыдағы аяттың жалғасында Алла Тағала өзінің құдіретін тауға шағылыстыру арқылы көрсететіндігін айтқан. Бұл жердегі шағылысудың мәні – Алла Тағаланың таудың бойында «тіршілік», «білу» мен «көру» секілді қабілеттерді жаратуды білдіреді. Мұны үлкен ұстаз Имам Әбу Мансур (Алла рақымына бөлесін!)⁷⁹ айтқан. Бұл дәлелдер Алланы (ақыретте) көруге болатындығын білдіреді.

Сұрақ: «Сіздердің бұл айтқандарыңыз Алланың көрінетіндігін делелдейтін болса, аяттағы: «Мені ешқашан көре алмайсың» (لَنْ تَرَانِي) деген сөз оның көрінуінің мүмкін еместігін білдірмей ме? Әрі Бұл жердегі «لَنْ» жалғауы уақыт тұрғысынан

⁷⁷ «Ағраф» сүресі, 143-аят.

⁷⁸ «Ағраф» сүресі, 143-аят.

⁷⁹ Сабуни өзінің «Кифия» атты еңбегінде осы мәселеге қатысты былай деген: «Шағылысу – көріну

шектеусіз болымсыздықты білдірмей ме?»

Жауап: Біз аталған аят арқылы Алланың көрінетіндігін дәлелдедік. Ал Алла Тағаланың «Мені ешуақытта көре алмайсың» деуіне келсек «көрінуі мүлде мүмкін емес»⁸⁰

дегенді емес, бұл дүниеде көрінбейтіндігін білдіреді. Демек мұнда ешқандай да қайшылық жоқ. Ал қарсыласымыздың «Аяттағы «لَنْ» жалғауы шексіз болымсыздықты білдіреді» деген сөзіне келер болсақ, біз «لَنْ» жалғауы шексіз болымсыздықты білдіреді дегенге келіспейміз. Ол тек күшейтпелі мағынаны ғана білдіреді. Бұған Мариям ана туралы мына аятты дәлелге келтіруге болады:

(فَلَنْ أَكَلِمَ الْيَوْمِ إِنْسِيًّا)

«Мен бүгін ешкіммен сөйлеспеймін»⁸¹. Бұл аятта «لَنْ» жалғауы «бүгін» деген сөзге байланысты қолданылған. «Бүгін» сөзі шектеулі бір уақытты білдіретіндіктен, (сіз айтқан) шексіздікке қайшы болып қалады. «لَنْ» сөзі шексіздікті білдірсе де ақыретте емес, бұл дүниеде «өмір бақи көре алмайсың» дегенді білдіреді. Өйткені, бір аятта:

(وَلَنْ يَتَمَنَّوْهُ أَبَدًا بِمَا قَدَّمْت أَيْدِيهِمْ)

«Олар бұрын істеген жамандықтарын білгендіктен ешқашан өздеріне өлім тілемейді»⁸² делінген. Бұл аятта олардың өлім тілемеуі «لَنْ» деген жалғауымен келсе, екінші бір аятта:

(وَنَادُوا يَا مَالِكُ لِيَقْضِ عَلَيْنَا رَبُّكَ)

«Ей, тозақтың күзетшісі! Раббың бізді өлтірсінші деп жалбарынады»⁸³ деп, өздеріне ақыретте өлім тілейтіндігін айтқан. Міне, бұл «لَنْ» сөзінің шексіздікті емес, «осы өмірде» дегенді білдіретіндігін көрсетеді.

ә) (وَجُوهٌ يَوْمَئِذٍ نَّاضِرَةٌ إِلَىٰ رَبِّهَا نَاطِرَةٌ)

«Сол күні жарқыраған жүздер Раббысына қарайды»⁸⁴ деген аят мүминдердің қиямет күні жаннатта Алланы көретіндіктерін білдіреді. Араб тіл ғалымдарының бәрі «көру» сөзі «إِلَىٰ» жалғауымен келгенде «көзбен көру» мағынасын білдіретіндігін бірауыздан құптаған.

(فَمَنْ كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهِ)

«Раббысына қауышқысы келген адам...»⁸⁵ деген аят пен басқада аяттар Алланы көруге болатындығына дәлел болады. Бұл аяттағы «қауышу, жүздесу» сөзі – «көру» деген мағынаны білдіреді.

б) Алла Тағаланың:

(لِّلَّذِينَ أَحْسَنُوا الْحُسْنَىٰ وَزِيَادَةٌ)

деген сөз. Сондықтан Имам әл-Матуриди былай деген: «Бұл жердегі шағылысудың мәні көріну-ді білдіреді. Оның мәні Мұса (а.с.) пайғамбардың Жаратқанды көре алуы үшін таудың бойында «хаят» (тіршілік) және «рүйят» (көре білу) қасиетін жаратуын білдіреді. Әйтпесе Хақ Тағала Перденің арқасында жасырынған күйде тұрып, содан кейін барып көрінді деген сөз емес. Құран аятын тілге тиек еткен мағынадан басқаша түсіну мүмкін емес» (Қолжазба нұсқадағы 30-парақ).

⁸⁰ «Ағраф» сүресі, 143-аят, «Бақара» сүресі 95-аят.

⁸¹ «Мариям» сүресі, 26-аят.

⁸² «Бақара» сүресі 95-аят.

⁸³ «Зухруф» сүресі, 77-аят.

⁸⁴ «Қияма» сүресі, 22-23-аяттар.

⁸⁵ «Каһф» сүресі, 110-аят.

«Ізгі істер мен жақсылық жасағандарға жақсылық пен әрі оған үстемелене берілетін (сый) бар»⁸⁶ деген аяты да біздің сөзімізге дәлел болады. Тәпсіршілердің көбі, пайғамбарымызға дейін баратын тізбекпен жеткізілген хадистерге сүйене отырып, аяттағы «үстеме» деген сөздің – «Алланың дидарын көру» деген мағынада екендігін айтқан⁸⁷.

в) Бұған қатысты көптеген хадистер бар. Бұлардың ішіндегі ең танымалы, Пайғамбарымыздың (салаллаһу алейһи уә сәлләм) мына:

(سَتَرُونَ رَبَّكُمْ كَمَا تَرَوْنَ الْقَمَرَ لَيْلَةَ الْبَدْرِ لَا تَضَامُونَ فِي رُؤْيَيْتِهِ)

«Күдіксіз сендер толған айды көргендей Алланы көресіңдер. Ол үшін ешқандай топырлап, анталамайсыңдар (бір-бірлеріңе кедергі келтірмейсіңдер)»⁸⁸ деген хадисі. Бұл хадисте Алла Тағаланы көрудің нақтылығы мен анықтығын білдіру үшін толған айды мысалға келтірген. Болмаса Алла көрінетін кезде ай секілді көрінеді дегенді білдірмейді. Алла Тағаланы көру туралы хадистерді жиырмадан астам әйгілі әрі ғалым сахабалар (Алла олардан разы болсан) риуаят еткен. Осылайша бұл хадис жоққа шығару мүмкін емес деңгейде мәшһүр болып саналады⁸⁹.

Сахабалар Пайғамбарымыздың(салаллаһу алейһи уә сәлләм) миғражда Алланы көріп-көрмегендігіне байланысты түрліше көзқарас білдірген⁹⁰. Демек, олардың осы мәселеге байланысты пікірталасының өзі Алланы көруге болатындығын дәлелдесе керек. Өйткені, (ондай) ақыл-ой иелері тек мүмкіндігі бар нәрседе ғана пікірталас өрбітері анық.

Логикалық тұрғыдан алғанда, физикалық әлемде көрінудің басты негізі– бар болу. Ал Алла Тағала бар болғандықтан көрінуі әбден мүмкін. Мұны дәлелдейтін мысал, біз сезім мүшесі арқылы атомдар мен денелер секілді әртүрлі заттарды, ақ пен қара секілді қарама-қайшы болмыстарды, қозғалыс пен тыныш күй секілді бір-бірінен мүлде бөлек құбылыстарды көрудеміз. Бұлардың ішіндегі қозғалыс – сипатталуы жағынан тыныш күйге қарама-қайшы нәрсе, ал бұлар – ақ пен қара секілді түстерден

⁸⁶ «Юнус» сүресі, 26-аят.

⁸⁷ Сухәйбтен жеткен риуаят бойынша, Пайғамбарымыз былай деген: «Жаннаттағы мүминдерге Алла Тағала: «Осыдан артық қалауларың бар ма?» деп сұрайды. Сонда олар: «Бізді тозақтан құтқарып, жүзімізді жарқыратып жаннатыңнан орын берген жоқсың ба? Бұдан артық не болуы мүмкін?» дейді. Сол кезде Алла Тағала арадағы пердені түргенде. Олардың Алланы көретіндігі, оларға бұдан артық жанды рахатқа бөлейтін нәрсе болмайтындығы айтылады. (кейбір риуаятта) Пайғамбарымыз сөзін жалғастырып аталған аятты оқыған. (Сахих мүслим, № 181). Табари мен Ибн Кәсир секілді әйгілі тәпсіршілер аяттағы «үстеме» сөзін Алланы көру мағынасына келетіндігі туралы тәпсірлегенде, осыны дәлелдейтін хадистерді Әбу Бакр Сыддық, Хузайфа ибн әл-Иәман, Абдулла ибн Аббас, Сайд ибн Мусайиб, Абдурахман ибн Әбу Ләйлә, Абдурахман ибн Сәбит, Мұжаһид, Икрима, Амир ибн Сағд, Ата, Даххак, Хасан, Қатада, Мұхаммед ибн Исхак секілді алдыңғы және кейінгі буын өкілдері риуаят еткендігін айтады. Алланы көру мәселесіне қатысты Пайғамбарымыздан басқа да хадистер келіп жеткен.

⁸⁸ Бұхари 8/179; әт-Таухид 124, Мүслим № 182-183.

⁸⁹ Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Али ат-Термези былай дейді: «Көптеген ғалым сахабалар «Алланы көру» туралы хадисті түгел растаған. Оларды қатарында Ибн Масғуд та бар деген» (әл-Кифая).

⁹⁰ Бұхари, 6/50, ат-Тафсир, «Нәжім» сүресі; Мүслим, № 175; Табари және ибн Касир тәпсірлерінде Нәжім сүресі 8-18 аяттарында.

де бөлек құбылыстар. Ағраздар да – жалпы алғанда атомдар мен денелерден бөлек нәрсе. Демек, осындай ортақ сипаты жоқ әртүрлі заттардың көрінуі ортақ бір қасиетке байланысты болуы керек. «Осындай қасиеті бар кез келген нәрсе көрінеді, көрінген әр нәрсе осы қасиетке ие» деген бір-біріне қарама-қайшы екі сөйлемнен тұратын логикалық қағида⁹¹ пайда болады. Осы қағидада аталған екі жаққа да ортақ қасиет – «бар болу» қасиеті⁹².

Сұрақ: Заттардың өзінің көрінетіндігін біз жоққа шығармаймыз. Бірақ, (сіздер айтқандай) көрінетін нәрсе қозғалыс пен тыныштық емес, заттың өзі емес пе? қозғалыс пен тыныш күйді көрмейміз ғой. Барлық ағраздар (акциденциялар) да осылай емес пе?

Жауап: Бұл секілді акциденциялардың (ағраздардың) көрінетіндігін жоққа шығару сезім қабілеттері мен көздің көру қабілетін жоққа шығарумен бірдей. Олар көрінбейтін болса, біз көру қабілеті арқылы қозғалыстағы дене мен тыныш күйдегі денелерді бір-бірінен ажырата алмас едік. Мәселен, ыстық-суық, ащы мен тұщы секілді көрінбейтін заттарды басқа сезім мүшелері арқылы білеміз. Бұны аша түсейік. Біз бір заттың бойында да орын алған қозғалу мен тыныш күй секілді екі құбылысты бір-бірінен ажырату қабілетімізге ешқашан күмәнмен қарамаймыз. Адамның танымға ие болуы – ақыл-ой, дерек және сезім мүшелері секілді үш түрлі жолмен жүзеге асатыны мәлім. Ал, біз талқылап отырған (дененің қозғалыста немесе тыныш күйде екендігіне қатысты) мәлімет ақыл-ой немесе дерек арқылы келмейтіндіктен, ол үшінші мәлімет алу жолы – сезім мүшелері арқылы ғана білінеді. Ал, сезім мүшелерінің ішінде иіскеу, дәм тату, сипау, есту жолдарымен заттың қозғалысын немесе тыныштығын анықтай алмайтынымыз белгілі. Демек, оны анықтайтын тек көру қабілеті деген сөз.

Сұрақ: Жаратылыстың ішінде көзге көрінбейтін көптеген нәрселер бар емес пе? Ендеше сіздердің «көрінетін нәрселердің ортақ қасиеті – бар болу» деген сөздеріңізді қалай түсінуге болады?

Жауап: Біз бұл ортақ қасиетті «бар нәрсенің барлығы логикалық тұрғыдан көрінуі мүмкін» екендігіне дәлел ретінде қолдандық. Бірақ «міндетті түрде көрінуі керек» демедік. Барлық жаратылыстың көрінуі мүмкін. Бірақ, Алла Тағала өз заңына сәйкес кейбір нәрселерді көрінбейтін етіп жаратқан. Кейбір заттарды көре алмауымыз – көрінуінің мүмкін еместігіне байланысты емес, Алланың хикметіне байланысты.

Сұрақ: Егер Алла Тағала көрінетін болса, көретін адамға міндетті түрде бір жақтан көрінуі керек болмай ма? Көру қабілеті арқылы көрінетін барлық заттарды біз бір тұстан көрмейміз бе?

Жауап: Көру – бір нәрсені сол күйінде көру қабілеті арқылы анықтауды білдіреді. Егер көрінетін нәрсе бір тұста тұрған болса, ол сол жақтан көрінеді. Ал көрінетін нәрсе ешқандай тарапсыз, «жақ» ұғымының тысындағы нәрсе болса, дәл солай, қандай да бір тарапсыз көрінеді деген сөз. Физикалық әлемде көрінетін заттардың барлығының бір тарабы, жағы болатындығы белгілі. Алайда Алланы ондай сипаттардан ада әрі пәк

⁹¹ Логикалық дәлелдеу тәсілінде мұндай екі жақты сөйлемнің бірі «тард», екіншісі «акс» деп аталады.

⁹² Автордың «әл-Кифая» атты еңбегінде бұл мәселе өте түсінікті берілген. Болмыстары әртүрлі болуына қарамастан біз заттардың бәрін көрудеміз. Бәріне ортақ бір нәрсе – олардың бар болуы.

деп біліп, танымыз емес пе? Көруге қатысты ұстанымымыз да дәл осы секілді. Алла Тағаланың ешқандай тарапында, белгілі бір жағында болмасақ та, бізді көруі сөзімізді одан ары қуаттай түспек.

Сұрақ: Егер Алла (жаннатта) көрінетін болса, оны қазірде көруіміз керек емес пе? Өйткені, біздің көру қабілетіміз ақаусыз әрі Алланы көрсетпей тұратын қандай да бір перде де жоқ емес пе?

Жауап: Көрінуі ықтимал кез келген нәрсені Алла сол көру қабілетін жаратқанда ғана көре аламыз. Ал негізінде ол көрінетін нәрсе болса да, көру қабілетін жаратпаса, біз оны көре алмаймыз. Мәселен, жыннанған адам жынды көргенімен оның жанындағылар жынды көрмейді. Пайғамбарымыз Жәбрейіл періштені көргенде, сахабалар көре алмаған. Ең қарапайым мысал, жоғарыдағы себепке байланысты (Алла көру қабілетін бергендіктен) тышқанды аңдыған мысық қараңғы түнде тышқанның қимылын бақылай алса, біз оны көре алмаймыз.

Сұрақ: Егер Алла көрінеді десек, заты толық немесе бір бөлігі ғана көрінуі тиіс. Ал, бұл мүмкін емес қой?

Жауап: Біз бұған Алланы білу (тану) мәселесімен жауап береміз. Алланың затын түгел танып-білеміз бе жоқ белгілі бөлігін ғана білеміз бе? Жоқ Алланы мүлде танып біле алмаймыз ба? Осыған берген жауабыңыз біздің сізге берер жауабымыз болмақ. Мынаны да айта кету керек, бүтіні және бір бөлігі деп екіге бөлу тек бүтіні мен бөлігі бар нәрселерге қатысты ғана қолданылады. Алла Тағала олай сипатталмайды. Сондықтан (Алланың толық заты немесе бір бөлігі деп) бөлудің өзі дұрыс емес.

Алланы түсте көру мәселесі. «Алла Тағала тек ақыретте көрінеді» деуші ғалымдар адамның түсінде көріп, көре алмайтындығына қатысты әртүрлі көзқарас білдірген. Бір топ ғалымдар «Алла Тағаланы түсте көру мүмкін емес. Себебі, түсте көрінген нәрсе тек қиялдау мен елестерден тұрады. Сондықтан мұндай нәрселерді **Қадим** (яғни, бастауы жоқ) Аллаға телу мүмкін емес» дегенді айтса, кейбір ғалымдар оны бейне-пішінсіз, бір нәрсеге ұқсатпай, белгілі бір тұста демей, бетпе-бет келу ұғымдарынан тыс деп есептеген жағдайда, мүмкін екендігін айтады. Сондай-ақ, кейбір кісілердің түсінде көргендігі туралы деректер де бар⁹³.

Мүмкін болатын себебі, негізінде көруге болатын затты түсте көру мен ояу кезде көрудің арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Өйткені, ұйқыдағы көру адамның жүрегі мен рухы арқылы жүзеге асады. Осыған орай түсте көруді көрудің бір түрі дей аламыз. Омар әл-Фарук⁹⁴ (Алла разы болсын) бір сөзінде: «Жүрегім Раббымды көрді» деген.

Тура жолға бағыттаушы – тек Алла ғана!

⁹³ Әбу Иәзид әл-Бистамидің жеткізуі бойынша: «Жаратқан иені түсімде көріп Одан: «Саған қалай барамын?» деп сұрадым. Сонда Жаратқан: «Нәпсіңді тәрк ет те кел!» деді. Ахмад ибн Хадрауия да Жаратқанды түсінде көрген екен. Хақ Тағала оған: «Әй, Ахмад! Адамдардың бәрі менен бір нәрселер сұрайды, ал Әбу Иәзид Мені сұрауда» деген. Үмбеттің әйгілі тақуа құлдарының ішінде Хамза әз-Зәййат, Әбу әл-Фәуәрис, Шах ибн Шужаа әл-Кирмәни, Мухаммед ибн Али әт-Термези, Шейх әллама Шәмсуләимма әл-Кердерилердің (Олардың баршасын Алла рақымына бөлегей) Алла Тағаланы түстерінде көргендіктеріне қатысты мәліметтер бар. Сонымен қатар Бұхарада құлшылыққа ерекше берілген, адамдардың арасында көп байқала бермейтін, тек түндерде ғана көзге көрінетін бір жас жігіт бар еді. Ол туралы сұрастырған кезде адамдар ол жайлы «Хақ Тағаланы көрген» деп айтқан екен (Әбу әл-Бәрәкәт ән-Нәсәфи. Әл-Итимад, 34-парақ).

⁹⁴ Әділетті халифалардың екіншісі Омар ибн Хаттаб, әділдігімен танылғандықтан әл-Фарук деп аталған. (қайт. 23h/644ж).

1.10. Алланың қалауы (ирадасы)

Әһлі сүннет «ирада (қалау) сипаты Алла Тағаланың затында ежелден бар» деп есептейді. Ирада – жаратылатын нәрсенің қандай бейнеде, қай уақытта жаратылатындығын өз еркімен таңдау сипаты⁹⁵. Философтар мен батинилер ирада сипатының барын жоққа шығарса, нажжария ағымы «Алланың «ирада» деген айырықша сипаты жоқ. Бірақ, затында қалаушылық бар» деген. Мұғтазилиттер «Алла (өз бойында әуел бастан жоқ) кейіннен жаратылған ирадасымен қалаушы» дегенді айтады⁹⁶.

Бұл мәселедегі біздің (ирада (қалау) сипаты Алла Тағаланың затында ежелден бар деген) көзқарасымызға мына аяттар дәлел болады:

(اللَّهُ يَفْعَلُ مَا يَشَاءُ)

«Алла Өз қалағанын істейді»⁹⁷

(إِنَّ اللَّهَ يَحْكُمُ مَا يُرِيدُ)

«Алла күдіксіз Өз қалауы бойынша үкім шығарады»⁹⁸,

(إِنْ أَرَادَنِيَ اللَّهُ بِضُرٍّ هَلْ هُنَّ كَاشِفَاتُ ضُرِّهِ أَوْ أَرَادَنِي بِرَحْمَةٍ هَلْ هُنَّ مُمْسِكَاتُ رَحْمَتِهِ)

«...Алла маған бір зиянды істі қаласа, сендердің пұттарың оның қалауына әсер ете ала ма? Яки, маған Алла бір рақымшылықты қаласа, олар бұған кедергі бола ала ма?»⁹⁹. Осыған ұқсас басқа да аяттар –Алланың қалау еркіне дәлел.

Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша, Алланың «мәшиәсі» (қалау, тілеу) мен «ирадасы» – екеуі бір нәрсе. Каррамия «Алланың мәшиәсі ежелден бар, ал ирадасы кейіннен жаратылған» деп есептейді. Сәлаф ас-салихтан жеткен дерек пен ғұламалардың ортақ көзқарасына сай келмейтін бұл көзқарас – мүлде қате. «Мурид» сөзі – өзінде қалау еркі бар нәрсеге қатысты қолданылады. Олай болса, «Алланың затына кейіннен жаратылған нәрсе орналасады» деп айтпау үшін, ежелден бар Алланың затында ирада

⁹⁵ Ирада және машиә – қалау, тілеу, бір нәрсені болдыруға да, болдырмауға да күш-күдіреті жететін жаратушының осы екі нәрсенің бірін өз еркімен таңдауы.

⁹⁶ Батиния, философтар мен мұғтазилиттердің Алланың сипатына байланысты көзқарастарын «Алланың сипаттары» деген тақырыптан оқып білуіңізге болады. Сонымен қатар «ирада» мәселесіне қатысты кейбір мәліметтерді «Тәкуин және мукәууан» тақырыбынан оқи аласыз. Алла Тағаланың «ирада» (қалау) сипатын мойындамаушылардың көзқарасының түйіні мынада: Ираданың мәні – қалау, тілеу. Мұндай сипатты Аллаға телу дұрыс емес. Сонымен қатар, кейде адам баласы бір нәрсені жасап-жасамау мәселесінде күмәндануы мүмкін. Сосын ниет және қалауы арқылы оның күмәні жойылып, сол іске бекінеді. Ал мұндай жағдай Аллаға тіптен лайық емес. Демек Оның қалау сипатының болуы мүмкін емес. Алланың қалауының хадис екенін алға тартқан мұғтазилиттерге келсек, олар: «Егер қалау еркі ежелден бері бар десек, онда Оның затымен қатар тағы да бір қадим нәрсе бар болып шығады. Өз кезегінде бұл исламның таухид ұстанымына қайшы. Егер Алланың қалауы қадим десек, онда оның қалауы арқылы жүзеге асқан нәрселер де қадим болып шығады» дейді. Ал каррамиялардың ойынша, хадис болып табылатын нәрсе Алланың заты арқылы қадим болады. Сондықтан болмысы хадис, яғни кейіннен жаратылған қалау сипаты Алланың заты арқылы қадим болады («әл-Кифая». 34 парақ а-б беттер).

⁹⁷ «Әли-Имран», 40-аят.

⁹⁸ «Маида» сүресі, 1-аят.

⁹⁹ «Зұмар» сүресі, 38-аят.

сипатының да ежелден бар екендігін қабылдау қажет.

Белгілі бір уақытта, белгілі бір мөлшерде жаратылған нәрселерді Алла Тағала құдіреті және жаратушылығымен басқа уақытта, басқаша формада жарата алатындығы ақылға сай келеді. Ал енді болмыстың жаратылу уақыты мен пішінін белгілейтін осы ирада сипаты болмаса, жаратылыс қазіргі кездегідей күйде болмас еді. Алланың затында ирада жоқ десек, әлемді жаратуы ықтиярсыз күйде жүзеге асқан деген мағына шығады. Өйткені, мәжбүрлілік пен қалау, күштеу мен еріктілік арасында басқа қандай да бір ұғым жоқ (не мәжбүрлі, не ерікті болады). Ал, ықтиярсыздық дәрменсіздікті білдіреді.

Мұғтазилиттер алға тартқан «Алла Тағаланың кейіннен жаратылған әрі ешқандай орында болмайтын бір қалау сипаты бар» – деген көзқарасын да біз қате деп есептейміз. Өйткені бұл ирада – не Алланың жаратуымен немесе өздігінен пайда болады. Егер әлдекім «Бұл ирада өздігінен пайда болған» деп қарсы уәж айтса, өз кезегінде бұл түсінік Жаратушы Алланы жоққа шығаруға алып барады. Егер ол: «Алланың жаратуы арқылы пайда болған», – десе, оған: «Оны өз қалауымен (ирадасымен) жаратқан ба? Жоқ, өз қалауынсыз жаратқан ба?», – деп қарсы сұрақ қоямыз. «Өз қалауынсыз жаратқан» десе, Алла жаратуға мәжүр болды дегені. Ал «Қалауымен жаратты» десе одан: «Бұл қалауы кейіннен жаратылған ба, ежелден бар ма?» – деп сұраймыз. «Ежелден бар» десе, біздің күткен жауабымызды бергені. Ал «кейіннен жаратылған» десе, («оны Алла қалауымен жаратты ма, қалауынсыз жаратты ма?» деген) жоғарыдағы сұрағымыз қайта қойылады. Сөйтіп шексіз тізбектеліп кете береді.

Тура жолға бастаушы – бір Алла ғана!

ЕКІНШІ БӨЛІМ ПАЙҒАМБАРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

2.1. Пайғамбарлықтың дәлелі

Әһлі сүннет ғалымдарының көпшілігі: «Алла Тағала пайғамбар жіберуі мүмкін. Бұл ақылға қонымды нәрсе» десе, кейбір ғалымдар: «Хикметін білдіру қажеттілігі тұрғысынан – уәжіп (міндет)» деген. Сумания мен брахманистер «пайғамбардың жіберілуі мүмкін емес» деп санайды.

Әһлі сүннеттің дәлелі: Алла Тағаланың құлдарына қатысты әмірлер мен тыйымдарды және ақыл-ой жете бермейтін дүниелік және ақыреттік бақытқа қол жеткізудің жолдарын көрсетуі – мүмкін нәрселер санатына жатады. Тіпті бұл пайғамбар жіберудің мақсатына сай келеді. Олай болса, құлдарының арасынан кейбіреуін таңдап, шынайы аян беруі яки уахи арқылы аталған мәліміттерді оларға үйретуі – ақылға сыйымсыз нәрсе емес. Міне осы таңдаулы адамдар Алланың әмірлерін пенделерге жеткізеді. Алла Тағала ондай тұлғаларға жеткізетін хабарларының дұрыстығын көрсететін айқын бір белгі береді. Бұл белгі – мұғжиза деп аталады.

Мәселені ары қарай түсіндіре түссек, Алла Тағала жаннат пен тозақты жаратқан. Бірінде достарына сый даярласа, екіншісінде дұшпандарына арнап азап дайындаған. Мұндай нәрселерді егжей-тегжейлі анықтауға адамның ақыл-ойы жете бермейді. Сондай-ақ, дүниеде пайдалы нәрселер мен қатар зиянды нәрселерді де жаратқан. Бірақ пайдалысы мен зияндысын, улысы мен дауалысын бір-бірінен ажырату қабілетін сезім-түйсікке де ақылға да бермеген. Бұлардың кейбірі өмірге қауіп төндіретіндіктен, пенденің оларды ақыл арқылы бір-бірден сынап көріп тәжірибе арқылы ажыратуы да мүмкін емес. Олай болса, иләһи хикмет пайғамбарлардың жіберілуін қажет етеді. Өз кезегінде пайғамбарлар пенделерге ақыретте қандай нәрсе күтіп тұрғандығын, дүниеде не істеу керек екендігін үйретіп:

(يَهْلِكُ مَنْ هَلَكَ عَنْ بَيِّنَةٍ وَيَحْيَى مَنْ حَيَّ عَنْ بَيِّنَةٍ)

«Құрдымға кеткісі келген адам яки тіршілікке бет алған адам өзінің қайда кетіп бара жатқанын білуі үшін»¹⁰⁰ деу арқылы тіршілік етуге қажетті нәрселерге бағыттап, құрдымға итермелейтін нәрселерге тыйым салады.

Сұрақ: Егер пайғамбарлар ақылға қонымды нәрселерді әкелетін болса, ақыл оны табуға қауқарлы ғой. Егер жеткізгендері ақылға қонымсыз келсе, онсыз да ақыл оны қабылдамайды. Сонда пайғамбар жіберудің қандай мәнісі бар?

Жауап: Пайғамбар ақыл-ой жетпейтін, түйсіктік қабілеттер қамти алмайтын нәрселерді де жеткізуі мүмкін. Өйткені ақыл-ой үш түрлі тұжырымға негізделеді: болуы міндетті, мүмкін емес, рұқсат етілген. Ақыл-ой болуы міндетті немесе мүмкін емес нәрселерді оңай анықтай алғанымен (рұқсат етілген) ықтималды нәрселерге келгенде оң не теріс үкім шығара алмай күмәнданады. Ықтималдық шеңберіне кіретін нәрселерді міндеттей де алмайды, тыйым сала да алмайды. Бір нәрсенің нәтижесін жақсы деп көрсе, соған мән береді де, нәтижесі жаман деп тапқан нәрседен бет

¹⁰⁰ «Әнфал» сүресі, 42-аят.

бұрады. Сондықтан пайғамбар Алла Тағаладан келген уахи арқылы істердің нәтижесін түсіндірген кезде ақыл бұл істің бақытқа жетелейтіндігіне көз жеткізіп, соған қарай ұмтылады. Құрдымға кетіріп, түбіне жететін нәрселерді де түсініп, олардан сақтанады.

Негізінде дін ақыл-ой арқылы білуге болатын кейбір істерді де адамға жеңілдік көрсету үшін түсіндіруі мүмкін. Себебі, ондай нәрселерге көз жеткізу үшін көп ойланып, үздіксіз ізденіп, мүлтіксіз зерделеу керек болады. Егер адамдардың бәрі осының түбіне жетумен айналысса, тіршіліктің бәрі жайына қалары сөзсіз. Пайғамбарлар арқылы осындай істердің мән-жайын түсіндіруі Алла Тағаланың мейірімділігі мен рақымдылығын көрсетеді. Сондықтан, Алла Тағала (пайғамбарымызға):

(وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ)

«Біз сені әлемдерге рақым ретінде жібердік»¹⁰¹ деген.

Біздің мәһабимыз бойынша, пайғамбар тек ер кісілерден таңдалады. Әйел болу пайғамбарлық міндетке сай келмейді. Ашғарилардың көзқарасы біздікінен өзгеше. Енді көзқарасымызды негіздеуге келсек. Пайғамбарлық міндеті хақ дінге шақыру кезінде халықпен емін-еркін араласуды талап етеді. Ал әйел (жаратылысына сай) етек-жеңін қымтап ұстауы (топ ортасында әдеп сақтауы) қажет. Сондықтан бұл – пайғамбарлық миссияның мақсатына қайшы.

Негізінде пайғамбар ақылға қонымды нәрселерді әкеледі әрі өзінің пайғамбар екенін дәлелдеу үшін мұғжиза көрсетеді. Өйткені, мұғжиза көрсетпесе, оның сөзін тыңдау уәжіп (міндетті) емес. Харижиттер мен ибадия ағымы өкілдері: «Мұғжиза көрсетпесе де пайғамбарды тыңдау уәжіп» деген. Бұл – қате. Себебі, хақ пайғамбар мен жалған пайғамбардың аражігін тек мұғжиза арқылы ажырата аламыз. Сондықтан да мұғжиза көрсетпесе, оған бағыну міндетті емес.

Мұғжиза – табиғат заңдылығына бағынбайтын, қарапайым адамдардың оны жасауға қауқарсыз екенін көрсететін ерекше жағдай. «معجزة» сөзінің соңындағы «ة» «тә марбута» әрібі әйел текті сөз екендігін емес, күшейтпелі мағынаны білдіреді. Кәләм ғалымдары мұғжизаға: «Мұғжиза – жоққа шығарушылармен күрес кезінде пайғамбарлық міндет жүктелген тұлғаның басқалар қайталай алмайтындай табиғат заңдылықтарынан тыс құбылыс көрсетіп, оларды шарасыз қалдыруы» деп анықтама берген.

Мұндай мұғжизаның пайғамбарлардың сенімділігін арттыруына келсек, біз мұғжиза құлдың ісі емес Алла Тағаланың құдіреті (ісі) екендігін білеміз. Мысалы, асатаяқты жыланға айналдырып жорғалату, өлген адамды тірілту секілді істер. Пайғамбарлық міндет алған тұлға «Егер мен шынымен сенің пайғамбарың болсам, мынадай нәрсе көрсетші» дегенде Алла Тағала мұғжиза жарататын болса, бұл «Иә, сен шынайы пайғамбарсың!» дегенмен бірдей. Мәселен, бір кісі патша сарайына келіп оның қоластындағыларға өзінің патшаның елшісі екендігін дәлелдеу үшін, патшаның құзырына келіп: «Сенің елшің екендігімді растасаңыз, мен үш рет орныңнан тұр дегенде тұрып, отыр дегенде отырыңыз» деп өтінгенде патша (оның елшілігін растау үшін) айтқанын орындаса және қол астындағылар бұлай істеу патшаның күнделікті әдетіне сай емес екенін білсе, өз кезегінде оның бұл ісі «Иә, сен мен жіберген елшісің»

¹⁰¹ «әл-Әнбия» сүресі, 107-аят

деген сөзінің орнына жүреді. Міне, мұғжиза да сол секілді.

Тура жолға салушы – бір Алла!

Мұхаммед Пайғамбардың пайғамбарлығының дәлелі.

Пайғамбарлықтың бар екендігін дәлелдеп көрсеттік. Енді пайғамбарымыздың хақ елші екендігін дәлелдеуге тырысайық. Пайғамбарларды дәлелдеуде Мұхаммед пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басты негіз болып саналады. Өйткені басқа пайғамбарлардың пайғамбарлықтары соның айтқандары негізінде дәлелденеді¹⁰². Пайғамбарымыздың пайғамбарлығын екі түрлі жолмен дәлелдеуге болады¹⁰³:

Ақыли мұғжизасы

Біріншісі – Құран Кәрім. Пайғамбарымыз арабтар мен басқа халықтардың әдебиетшілері қайталай алмайтын Құран сөздерін әкелу арқылы оларды шарасыздыққа түсірді. Алла Тағала Құранда:

(وَإِنْ كُنْتُمْ فِي رَيْبٍ مِّمَّا نَزَّلْنَا عَلَىٰ عَبْدِنَا فَأْتُوا بِسُورَةٍ مِّنْ مِّثْلِهِ وَادْعُوا شُهَدَاءَكُمْ مِّنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ)

«Егер құлымыз Мұхаммедке түсірген Құранға күмәндансаңдар, қанеки, сендер де соған ұқсас бір сүре жазып көріңдерші»¹⁰⁴

(قُلْ لَئِن اجْتَمَعَتِ الْإِنْسُ وَالْجِنُّ عَلَىٰ أَنْ يَأْتُوا بِمِثْلِ هَذَا الْقُرْآنِ لَا يَأْتُونَ بِمِثْلِهِ وَلَوْ كَانَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيرًا)

«Оларға айт: барлық адамдар мен жындар жиналып, бір-біріне көмектесе де

¹⁰² Бір тұлғаны пайғамбар деп тану үшін, күдік тудырмайтын нақты дәлел керек. Бұл дәлел мұғжиза немесе мутауатир жолмен келіп жеткен дерек арқылы жүзеге асады. Өткен пайғамбарлардың мұғжизасын көруіміз мүмкін емес. Пайғамбарымыздан басқа, олар туралы мутауатир жолмен келіп жеткен дерек те жоқ. Олай болса, алдымен Мұхаммед Мұстафаның (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығын дәлелдеуіміз қажет. Ал, одан жеткен мутауатир деректер арқылы басқа пайғамбарлардың пайғамбарлығын білген боламыз. Құранда аталған пайғамбарлардың пайғамбарлығын нақты білеміз. Ал, тарихи әдебиеттер мен шежіре, дастандарда келген пайғамбарлар туралы нақты үкім бермейміз. Пайғамбарлардың санына байланысты да нақты ешнәрсе айта алмаймыз. Себебі, бұл туралы хадистер ахад хадистер болғандықтан кесімділікті білдірмейді. Барлығына иман келтіреміз. Егер нақты санын көрсетер болсақ, шын мәнінде одан көп болса, олардың пайғамбарлығын мойындамаған боламыз. Ал, одан аз болса, пайғамбар емес адамдарды пайғамбар деп санаған боламыз. Тек қана «пайғамбарлардың ең алғашқысы – Адам ата, ең соңғысы – Пайғамбарымыз Мұхаммед (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)» деп айтамыз. Құран Кәрімде де Алла Тағала: (وَرُسُلًا قَدْ قَصَصْنَاهُمْ عَلَيْكَ مِنْ قَبْلُ وَرُسُلًا لَمْ نَقْصُصْهُمْ عَلَيْكَ) **«Кейбір пайғамбарлар туралы біз саған айттық, ал кейбіреуін айтпадық...»** деген («Ниса» сүресі, 164-аят). (Тафтазанидың «шарх әл-ақайд» атты еңбегінен).

¹⁰³ Пайғамбарымыздың пайғамбарлығын дәлелдейтін мұғжизалар кәләм ғалымдарының көзқарасы бойынша, үш түрлі: 1) Әр ғасырдағы ақыл-ойы бар адамдардың рухани (ақыли) мұғжизасы – Құран. 2) Пайғамбар кезеңіндегі адамдардың көзімен көрген таңғажайып істері. 3) Бұрынғы өткен заманда болған оқиғалар мен келешекте болатын оқиғалардан хабар беруі. Автордың екі түрлі деп айтуының себебі, екінші және үшінші түрін бірге қарастырған.

¹⁰⁴ «Бақара» сүресі, 23-аят.

мына Құранға ұқсас сөз құрай алмайды»¹⁰⁵ деген. Осы және осы секілді өзге де аяттарға орай, әдебиетшілердің Құран секілді кітап жазуға ешқашан шамасы жетпеген. Егер бұған шамасы келсе, пайғамбарымыздың пайғамбарлығын мойындамауға сылтау таба алмай жүрген олар, пайғамбарлықтың негізгі дәлелі саналатын Құранды жоққа шығаруға барын салып, міндетті түрде жасар еді. Ал дәл Құран секілді мәтін жаза алған болса, өзін пайғамбар санаған Мусайлама әл-Кәззәбтың¹⁰⁶ қисынсыз сөздері мен сандырақтары секілді (қарсыластары арасында) кең таралып, бүгінге дейін жетер еді. Міне бұл – біздің айтқанымызды қуаттайтын бұлтартпас дәлел.

«Олардың бұл іспен айналысуына мүмкін соғыс зардабы мен тұрмыс қиыншылығы кедергі болған шығар?» деген ой айтылса, оған былайша жауап беріледі:

Біріншіден, Пайғамбарымыз оларды осы іске соғыс орын алмастан көп жыл бұрын шақырған. Екіншіден, арабтар үшін өздерінше дұрыс деп санаған діндерін, қасиетті ұғымдарын сақтап қалу тұрмыс-тіршіліктің қамынан әлдеқайда маңызды еді. Сондықтан, бұлай айтуға еш негіз жоқ.

Сұрақ: Сол кездегі әдебиетшілер мен ақындар Құран секілді мәтін жазған шығар. Бірақ, оны мұсылмандар елемей, ұмыттырып, Құранды кең таратқан болуы мүмкін емес пе?

Жауап: Ол кезеңде пайғамбарға қарсы келгендердің саны мұсылмандардан әлдеқайда көп еді. Егер Құранға ұқсас мәтін жазуға қол жеткізген болса, мұсылмандардың пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі мен ыстық ықыласы Құранды бір-біріне жеткізіп, танымал етуге себеп болғаны секілді, олардың да ішіндегі өшпенділік пен пайғамбарға деген дұшпандықтары әлгі мәтінді өз араларында кеңінен таратуға итермелеген болар еді. Дегенмен, Құранға ұқсас мәтіннің жазылғандығына қатысты ешқандай дерек қалмаған. Демек, сол кезеңдегі әдебиетшілердің қолынан келмеген. Араб әдебиеті мен шешендік өнерінің майталмандары дәрменсіз қалғанда, кейінгі ғасырларда келген араб емес халықтардан мұндайдың шығуы әсте мүмкін емес.

Көз көріп, құлақ естіген мұғжизалары

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығының екінші дәлелі – бізге деректер арқылы жеткен, құлақ естіп, көз көретін мұғжизалары. Мұндай мұғжизалардың кейбірі оның бойынан байқалса, кейбірі басқа да құбылыстар ретінде орын алады. Оның бойында бар (ерекше қасиеттер) мұғжизалар: Оның ата-бабасынан бері әкеден шешеге, шешеден балаға келе жатқан бір нұрдың маңдайларында кезегімен жарқырап тұруы¹⁰⁷. Түр-тұлғасы мен қасиеттерінің, келетін уақыты мен оған еретіндер туралы мәліметтердің бұрынғы қасиетті кітаптарда (Таурат, Інжіл) айтылуы¹⁰⁸. Ерекше тұлғасына байланысты, түр-келбеті мен күш-қайраты, кісілігі мен көркем мінезіне қатысты Али ибн Әбу Талиб, Һинд ибн Әбу Хала¹⁰⁹ және Үмму

¹⁰⁵ «Исра» сүресі, 88-аят.

¹⁰⁶ Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін өзін пайғамбармын деп жариялаған Мусайлама ибн Сумама деген адам. Хижраның 12-жылы өлтірілген. Оның танымалдығы соншалық кейінгі кезеңде араб халқында «Өтірік айтқанда Мусайламадан асып түседі» деген мәтел қалыптасқан.

¹⁰⁷ Әл-Ағлам ан-Нубууа, 132-бет; Дәләил ан-Нубууа; 89-бет. Уюн әл-әсар, 26-бет; Тарих ат-Табари, II-том, 6-бет.

¹⁰⁸ «Ағраф» сүресі, 157-аят; Сахих әл-Бұхари, буюғ, 50; Сұнан ат-Термези, 12/104.

¹⁰⁹ Пайғамбарымыздың өгей ұлы. Тамим руынан шыққан. 36h/656 жылы қайтыс болған.

Мағбад¹¹⁰ секілді кісілерден жеткен деректер¹¹¹. Әрі мұндай ерекшеліктердің бұрын-соңды ешкімнің бойында кездеспегендігі – көзі ашық, көкірегі ояу жандар үшін оның пайғамбарлығына бұлтартпас дәлел. Міне, бұл оның тұлғалық қасиетінің кемелдігін, абыройының асқақтығын көрсетеді. Мұндай қасиеттер өзге ешкімде болмаған. Пайғамбарымыздың (оның түр-тұлғасы мен бітіміне қарап) бала күнінің өзінде ерекше жаратылысын байқаған Әбу Бәкір Сыддық (Оған Алла разы болсын) ішінен: «Бұл адам ұлық бір істі атқару үшін жаратылса керек» –¹¹² дейтін. Пайғамбарымыз оны иманға шақырып барғанда, ол сөзге келмей бірден: «Міне, сенен мен осыны күткен екенмін ғой» деген. Сахаба Абдулла ибн Сәлам¹¹³ да алғаш рет пайғамбарымызбен жүздескенде: «Бұл жүзде жалғандықтың жұрнағы да жоқ»¹¹⁴ деген. Ақын сахабалардың бірі Абдулла ибн Рауаха¹¹⁵ Пайғамбарымыз туралы өлең жолында былай дейді:

لَوْ لَمْ تُكُنْ فِيهِ آيَاتٌ مَّبِينَةٌ
كَأَنَّتْ بَدِيهَتُهُ تَنْبِيْكَ بِالْخَبْرِ

Болмаса да мұғжизалар көрінген,
Пәк жүзінен пайғамбарлық сезілген.

Пайғамбарымыз ғибратқа толы ғұмырының қайғысында да, қуанышында да, кез келген жағдайда осы кемел әрі көркем мінезінен бір таймаған. Тіпті қас дұшпандарының өзі оның бойынан мін таппаған. Міне осы қасиеттері – оның пайғамбарлығының ең үлкен дәлелі. Сондай-ақ, Хикмет иесі Ұлы Алла Тағаланың пайғамбар емес біреуді пайғамбар секілді көрсетіп, мұнша ерекшеліктер мен қасиеттерді беріп, оған жиырма үш жыл бойы мүмкіндік жасап, оның әкелген дінін басқа діндерден үстем етіп (әлемге жайып), қайтыс болғаннан кейін де шарифатын қияметке дейін жалғастыруы – ақылға сыйымсыз.

Оның түр-тұлғасы мен мінез-құлқына қатысты емес, түрлі жағдайларда көрініс тапқан мұғжизаларға мына оқиғаларды мысалға келтіруге болады:

Айды ортасынан қақ жаруы¹¹⁶, ағашқа жан бітіп, шақырғанда келуі¹¹⁷, тасқа тіл бітуі¹¹⁸, томардың ыңыранған дыбыс шығаруы¹¹⁹, түйеге тіл бітіп шағым айтуы¹²⁰,

¹¹⁰ Атика бинти Халид, Хузаға тайпасынан. Пайғамбарымыз һижра жасаған кезде қой сауып берген әйел. (әл-Исаба)

¹¹¹ Бұхари, Мүслим, Термези хадис жинақтарында келеді.

¹¹² Пайғамбарымыздың ол туралы мынадай хадистері риуаят етіледі: «Мен кімге исламды түсіндіріп барсам, үрке қарайтын не ойланып қалатын. Ал, Әбу Бәкір үрке қараған да жоқ, ойланған да жоқ».

¹¹³ Тегі яһуди сахабалардың бірі. Пайғамбарымыз Мадинаға келгенде мұсылман болған. 43h/664 жылы қайтыс болған. (әл-Исаба)

¹¹⁴ Пайғамбарлығын жоққа шығарып, сандырақтады, ақылынан адасты деген секілді жалалар жабылып жатқан уақыт болса керек.

¹¹⁵ Ансарлардың хазраж деген руынан шыққан танымал ақын.

¹¹⁶ Сахих әл-Бұхари, 4/186, манакиб 27; Сахих Мүслим № 2800-2803. Сұнан ат-Термези, 2182;

¹¹⁷ Сұнан ат-Термези, 12/211; Сүнән ибн Мәжә, №4028;

¹¹⁸ Сахих Мүслим, №2277; Сұнан ат-Термези, 12/110.

¹¹⁹ Бұхари, 4/174; Сұнан ат-Термези, 12/111; Пайғамбарымыз құрманың томарын мінбер етіп құтпа оқып тұрғанда ыңырсған дауыс шыққан. Ибн Кәсир өз тәпсірінде бұл хадистің мутауатир жолмен жеткендігін айтқан.

¹²⁰ Дәләил ан-нубууа, 326-бет; Әл-Бидая уа ан-ниһая, № 893.

қуырылған қой етінде у бар екендігін сезуі, бұлттың үнемі көлегейлеп, еріп жүруі¹²¹.

Хабари (Құран және хадистердегі) мұғжизалары

Пайғамбарымыздың бұрынғы өткен және болашақта орын алатын оқиғалардан хабар беруі де – оның ең үлкен мұғжизаларының бірі.

а) өткен тарихқа қатысты адамзат жаратылғаннан бері келіп-кеткен пайғамбарлар мен оның үмбеттері туралы оқиғаларды баяндаған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл мәліметтер мен оқиғаларды түрлі жағдайларға қатысты, түрліше сөздермен жеткізген кезде әһлі кітап (июдей, харистиан) ғалымдары да оларды (Пайғамбарлар мен олардың қауымдары туралы Таурат пен Інжілде де кездесетін мәліметтерді) естіген. Ал сол ғалымдардың ешқайсысы да пайғамбарымыздың сөзін жоққа шығарып, сын айта алмаған. Пайғамбарымыз бұрын-соңды олардың кітаптарын оқып көрмеген әрі олармен қоян-қолтық араласқан да емес. Бұл – оның пайғамбарлығын және Алладан келген уахиға ғана сүйене отырып айтқандығын нақты көрсетеді.

ә) келешекте орын алатын оқиғаларға қатысты алдын-ала айтқан хабарларының кейбірлерін атап өтсек. Мысалы, Бәдір шайқасы болатын күні жау жақтан кімдердің, қай жерде жер жастанатынын хабарлаған. Айтқандары айна-қатесіз дәл солай орын алғанды¹²². Бану Ханифа тайпасы мен ирандықтар арасында соғыс болатынын, шайқаста Иран шахы жеңіліп, дәурені таятындығын, өзі әкелген дінінің батыс пен шығыстың ең шалғай жерлеріне дейін таралып, басқа діндерден үстем түсетіндігін айтқан. Осының бәрі болашаққа қатысты хабар берген мұғжизаларына жатады. Шынымен де айтқандары дәл келіп отырған¹²³.

Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хабарларды жеткізу барысындағы күйі балгерлік, сәуегейлікпен немесе сиқыршылықпен айналысқандарға, жұлдыз жорамалдаушыларға мүлде ұқсамайтын. Өйткені, олар болашаққа қатысты қандай да бір нәрсе айту үшін өлеңдетіп, әндетіп, лас нәрселерді

¹²¹ Сүнән ат-Термези, 12/106-107; Дәләил ан-нубууа, 126-бет.

¹²² Сахих Муслим, жаннат 17, № 2873; әл-Бидая уа ан-ниһая, № 892.

¹²³ Пайғамбарымыздың келешекке байланысты берген хабарларының кейбірі Құранда келген: (سَيُؤْمِنُ الْجَمْعُ وَيُولُونَ الدُّبُرَ) «Жақында ол мүшріктердің қатары бұзылып, артқа бұрылып, шегіне қашады» («Қамар» сүресі, 45). Меккеде түскен бұл аят Бәдір шайқасында орын алған еді. Бұл туралы «Әнфал» сүресінің 7-аятында: (وَإِذْ يَبْعُدُكُمُ اللَّهُ إِحْدَى الطَّائِفَتَيْنِ أَنَّهَا لَكُمْ) «Міне, Алла сендерге екі тайпаның бірі тізе бүгетіндігін уәде етіп еді ғой», делінген. «Фатх» сүресінде: (سَتُدْعُونَ إِلَى قَوْمٍ أُولِي بَأْسٍ شَدِيدٍ) «... жақында сендер қарулы шайқасқа шақырыласындар», делінеді. Бұл – пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін Әбу Бәкір Сыддықтың халифалығы тұсында, Бәнү Ханифа немесе ирандықтармен болған шайқасты меңзейді. Екуінде де шайқасқа бәдәуилерден әскер шақырылған болатын. Тағы бір аятта: (إِنَّ الَّذِي فَرَضَ عَلَيْكَ الْقُرْآنَ لَرَادِكَ إِلَىٰ مَعَادٍ) «Саған Құранды міндеттеген Алла сені бір күні өз мекеніңе қайтарады», деп, («Қасас» сүресі, 85) Меккеге қайтып оралатындығын айтқан. «Тәубә» сүресінің 33-аятында: (لِيُظْهِرَهُ عَلَى الدِّينِ كُلِّهِ) «Ол хақ дінді басқа діндерден үстем ету үшін...», деп келеді. Яһудилерге қарата айтылған мына аят та бар: (قُلْ إِنْ كَانَتْ لَكُمْ الدَّارُ الْآخِرَةُ عِنْدَ اللَّهِ خَالِصَةً مِنْ دُونِ) (النَّاسِ فَتَمَنَّوْا الْمَوْتَ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ وَلَنْ يَتَمَنَّوَهُ أَبَدًا بِمَا قَدَّمْتُمْ أَيْدِيهِمْ) «...ақыретте сендер ғана жаннатқа кіретін болсаңдар, қане өлімді тілеңдер» дегенде олар істеген күнәларынан қорқып, өздеріне өлім тілемейді» («Бақара» сүресі, 94-95-аяттар).

қолданып, жын-шайтаннан көмек сұрап, түрлі есептеулерге жүгініп жататын. Ал Пайғамбарымыздың бейнесі керісінше, әдеттегідей қарапайым, салмақты әрі байсалды кейпінен өзгермейтін. Ол бұл ісі үшін ешқашан дүниелік пайда талап еткен емес әрі әрдайым Алланы зікір етумен ғана айналысқан.

Жоғарыда аталған мұғжизалардың көпшілігі ахад жолмен жеткенімен, бәрінің мағынасы бір жерден шығады. Осының өзі – Пайғамбардың мұғжиза көрсеткендігінің дәлелі. Міне осылайша, мұғжиза мәселесі Атымтайдың (Хатам ат-Тайидың)¹²⁴ жомарттығы, Нушируанның¹²⁵ әділдігі, әзірет Әлидің батырлығы, Әбу Ханифаның ілімі туралы жеткен хабарлар¹²⁶ ахад жолмен келсе де, мұтауатир дәрежесінде жеткен дерек саналып, нақтылықты (қатғи деректі) білдіреді. Міне мұғжизалар да осы секілді нақты мәліметті білдіреді.

Сұрақ: Кейбір христиандар «Мұхаммед тек арабтардың пайғамбары» дегенді айтады. Оның пайғамбарлығы барлық адамзатқа ортақ екендігін қалай дәлелдейміз?

Жауап: Оның хақ пайғамбар екендігін айтып өттік. Ал Пайғамбар өтірік айтпайды. Ол өзінің барлық адамзатқа жіберілгендігін айтқаны белгілі. Осыған орай Алла Тағала Құранда:

(وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا كَافَّةً لِّلنَّاسِ)

«Хабибім! (Мұхаммед) біз сені барлық адамдарға пайғамбар етіп жібердік»¹²⁷ деген. Тағы бір аятта:

(قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا)

«Оларға: «Ей, адамдар! Мен Алланың сендерге жіберген пайғамбарымын» деп айт»¹²⁸ делінеді. Сонымен қатар, ол Иран шахына, Византия билеушісіне,

¹²⁴ Хатам ибн Абдулла ат-Тайи – жәһилия кезеңінде өмір сүрген, жомарттығы аңызға айналған кісі. 578 жылы қайтыс болған. (әл-Ағлам 2/151).

¹²⁵ Сасани билеушісі. Әділдігімен аты шыққан тұлға. 579 жылы қайтыс болған.

¹²⁶ Әрине Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Алладан келген аянға негізделіп, болашақты болжап айтқан хадистері жетерлік. Кейбір ғалымдар Имам Ағзамның келетіндігін сүйіншілейтін хадистің ең маңыздысы әрі нақтысы ретінде Бұхари мен Мұслим және Әбу Нуғайм әл-Исфahanидың Әбу Һурайрадан (р.а.), Ширази мен Табарани Қайс ибн Сағд ибн Ғубададан (р.а.) және Табаранидың Абдулла ибн Масғудтан (р.а.) риуаят еткен мына хадисті келтіреді:

لو كان العلم بالثريا لتناوله أناس من أبناء فارس

«Ілім аспандағы үркер болса да парсы ұрпақтарының бір тобы оған жетеді». Риуаяттар арасында аздаған өзгешеліктер болғанымен, мағыналық жағынан бәрі бірдей. Имам Мұслим бір риуаятында «العلم» (ілім) деген сөздің орнына «الإيمان» (имамн) деп келтірсе, аш-Ширази «عند الثريا» (үркер жұлдызында) деген сөзден бұрын «معلقا» (ілініп тұрса да) деген сөзді қоса риуаят еткен. Табаранидың Қайс ибн Сағдтан жеткізуінде «Ілім үркер жұлдызында болса, оған арабтардан бұрын парсы әулетінен шыққан бір тобы жетеді» деп келеді. Осы хадисті негізге алған ханафи ғалымдары парсы жұртынан Имам Ағзам секілді тұлға шықпағанын алға тартқан. Бірақ нақты Имам Ағзамның атын атап, түсін түстеген нақты хадис жоқ. Сонымен қатар кейбір кітаптарда Имам Әбу Ханифа туралы «Үмбетімнен аты Нұғман, лақаб аты Әбу Ханифа деген бір кісі келеді. Ол үмбетімнің шамшырағы», «Алланың дінін менің сүннетімді жандандыратын менен кейін Сәбитұлы Нұғман лақаб аты Әбу Ханифа деп аталатын біреу келетін болады», «Үмбетімнің әр ғасырда ғылымда бір көшбасшысы болады. Әбу Ханифа да өз заманында ғылымның көшін бастайды» деп келген хадистердің ойдан шығарылған екендігін көпшілік ғалымдар айтқан.

¹²⁷ «Сәбә» сүресі, 28-аят.

¹²⁸ «Ағраф» сүресі, 158-аят.

айналасындағы басқа да мемлекеттердің әміршілеріне елшілер жіберіп, оларды исламға шақырды¹²⁹. Олардың ішінде Нәжаши¹³⁰ және тағы басқа бірқатар адамдар исламды қабылдаған. Міне осының бәрі оның барлық адамзатқа жіберілген хақ пайғамбар екендігін көрсетеді.

Жетістікке жеткізуші – бір Алла ғана!

2.2. Пайғамбарлықтың ерекшеліктері

Пайғамбардың өзіне тән кейбір сипаттары болады. Осы сипаттар арқылы олар Алла мен адамдар арасында елшілік жасауға лайық саналады. Алла Тағала: «**Алла пайғамбарлықты кімге беретінін жақсы біледі**»¹³¹ дейді.

Осы сипаттардың бірі – өз кезеңінде өмір сүрген адамдардың ең ақылды кеменгері әрі ең көркем мінездісі болуы. Пайғамбар болатын тұлғаның бойында пайғамбарлық міндетті атқаруға кедергі келтіретін кемістіктердің кездеспеуі шарт. Егер пайғамбарлықтан бұрын ондай кемістік орын алса, пайғамбарлық берілген кезде Алла өзі оның бойындағы ол кемістікті жояды. Мәселен, Мұса пайғамбардың тіліндегі мүкістікті Алла Тағала оның дұғасы арқылы жазып жіберген¹³².

Пайғамбар – сөзі мен ісінде беделіне нұқсан келтіретін қате-күнәлардан қорғалған (мағсум). Егер байқаусызда қандай да бір қателікке бой алдырса, кемшілігін сол күйі қалдырып қоймай, Алла Тағала дереу хабардар етіп, оған сол сәтте ескерту жасайды. Мұндай түзетуді пайғамбардың өз еркіне қалдыру былай тұрсын, бір сәтке де кешіктірмейді.

Үлкен ұстаз Имам Әбу әл-Мансур әл-Матуриди (Алла нұрын арттырсын): «Күнәдан пәк болу – қиыншылықтан арылтпайды» – деген. Яғни, пайғамбардың күнәдан пәктігі – оны бойсұнуға мәжбүрлеу емес. Әрі, күнә істеуге шамасын жеткізбеу де емес. Ол – игі іс істеуге жетелеп, жамандықтан тыятын Алланың берген артықшылығы. Бірақ, Алланың сынағының белгісі ретінде пайғамбарда да ирада (қалау еркі) болады.

Мұсылмандардың басым көпшілігі «пайғамбарлар пайғамбарлық келгеннен кейін де, келмей тұрып та күпірлік келтіруден қорғалған» десе, харижиттердің фудайлия ағымы бұған қарсы пікірде¹³³.

Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша, пайғамбардың күнәдан қорғалуы уахи келгеннен кейінгі кезеңге қатысты. Хашауия тобының сенімінде бұлай емес. Себебі,

¹²⁹ Сахих әл-Бұхари, 1/4, бәдул-уахи 6, әл-мағази 82; Сирату Ибн Хишам, 4/1025; Дәләил ан-нубуа 287-бет.

¹³⁰ Хабашстан билеушісі Асхама ибн Абхар. Арабша аты Атыйя, Пайғамбарымыздың кезінде мұсылман болғанымен пайғамбарымызды көрмеген. 9һ/630 жылы қайтыс болған. (Сирату Ибн Хишам, 4/1025; Уюн әл-әсар, 2/259-270; әл-Камил, 2/145; Бидая уа ән-ниһая, № 892)

¹³¹ «Әнғам» сүресі, 124-аят.

¹³² «Таһа» сүресі, 25-28, 36-аяттар.

¹³³ Олар «пайғамбар күпірлікке баруы мүмкін» дегенді айтқан. Себебі, олардың ойынша күнә саналатын қателіктің барлығы күпірлік болып есептеледі.

олар Дәуіт, Сүлеймен, Юсуф пайғамбарларға байланысты күнә жасаған деп тұспалдайды. Бірақ, бұл хикаялардың көбісі негізсіз. Ал, кейбірі пайғамбардың абыройына нұқсан келтірмейтіндей түрде ғалымдар тарапынан түсіндірілген¹³⁴.

Пайғамбарлар – Алланың пенделерге жіберген бұлтартпас дәлелдері болып табылады. Алла Тағала Құранда:

(رُسُلًا مُّبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ لِنَاسٍ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ)

«Адамдардың Аллаға айтар сылтауы болмасын деп Пайғамбарларды сүйіншілеу мен ескерту жасаулары үшін жібердік»¹³⁵ деген. Егер пайғамбарлар күнә жасайтын болса, олардың сөзіне ешкім сенбей, Алланың ескертуші (жол көрсетуші) етіп жіберуінің мәні қалмас еді.

Пайғамбарлардың уахидан бұрынғы жағдайына келер болсақ, барлық мұғтазилиттер (фудайлия ағымының тысындағылар) мен харижиттердің көзқарасында «пайғамбар уахи келмей тұрып та мағсум (күнәдан пәк) болуы тиіс». Ал, біздің көзқарасымыз бойынша, пайғамбардың уахи келмей тұрып күнәға бой алдыруы мүмкін. Бірақ ол – өте сирек кездесетін жағдай. Әйтсе де, ол пайғамбарлық келерде дереу дұрыс жолға түсіп, өзгереді.

2.3. Әулиенің кереметі

Біздің көзқарасымыз бойынша, әулиенің кереметі – рас. Көз тию мен сиқыр да – ақиқат. Мұғтазилиттер бұларды мүмкін емес деп есептейді. Біз мұны рационалдық тұрғыдан және діни дәлелдер арқылы да дәлелдей аламыз:

а) Діни дәлелдер: Бұған Құрандағы Сүлеймен пайғамбардың (Оған Алланың сәлемі болсын) уәзіріне қатысты айтылған деректі келтіре аламыз. Ол (Саба патшайымы) Балқыстың патша тағын айшылық алыс жерден қас қағым сәтте алдына әкелген. Бұл туралы Құран Кәрімде:

(أَنَا آتِيكَ بِهِ قَبْلَ أَنْ يَرْتَدَّ إِلَيْكَ طَرْفُكَ فَلَمَّا رآهُ مُسْتَقِرًّا عِنْدَهُ قَالَ هَذَا مِنْ فَضْلِ رَبِّي)

«Ол: «Сен көзінді ашып жұмғанша оны алдыңа әкелемін» деді. (Сүлеймен пайғамбар) оны көргенде: «Бұл – Алланың берген ерекшелігі», – деді» делінген¹³⁶. Нихауандта жүрген Сария Мадинадағы халифа Омардың: «Ей, Сария, тауға қарай! Тауға!» дегенін естіген¹³⁷. Негізінде олардың арасында 500 фарсахтан¹³⁸ астам арақашықтық бар еді. Омар хат жазып, Ніл өзеніне тастаған кезде, құрғауға бет алған

¹³⁴ Бұл туралы толық мәлімет автордың «әл-Мунтақа мин исмат әл-әнбия» атты еңбегінде айтылған.

¹³⁵ «Ниса» сүресі, 165-аят.

¹³⁶ «Нәміл» сүресі, 40-аят.

¹³⁷ Сария ибн Зунайм ибн Абдулла ибн Жабир. Ақын сахабалардың бірі, көптеген жорықтарда қолбасшылық етіп, жеңістерге жеткен. Халифа Омар (Алла одан разы болсын) оны қолбасшы етіп хижраның 23 жылы Иран мемлекетіне аттандырған болатын. 30 жылы қайтыс болған. (әл-Исаба, 3034; әл-Ағлам, 3/112; Дәләил ан-нубууа, 507-бет; әл-Камил 3/21-22; әл-Мақасид әл-Хасана, № 1331)

¹³⁸ Шамамен 2,9 мың шақырым.

Ніл ернеуінен асып, тасыған-ды¹³⁹. Халид ибн Уалидтің ұды ішкеніне қарамастан, дін аман қалған оқиғасы да көпшілікке мәлім¹⁴⁰. Сондай-ақ, табиғиндар мен мұсылман үмбетінен шыққан ізгі жандардың кереметтері туралы деректер көп жеткені соншалық, ахад хабарлар болса да бәрі қосылғанда мұтауатир дәрежесіне көтеріледі. Бұл – кереметтің бар екендігін көрсетеді.

ә) Рационалдық дәлел: Керемет – пенденің мойын сұнуы мен тағат-құлшылығының нәтижесін көрсететін, дінінің хақ екендігіне адамдардың көзін жеткізіп, имандарын арттыратын, табиғат заңдылықтарынан тыс жүзеге асатын Алланың ісі.

Сұрақ: Егер керемет осылай көрініс тапса, ол жағдайда мұғжизаға ұқсап кетіп, әулие мен пайғамбарды бір-бірінен ажырата алмай қалмаймыз ба?

Жауап: Олай емес. Себебі, мұғжиза өзін пайғамбармын деп атаған адамда көрініс табады. Әулие керемет көрсеткенде өзін «пайғамбармын» демейді. Егер ол өзін пайғамбар санаса, сол сәтте иманнан шығып, кәпір болады. Керісінше ол өзінің пайғамбарға еретіндігін нақтылап көрсетеді. Негізінде әулиелердің көрсеткен әрбір кереметі өзі мойындаған пайғамбардың мұғжизасы болып есептеледі. Пайғамбар мен әулиенің айырмашылығы міне осылай анықталады¹⁴¹.

Тура жолға бастайтын тек Алла ғана!

2.4. Имам (халифа, мемлекет басшысы) және осыған байланысты мәселелер¹⁴²

Халықтың жағдайын реттеп, басқару үшін бір мемлекет басшысының болуы қажетті. Пайғамбармыз қайтыс бола сала, сахабалардың мемлекет басшысын тағайындауды талқыға салып, соңында бір ауыздан Әбу Бәкір Сыддықтың (Алла оған

¹³⁹ Ибн әл-Жаузи, Тарих Омар ибн әл-Хаттаб, 172-173-беттер; Мұғжам әл-Бұлдан, ан-Нил.

¹⁴⁰ Әл-Исаба № 2201, әл-Камил, 2/266-267; Дәләил ән-Нубууа, 382-бет.

¹⁴¹ Нуриддин ас-Сабуни өзінің әл-Кифая атты еңбегінде керемет туралы тақырыпты былай қортындылаған: «Табиғи заңдылықтардан тыс орын алатын істер төрт түрлі болады. Мұғжиза – өзінің пайғамбарлығын дәлелдеу кезінде, Алла елшісінің көрсеткен ісі. Керемет – ісі шарифатқа сай, ерекше тақуалығы бар әулиенің көрсеткен ісі. Мағуна – қандай да бір міндет жүктелмеген, қарапайым мұсылманға келген Алланың көмегі. Макр және Истидраж – өзін құдай санаған немесе бидғатшы кәпірдің істеген істері. Ал, сиқыр аталған анықтамалардың қатарына кірмейді. Ол табиғи – заңдылықтардан тыс нәрсе емес. Өйткені, ол – өте күрделі жаттығулар нәтижесінде үйренуге болатын көзбояушылық қана. Жылдамдық пен кейбір жасырын қимылдар арқылы қарапайым халық көзбояудың астарын байқай алмайды. Демек сиқыр – табиғаттан тыс нәрсе емес. Негізінде табиғи заңдылықтар өз қалпында қалып, ешнәрсе өзгермейді.

¹⁴² Мемлекет басшысы мәселесі – негізінде ислам ақидасының емес, ислам құқығына қатысты мәселе. Бірақ, ақида мәзһабтарының бірі саналатын шиғалардың түрлі топтары осы мәселеге қатысты түрлі көзқарастарды алға тартып, осы тақырыпты ақида мәселесіне айналдырған. Мәселен, олар мемлекет басшысы пайғамбарлар секілді бейкүнә деп санайды. Сондықтан, әллі сүннет ғалымдары осындай адасқан топтарға жауап беріп, жамағатты қате көзқарастардан сақтау мақсатында осы тақырыпты ақида мәселелерінің қатарына қосқан.

разы болғай) басшылығын мойындауы соның дәлелі¹⁴³.

Сонымен қатар, бір мемлекетке бір уақытта тең дәрежелі екі басшы тағайындау дұрыс емес. Рафизилер: «Әр кезеңде пікірін ашық айтатын әрі үнсіз қалатын екі имамның қатар болуы мүмкін» десе, кәррәмия ағымы әзірет Әлидің (Алла оған разы болсын) халифалығы кезеңінде, Мұғауияның да билігін заңды деп тауып, бір уақытта екі басшының болатындығын айтқан. Бұл пікір дұрыс емес. Себебі, бір уақытта екі мемлекет басшысының билігін мойындаған адам, бір-біріне қайшы мәселеде екеуіне де бағынуы керек болады. Бұл әрине мүмкін емес. Әділетті халифа Әбу Бәкір Сыддық: «Бір қынапқа екі қылыш сыймайды»¹⁴⁴ деп осыны меңзеген. Осы мағынада әзірет Әли де Мұғауия жақтастарына қарата: «Бауырларымыз бізге қарсы шықты»¹⁴⁵ деген болатын.

Басшылық міндеті бір уақытта екі кісіге бірдей жүктелген жағдайда, қайсысы бұрын тағайындалса, сол мемлекет басшысы саналады. Ал екеуі де бір уақытта тағайындалса, екеуінің де билігі заңсыз саналып, екеуінің бірі немесе басқа бір мемлекет басшысын сайлау шаралары жүргізіледі.

Мемлекет басшысы құрайыш тайпасынан шыққан, азат әрі балиғатқа толған ер адам болуы шарт. Кейбір рафизилер «құрайыш тайпасының Хашим әулетінен болуы керек» дегенімен, біздің көзқарасымыз бойынша, бұл – шарт емес. Себебі, Пайғамбарымыздың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Имамдар құрайштан»¹⁴⁶ деген хадисі (тайпаның барлық руларын қамтып) жалпылай айтылған. Сондай-ақ, мемлекет басшысының күнәдан пәк (мағсум) болуы шарт емес. Бірақ, батинилер бұған қарсы шыққан. Әділетті әрі тақуа болуына келсек, біздіңше бұл дұрыстығының шарты, ал Имам Шафиғидың көзқарасы бойынша, бұл – мемлекет басшысы бола білудің және құқықтық тұрғыда заңды болуының шарты. Ханафи мәзһабы бойынша, күнәһар екендігі белгілі адамның мемлекет басшысы болып тағайындалуы жағымсыз әрекет (мәкрух) деп саналғанымен, құқықтық тұрғыдан заңды болып есептеледі. Біздің көзқарасымыз бойынша, мемлекет басшысы үлкен күнә істесе, тағынан тайдыруға лайық болғанымен, өздігінен орнын босатпайды. Шафиғи мәзһабында басшылықтан кетуі керек. Мұғтазилиттер мен харижиттер де осылай деп тапқан.

¹⁴³ Сахих әл-Бұхари, 4/194, Асхаб ан-Нәби/ 5, әл-Худуд /31, әл-Ахкам /51; Сахих әл-муслим, № 1818; Тарих ат-Табари, 2/448; әл-Имама уа ас-Сияса 4-бет; әл-Бидая уа ан-Ниһая №892.

¹⁴⁴ Бұл сөздің Әбу Бәкірден келгендігіне қатысты сенімді дерек кездеспейді. Алайда Табаридың Тарихында (2/457) Омардың: «Бір кезеңде екі халифа болмайды» деген дерек келген. «әл-Имама уа ас-сияса» атты еңбекте де (7-бет) мынадай дерек бар: «Омар тұрып, мүмкін емес. Бір қынапқа екі қылыш сыймайды» деген.

¹⁴⁵ Тарих ат-Табари, 3/415; әл-Имама уа ас-сияса, 51-бет. Хадис жинақтарында кездеспейді.

¹⁴⁶ Осыған мағыналас хадис Байһақидың сунан әл-кубрасында, Әбу Дауіт ат-Таялисидың муснадында, Әнәс ибн Мәликтен риуаят етілген. Хадисте: «Мемлекет басшылары әділ үкім шығарған жағдайда құрайштан сайланады. Олар келісімді қажетті деңгейде жүзеге асырады. Көмек сұралғанда үнсіз қалмайды» делінген. Дегенмен бұл хадистің дұрыстығы туралы хадистанушы ғалымдардың арасында түрлі көзқарастар бар. З. Кәусәри бұл хадисті сахих емес деп санаған. Неге десеңіз, егер бұл хабар «сахих» болғанда, Әбу Бәкір халифа сайлау мәселесіне дәлел ретінде осы хадисті алға тартар еді. Сонымен қатар, хадис сыншысы ғалымдар да халифа сайлауға қатысты туындаған келіспеушілік кезінде, ешбір сахабаның мұндай деректі алға тартпауы – бұл хабардың сахих еместігін көрсетеді деп санаған.

Мемлекет басшысы болуға лайықтырақ адам тұрғанда, қабілет-қарымы тұрғысынан төмен деңгейдегі адамның мемлекетті басқаруы да құқықтық тұрғыдан заңды болып есептеледі. Рафизилердің көпшілігі мұнымен келіспейді. Себебі, халифа Омар (Алла одан разы болсын) өзінен кейін кімнің халифалыққа лайықты екендігін біле тұра, мемлекет басшысын тағайындауды белгілі алты сахабаның¹⁴⁷ шешіміне қалдырған.

2.5. Әділетті төрт халифаның басшылығы туралы

Әділетті халифалардың ең алғашқысы – Әбу Бәкір Сыддық (Алла одан разы болсын). Оның бойында халифалыққа лайық қабілет пен сенімділік шарттары мен ерекшеліктері толықтай көрініс тапқан, сахабалардың арасындағы ең ардақты тұлға болатын. Сахабалар оның халифалығын бірауыздан мойындаған. Сахабалардың осы ортақ келісімі – нақты дәлел саналады. «Пайғамбарымыз Әлидің халифа болатындығын ашық айтып кеткен» деушілердің уәждері осы күшті дәлелге қарсы тұра алмайды. Өйткені, Пайғамбарымыз: «Үмбетім жаппай адасушылықта бірлеспейді»¹⁴⁸ деген. Сондай-ақ, әзірет Әли Әбу Бәкірдің (р. а.) халифалығын орынды санап, бір топ адамның алдында оның басшылығын мойындағанын білдірген¹⁴⁹.

Әбу Бәкір Сыддықтың (Алла одан разы болсын) құтты билігі тұсында сахабаларды қайран қалдырған неше түрлі оқиғалар орын алды. Оның ұтымды шешімдерінің арқасында мұсылмандар арасындағы қайшылықтар жойылған еді. Бұл туралы «әл-Кифая» атты еңбегімізде егжей-тегжейлі баяндалады¹⁵⁰.

¹⁴⁷ Халифа Омардың тағайындап кеткен кеңес мүшелері мына сахабалардан құралған еді: Осман ибн Аффан, Али ибн Әбу Талиб, Талха ибн Убайдулла, Зубайр ибн Аууам, Сағд ибн Әбу Уаққас, Абдуррахман ибн Ауф (Алла барлығынан разы болсын). (әл-Имама уа ас-сияса, 23-бет; әл-Бидая уа ан-Ниһая № 893; Тарих ат-Табари 3/264).

¹⁴⁸ Әл-Мақасид әл-хасана, № 1288; Кашф әл-хафа, № 2999; Сунан Әбу Дәуіт, 2/414; Сунан ат-Термези, № 2167; Ибн Мәжә № 3950.

¹⁴⁹ Әл-Имама уа ас-Сияса 12-бет; әл-Бидая уа ан-ниһая, № 892-парақ 502-бет. № 893. Ибн Хажар әл-Хәйтәми «Сауағиқ әл-Мухриқә» атты кітабында осы мәселеге қатысты риуаяттарды сенімді дереккөздерден жинақтап келтірген.

¹⁵⁰ Бұл оқиғалардың бірі – Пайғамбарымыздың қайтыс болуы еді. Пайғамбарымыз қайтыс болғанда сахабалар қатты қайғырып, не істерін білмей, әрі-сәрі күй кешкен. Тіпті, Омар Фарук (Алла одан разы болсын): «Мұхаммед өлді дегеннің басын аламын», деген болатын. Осындай сәтте бекемдік танытқан Әбу Бәкір Сыддық сөз сөйлеп, жұртқа басу айтқан еді. Пайғамбарды жер қойнына беруде де сахабалардың ойы сан-саққа кетті. Біреулері: «Меккеге апарып жерлейміз» десе, екіншілері Мәдинаға, тіпті кейбіреулері «Ақса мешітіне апару керек» дегенді де алға тартты. Осы кезде де Әбу Бәкір Сыддық: «Пайғамбарлар қай жерде қайтыс болса, сол жерде жерленеді», деген хадисті жеткізгенде, барлығы бірауыздан келіскен-ді. Пайғамбардан кейінгі биліктің қалай, кім жүргізетіндігі туралы да сахабалар бір шешімге келе алмауға бет алғанда, ол тағы белсене араласып, соңында сахабалар Әбу Бәкірдің өзін халифа етіп сайлаған еді. Пайғамбар көзі тірісінде жасақтаған сарбаздарды жорыққа аттандырып-аттандырмау мәселесінде, сахабалар арасында туындаған келіспеушілікте тағы да Әбу Бәкірдің көзқарасы оң шешім болып шықты (әл-Кифая, парақ 49 а-б).

Әбу Бәкір көз жұмардан бұрын Омар Фарукты (Алла одан разы болсын) мұрагер етіп белгіледі. Халифа Әбу Бәкір Сыддық өмірдегі дәм-тұзының таусыла бастағанын сезіп, Осман ибн Аффанды (Алла одан разы болсын) шақырып алып, өзінен кейін халифалықты Омар ибн Хаттабқа тапсыратындығы туралы өсиет жаздырады. Хатқа мөр басып, Мәдина халқының алдында оқытып, хатта жазылған кісінің билігін қабылдау туралы бұйрық берген. Халық та оның сөзін екі етпестен, билігін мойындаған. Жазылған хатты Әли ибн Әбу Талиб естігенде: «Ол жерде аты жазылған адамның билігін қабылдадық», деген. Осылайша, сахабалар енді Омар Фаруктың халифалығына түгел келісім білдіреді. Халифа Омар Әбу Бәкірдің жолын жалғастырып, сарбаздарын жасақтайды. Соңында, оның ақ найзасының күшімен Алла Тағала күпірлік пен бүліктерді түп тамырымен жойды.

Халифа Омар қастандықпен шәһид етілді. Ол көз жұмарында халифа тағайындауды алты адамның арасындағы кеңес алқасының шешіміне қалдырады. Бұл алқаның құрамында: Осман, Әли, Абдуррахман ибн Ауф¹⁵¹, Талха¹⁵², Зубайр¹⁵³ және Сағид ибн Әбу Уаққастар¹⁵⁴ болатын (Алла бәрінен разы болсын). Алқа мүшелерінің бесеуі ақылдаса келе Абдуррахман ибн Ауфтың шешіміне разылық танытатындықтарын білдіреді. Ол Осман ибн Аффанды таңдап, сахабалардың алдында Осман ибн Аффанның халифалығын мойындайды. Сахабалар да тегіс оның халифалығын мойындап, оған бас иіп өтті. Оның соңынан сап түзеп, жұма және айт намаздарын оқыды. Міне, бұл – сахабалардың Осман ибн Аффанның халифалығын толық қабылдағанын көрсетеді. Халифа Османға қатысты сырттай қарағанда сын секілді көрінген хабарларға келсек, олардың кейбірі жала, ал кейбірі оның абыройына лайық түрде жорамал жасалып түсіндірілген¹⁵⁵. Сондықтан, (оның тұлғалығына байланысты) мұндай күмәнді риуаяттар нақты дәлелдерді жоққа шығара алмайды.

Осман ибн Аффан да шәһид етілгендіктен, өзінен кейін халифа тағайындап кете алмады. Жағдайға байланысты алдыңғы қатарлы бір топ меккелік және мәдиналық сахабалар қоярда қоймай Әли ибн Әбу Талибтен (Алла одан разы болсын) халифа болуын өтінеді. Сахабалардың ұсыныс-тілегін қабылдаған Әли ақыры халифалыққа тағайындалады. Сол жердегі маңдай алды сахабалардың бәрі оның билігін мойындады¹⁵⁶. Ал халифа Әли ибн Әбу Талибке қарсы шығып, қақтығысқа қатысқан сахабалар да өз көзқарастары мен ижтиһадтарына сүйенген еді. Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша, бұл мәселеде халифа Әлидің ісі орынды деп есептеледі. Себебі, ол өз кезеңіндегі сахабалардың ең таңдаулысы әрі халифалыққа лайықты тұлға болатын. Деректерге

¹⁵¹ Құрайш тайпасының Зуһра әулетінен шыққан, көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген әйгілі сахабалардың бірі. Алғаш мұсылман болғандардың қатарында. 32h/652 жылы қайтыс болған. (әл-Исаба, № 5181; әл-Ағлам, 4/95).

¹⁵² Талха ибн Убайдулла ибн Осман әт-Тәйми, Әбу Мухаммад, құрайыштық сахаба. Батылдығымен, жомарттығымен танылған, жаннатпен сүйіншіленген әйгілі сахабалардың бірі. 36h/656 жылы қайтыс болған. (әл-Ағлам, 3/331)

¹⁵³ Зубайр ибн Аууам ибн Хуайлид әл-Әсәди, Әбу Абдулла, құрайыштық жаннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі. 36h/656 жылы Жәмәл шайқасында айламен өлтірілген.

¹⁵⁴ Бұл сахаба да жаннатпен сүйіншіленген. 55/675 жылы дүние салған.

¹⁵⁵ Әл-Имама уа ас-сияса, 27-бет; Тарих ат-Табари 3/399; ас-сауағиқ әл-мухриқа, 112-115.

¹⁵⁶ Имам уа ас-сияса, 46-бет; Табари Тарих, 3/450; әл-Камил 3/98.

қарағанда Әлиге қарсы шығып, қару көтергендер кейіннен өздерінің қателігін түсініп, барған қадамдарына қатты өкініш білдірген¹⁵⁷. Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүние салуынан кейін жалғасқан бұл халифалық Әли ибн

Әбу Талибтың дүние салуымен аяқталды. Өйткені, ол пайғамбарымыз көз жұмғаннан соң отыз жылдан кейін шейіт кеткен болатын. Өз кезегінде Пайғамбарымыз хадисінде: «Менен кейін халифалық отыз жыл жалғасады»¹⁵⁸ деген еді.

Әһлі сүннет көзқарасы бойынша, халифалардың абзалдық дәрежесі халифалықтарының ретімен бірдей. Ал, олардың ұрпағының дәрежесіне келсек, кейбір ғалымдар: «Сахабалардан басқа адамдарды, тақуалығы мен ілімі тысында, бірінен бірін жоғары санамаймыз» деген. Ал кейбір ғалымдар олардың ұрпақтарының дәрежесі, әкелерінің дәрежесіне байланысты деп санаған. Дегенмен, Фатиманың ұлдары Пайғамбарымыздың отбасы деп есептелетіндіктен, басқа сахабалардың ұрпағынан дәрежесі жоғары (Алла барлығынан разы болсын!).

Сахабалардың ешқайсысын жамандамау, оларды тек жақсы жағынан еске алып, істерін дұрыс жорамалдау – мұсылмандарға міндет. Себебі, Пайғамбарымыз: *«Сахабаларым туралы жаман сөз айтуға Алладан қорқыңдар! Менен кейін оларды сыңға алушы болмаңдар. Оларды жақсы көргендер маған деген сүйіспеншілігіне байланысты жақсы көреді, ал, оларды жек көргендер мені жақсы көрмегендіктен жек көргені»*¹⁵⁹ деген. Өйткені, олар – Алланың дінінің таралуына барын салып, пайғамбарымызды көру бақытына бөленген жандар. Алла бәрінен разы болсын!

Тура жолға бастаушы – бір Алла ғана!

¹⁵⁷ Әл-Кифая, 52; Тарих ат-Табари, 3/548; әл-Камил 3/132.

¹⁵⁸ Сүнән Әбу Дәуіт, 2/515; Сүнән ат-Термези, № 2226.

¹⁵⁹ Сүнән ат-Тимизи, 12/244.

ҮШІНШІ БӨЛІМ ИРАДА ЖӘНЕ ЖАЗМЫШ ПЕН ТАҒДЫР МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1. Алланың әділдігі мәселесі¹⁶⁰ (Тағдил және тәжуир)

«Тағдил» – әділдік, «тәжуир» – әділетсіздік деп есептеу. Құбылаға бет бұрғандардың бәрі Алла Тағаланы Әділ әрі Хикмет иесі деп сипаттап, осыларға қарама-қайшы әділетсіздік пен мәнсіздіктен (мақсатсыздықтан) ада әрі пәк деп есептейді. Дегенмен, тағдил және тәжуир мәселесінде қандай нәрсенің әділдік немесе әділетсіздік, қандай нәрсенің хикметті немесе мақсатсыз екендігі туралы әрі олардың Аллаға тән болуы немесе болмауы мәселесінде түрлі көзқарастар білдірген.

Құбылаға бет бұрғандар арасында хикмет пен мақсатсыздықтың (сәфәһ) не екендігіне қатысты түрлі көзқарастар бар. Мәселен, мұғтазилиттер: «Хикмет – істеген адамға немесе басқаларға пайдасы тиетін нәрсе. Ал, сәфәһ (мақсатсыздық) – осыған қарама-қайшы ұғым» десе, ашғарилар: «Хикмет – істеушінің мақсатты түрде өз еркімен істеген ісі, ал, сәфәһ – осының қарама-қайшысы» дейді. Ұстаз Әбу әл-Мансур әл-Матуриди және оның ізін жалғаған ғалымдар: «Хикмет – нәтижесінде жақсылыққа апаратын іс. Ал, сәфәһ – бұған керісінше» деген¹⁶¹.

3.2. Пенденің күш-қуаты (Иститаға)

«Шама-шарқ», «күш-қуат», «тағат», «төзім», «қауқар» деген атауларды тіл ғалымдары жақын мәндес сөздер қатарына жатқызса, кәләмшылар оны мағыналас сөздер деп есептеген¹⁶².

¹⁶⁰ Мұғтазилиттер өздерін «әхл әл-адл» деп атаған. Олардың ойынша, адамдардың өз еріктерімен жасаған істерін Алланың жаратуы, жаман істерінің нәтижесінде жазаға тартуы – әділетсіздік. Керісінше пенделердің іс-әрекеттеріне араласпай, олардың өз еріктеріне қалдыруы – әділдік. Міне сондықтан Сабуни осындай тақырып қойып, әділдік пен зұлымдықтың аражігін ажыратып беруді көздеген.

¹⁶¹ Мұсылмандар Алланы хикметсіз немесе мақсатсыз деп сипаттамайды. Бірақ, кейбір істердің хикметті іске немесе мақсатсыз істердің қатарына жататындығы туралы түрлі көзқараста болған. Мәселен, бір істі хикметті іс деп санаса, оның Алладан болатындығын мойындайды. Ал, хикметсіз іс деп есептесе, Алланы нұқсандықпен сипаттаған болады. Осындай мәселені тағдил және тәжуир мәселесі деп атайды. (әл-Кифая 54).

¹⁶² «Иститаға» (шама/күш-қуат) екі түрлі келеді: Біріншісі, қандайда бір іс-қимылдың жүзеге асуы қажетті себептер мен құралдардың бар және ақаусыз болуы. Мұндай күш-қуаттың іс-әрекеттен бұрын келетіндігіне бірауыздан келісім бар. Анықтамасы: «Еркі бар және азат адамның іс-әрекет жасауға дайын күйде тұруы». «Алланың үйін зиярат етуге шамасы жететін адам» («Әли Имран», 197) деген аяттаға «иститаға» осы түрге жатады. Екінші түрі – күш-қуаттың өзі. Кейбір ғалымдарының көзқарасы бойынша, бұл – «Іс-әрекеттің туындауына тікелей әсер ететін, адамның шешімді қалауынан туындаған күш-қуат». Алла Тағаланың «Олардың ақиқатты естуге шамасы келмейтін еді» («Һуд» сүресі, 20) деген аятта келтірілген «иститаға» сөзі осы мағынада берілген.

Әһлі сүннет ғалымдары «өз еркімен істейтін істерге¹⁶³ жететін күш-қуат пенденің өзінде болады» деп есептейді. Жабрия бұған қайшы пікір білдіріп: «Адам құдды жансыз заттар секілді, тек Алланың жаратқан істерін бейнелейтін сахына ойыншысы болып саналады» деген. Жабрияның бұл көзқарасында Алланың әмірі мен тыйымдарын, ескертулерін түкке тұрғысыз деп есептеу әрі діни үкімдерді, сондай-ақ, сезім-түйсік жолдарымен анықталатын мәліметтерді және дәлелдер қажет етпейтін ақиқаттарды жоққа шығару түсінігі жатыр. Бұл софистердің көзқарасына сай келеді. Ал қадария, дирария және кәррәмияның басым бөлігі: «Пенденің күш-қүдіреті бойында бар, алайда, істеген істерінен жауапкер саналуы үшін ол іс-әрекеттен бұрын (жаратылады/туындайды)» деген.

Әһлі сүннет ғалымдары бұл туралы: «Істің жүзеге асуы үшін пендеге күш-қуат істен бұрын емес, іс-әрекетпен қатар беріледі» деген. Олай дейтін себебіміз, пендеге тиесілі жаратылған күш-қуат ағраз болып есептеледі. Ал, ағраздың тұрақты түрде жалғасуы мүмкін емес. Егер пенденің күш-қуаты жүзеге асыратын ісінен бұрын берілсе, (тұрақсыз болып саналатын күш) істің жүзеге асатын кезінде жоқ саналып, іс-қимыл ешқандай күшсіз жүзеге асқан болады. Егер қандай да бір іс ешқандай күшсіз жүзеге асуы мүмкін болса, күш-қуаты жоқ адамнан да іс-әрекет туындар еді. Бұл – әрине қате тұжырым.

Ағраздардың тұрақты түрде жалғасуының мүмкін еместігіне келсек, үздіксіз бар болу – бір заттың шынайы бейнесінен бөлек ұғым. Мысалы жауһар пайда болған кезде ол бар десек, бұл оның үздіксіз түрде бар болатындығын білдірмейді. Егер бір жауһар бар болғаннан кейін жоғалып кетсе, оны «бар еді, бірақ үздіксіз жалғаса алмады» дей аламыз. Егер тұрақтылықты «бар болу» деп түсінсек, «бар болды бірақ, бар бола алмады» – деген тұжырымға келеміз. Бұл – әрине орынсыз һәм қате¹⁶⁴.

Үздіксіздіктің бар болудан бөлек ұғым екендігін көрдік, демек ағраздардың болмысы өздігінен туындамайды. Себебі, қозғаушы күшсіз қозғалыстың жүзеге асуы да мүмкін емес. Егер ағраздар үздіксіз жалғасқанда, мәңгілікпен сипатталар еді. Алайда ағраздың өздігінен пайда болмайтындығын ескерсек, онда мәңгілік деген сипаттың болуы да мүмкін емес. Егер бір ағраз екінші бір ағраз арқылы пайда болады десек, онда тірі болу күдірет арқылы, қозғалыс реңдер (түр-түс) арқылы пайда бола алатын еді. Бірақ тіршіліктің күш-қүдіретпен, қозғалыстың реңмен сипатталуы мүмкін емес. Демек, тұрақтылық пен күш-қуат та дәл солай.

Егер «ағраз тұрақты» десек, оның тұрақтылығы жауһарлармен салыстырғанда мүлде басқаша болатыны анық. Себебі, жауһар мен ағраздың болмысы екі түрлі. Болмысы әр түрлі екі нәрсенің бірдей тұрақтылықпен сипатталуы да мүмкін емес. Егер бұл айтқанымыз мүмкін болатын болса, күш-қуатты игеріп тұрған зат жоғалып кеткен

¹⁶³ Мысалы, қозғалысты қамтамасыз ететін адамның бұлшық еттері. Қол-аяқтағы бұлшық еттер адамның қалауына сай қозғалады. Демек бұған адамның өзінің ойы, қалауы арқылы істейтін қимылдары жатады. Еркінен тыс істерге кейде адамның өзі де сезбейтін, денесінде жүріп жатқан түрлі құбылыстар жатады.

¹⁶⁴ Бір істі жүзеге асыратын күш өз бетімен тұрақты тұратын нәрсе емес. Сондықтан оның істен бұрын болуы да мүмкін емес дегенді дәлелдеуде. Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша адамға бір істі істейтін күш-қуатты сол істі жасауға шешім қабылдап, нақты бет алған кезде Алла жаратып береді. Сол себепті де әһлі сүннет: «Барлық істің жаратушысы – Алла» деген.

жағдайдың өзінде, күш-қуат тұрақты қала берер еді. Егер бұны дұрыс десек, онда күш-қуатты меңгеретін бір зат болмай тұрып, күш-қуаттың өздігінен пайда болуы да мүмкін болар еді. Әрине бұлардың бәрі – абсурд. Абсурдқа апаратын нәрсенің өзі де – абсурд.

Сұрақ: Іс-әрекеттің жүзеге асуы үшін, адамға қажетті күш-қуаты расында да тұрақсыз деп есептесек, бұл істің күш-қуатсыз жүзеге асатындығын білдірмейді ғой. Сіздер «сипаттар ұқсас нәрселердің үздіксіз жаңарып отыруы арқылы жалғасады» деуші едіңіздер ғой. Осы секілді, күш-қуатта істің орындалуы барысында үнемі жаңаланып отырумен тұрақты бола алады емес пе?

Жауап: Күш-қуаттың өздігінен пайда бола алмайтындығын мойындағаннан кейін «үнемі жаңару арқылы тұрақты болуы» қағидасы жағдайды өзгертпейді. Себебі, іс-әрекетпен қатар пайда болған күш – бірге пайда болған осы істі немесе кейін келетін бір істі жүзеге асыратын күш болады. Ал егер бұл күш бірге орындалатын істі жүзеге асыратын күш десеніз, онда іс-әрекет қатар жүретін күш арқылы жүзеге асады деген нәтиже шығады. Бұл жағдайда осы іс-әрекеттің туындауында істен бұрын келетін күш-қуаттың ешқандай ықпалы жоқ деген сөз. Мұндай күштің болуы мен болмауы арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Ал енді, жаңағы күш орындалып жатқан істің емес, сол істен кейінгі істі жүзеге асыратын күш десеніз, орындалып жатқан істі жүзеге асырушы күш жоқ саналады. Бұл іс-әрекет жасаушы істен кейін туындайтын күш арқылы орындалады десеніз, онда іс-әрекет ешқандай күш-қуатсыз жүзеге асады деген сөз. Егер бұл мүмкін десек, онда адамның ісі күш-құдіретсіз-ақ жүзеге асқан болады. Негізінде қарсыласымыз күш-құдіреттің істен бұрын жаратылуын пенденің жауапкер саналуының шарты деп санаған. Жоғарыда айтқандай егер істің күш-құдіретсіз-ақ туындауы мүмкін десек, онда жауапкершіліктің шарты деудің қандай қажеттілігі қалады? Демек, орындалу барысында күш-құдіретсіз жүзеге асқан істің орындалуынан әлде қайда бұрын болған күш арқылы жүзеге асуының мүмкін еместігіне қатысты арамызда талас жоқ. Олай болса, істің өзінен бұрын пайда болған күш-құдіретпен жүзеге асуы мүмкін емес деген сөз. Себебі, қазіргі уақыттағы жоқтық (бұрын бір кезеңдерде бар болғанымен де біздер үшін) еш нәрсе өзгермейді.

Бір күш-қуат бір-біріне қарама-қайшы екі істі атқаруға жарай ма?

Ашғарилар мен кейбір мұхаддис кәләм ғалымдары бір күш-құдіретпен қарама-қайшы екі іс жүзеге аспайды деп есептеген. Әбу Ханифа бұл туралы: «Бір күш-қуат қарама-қайшы екі істі атқаруы мүмкін. Бірақ, (бір уақытта емес) бірінің орнын бірі басу арқылы» деген. Әбу Ханифаның бұл көзқарасын әл-Қаланиси¹⁶⁵ мен Ибн Сурайж¹⁶⁶ және Ибн Рауандилер қолдаған. Өйткені, күш-құдіреттің себебі – қарама-қайшы екі істі орындауға да қауқарлы құрал. Олай болса, құдірет те сол секілді. Ал мәселені

¹⁶⁵ Ахмад ибн Ибраһим ибн Абдулла – ашғари мәзһабының ғалымы. Бір қатар еңбектері бар.

¹⁶⁶ Ахмад ибн Омар ибн Сурайж – шафиғи мәзһабының көрнекті өкілі. Фақиһ әрі кәләм ғалымы. Қазылық қызметте болған. 306h/918 жылы дүние салған.

тарқатыңқырап айтсақ, мойынсұну мен қарсылық таныту (иман мен күпірлік) іс-әрекетке емес, Алланың әмірі мен тыйымына қатыстылығына қарай бір-бірінен ерекшеленеді. Мысалы, сәжде Аллаға құлдық ретінде жасалса – мойынсұну, пұтқа құлдық ретінде жасалса – (Алланың әмірлеріне) қарсылық саналады. Негізінде сәждеде тұрған ешқандай өзгеріс жоқ. Сондықтан да, сәждені орындауға деген қауқарлылық өзгермейді. Демек, күш-қуат мойынсұнуға жұмсалса – ұтқандық, қарсылыққа жұмсалса – ұтылғандық саналады. Негізінде ол – бір нәрсе. Мәселен жасалатын әрекет бірдей, яғни маңдайды жерге тигізу болғанымен, Аллаға жасалғанда мойынсұнушылық, ал пұтқа жасалғанда қарсылық танытушылыққа айналады. Олардың екі түрлі аталуы Алланың әміріне немесе тыйым салуына қатыстылығына қарай өзгереді.

Жетістікке жеткізуші – бір Алла ғана!

3.3. Адамдардың іс-әрекеттерінің жаратылуы

Әһлі сүннет (Алла жар болсын): «Пенделер мен барша тіршілік иесінің іс-әрекеті мен қимылын тек Алла жаратады. Іс-әрекет арқылы пайда болған нәрсе зат (айын) немесе оның қасиеті (ағраз) болса да олардың Алладан басқа жаратушысы жоқ» деген. Сахабалар мен табиғиндардың сенімі де осындай болатын. Кейін қадария деген ағым шығып: «Барлық тіршілік иесі өз еркіндегі істерді өздері жаратады. Оған Алланың жаратушының да, құдіретінің де қатысы жоқ» деген түсінікті алға тартқан. Қадарияның бұл көзқарасы – мүлде дұрыс емес. Себебі Алла Тағала бір аятта:

(ذَلِكُمْ اللَّهُ رَبُّكُمْ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ خَالِقُ كُلِّ شَيْءٍ)

«Сол Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол – барлық нәрсенің жаратушысы»¹⁶⁷, десе, мына аятта:

(أَمْ جَعَلُوا لِلَّهِ شُرَكَاءَ خَلَقُوا كَخَلْقِهِ فَتَشَابَهَ الْخَلْقُ عَلَيْهِمْ قُلِ اللَّهُ خَالِقُ كُلِّ شَيْءٍ وَهُوَ الْوَاحِدُ الْقَهَّارُ)

«Әлде олар Алланың жаратқанындай жарата алатын, Аллаға тең келетін бірқатар серіктерді тапқандықтан, жарату ісі олардың басын қатырып Жаратушының кім екенін біле алмай дал болып жүр ме? Оларға: «Алла барлық нәрсенің жаратушысы. Ол жалғыз әрі бәрінен үстем» деп айт»¹⁶⁸ дейді. Алла Тағала осы аяттарда Өзін жаратушылықпен дәріптеп, мадақтаған. Бұл ұлықтық жарату ісінде ешкімнің Оған ортақ болмауын қажет етеді. Алла Тағала тағы бір аятта: «Сендерді де, сендердің істеріңді де Алла жаратты» (والله خلقكم وما تعملون)¹⁶⁹ деген. Барлық тіл ғалымдарының айтуы бойынша, бұл аяттағы «ما» деген жалғау етістікпен бірге келгенде түбір сөздің мағынасын білдіреді. Мысалы, (اعجبني ما صنعت) «Сенің ісің маған ұнады» деп айтуға болады. Демек, аят «Алла сендерді де, сендердің істеріңді де жаратады» (والله خلقكم وما تعملون) деген мағынаны білдіреді. Пайғамбарымызда: «Барлық жасаушыны және олардың

¹⁶⁷ «Әнғам» сүресі, 102-аят.

¹⁶⁸ «Рағыд» сүресі, 16-аят.

¹⁶⁹ «Саффат» сүресі, 96-аят.

жасағанын жаратушы – Алла»¹⁷⁰ деп осы мәселені тілге тиек еткен.

Пенделердің істері туралы әһлі сүннеттің рационалдық дәлеліне келсек:

1) Пенденің өзі – жаратылған. Оның бар болуы да жоқ болуы да мүмкін. Бар болуы үшін оның пайда болуын таңдайтын (бар болуы міндетті) бір таңдаушы керек. Бұл Алладан басқа ешкім де емес. Біз осы рационалдық дәлелдерді келтіре отырып, **айндардың** (субстанция) пайда болуының Аллаға қатысы жоқ деп санайтын дәһрия ағымына жауап берген болатынбыз. Сол секілді пенделердің іс-әрекетінің жаратылуын Аллаға телімейтін мұғтазилиттерге де осы сөзімізбен жауап бермекпіз. Өйткені **айндар** да іс-әрекеттер де пайда болу тұрғысынан алғанда – бірдей.

2) Егер жоғарыда айтылғандай, пенде өз ісін, яғни қимыл-қозғалысын өзі жаратуға құдіреті жететін болса, «Пенде қозғалыста болған кезде, Алла оның сол қозғалысын тоқтатуға құдіреті жете ме?» деген сұрақ туындайды. «Оған Алланың құдіреті жетеді» десеніз, қарама-қайшы екі нәрсені бір арнада тоғыстырған боласыз. Егер «оған Алланың құдіреті жетпейді» десеніз, Алланы әлсіз, қауқарсыз санағаныңыз. Демек, бұл екеуі де мүмкін емес.

3) Жарату құдіретіне ие болудың бірден-бір шарты – жаратушының жарататын нәрсесін алдын-ала, жан-жақты толық білуде. Алла Тағала Құран Кәрімде:

(أَلَا يَعْلَمُ مَنْ خَلَقَ وَهُوَ اللَّطِيفُ الْخَبِيرُ)

«**Жаратушы білмей ме? Ол – ішкі сырға қанық, бәрінен хабардар болушы**»¹⁷¹ деген. Әрине бір істі егжей-тегжейлі білмейтін адамның ол істі істеуге шамасы келмесі анық. Кәпірлер мен бидғатшылар да өзінің ісінің жамандығын білмегені секілді, пенде көбінесе өз істерінің жақсы не жаман, пайдалы не пайдасыз екенін біле бермейді. Демек, пенденің өз ісін өзі жаратуы мүмкін емес.

Сұрақ: Құлдың жарату қасиеті жоқ деу – «ол ешқандай ісі-әрекетке ие емес» деуге саймай ма? «Іс» дегеннің өзі «жарату», «істеу» дегенді білдірмей ме? (оны «құлдың ісі» деп атаудың не мәні бар?)

Жауап: Іс-әрекеттің пендеде болатындығы жөніндегі көзқарасымыз қарсыла-сымызбен бірдей. Пенде ісінің жаратушысы бола алмайтындығын да дәделдедік. Демек бұдан «пендеге тән іс-әрекет бар, бірақ, оның жаратушысы – өзі емес» деген қорытынды шығады.

Халқ және қасб

Пенденің іс-әрекеті екі түрде көрініс табады:

Біріншісі – Алла Тағаланың пенденің бойында (еркінен тыс) жаратқан әрекеттер. Мәселен, паркинсон (қалтақ) ауруына шалдыққан адамның қимылы секілді.

Екіншісі – Алла Тағаланың пенденің өз күші мен қалауы, таңдауы арқылы

¹⁷⁰ Бұл хадисті әл-Бұхари «халқу әфғал әл-ибад» атты еңбегінің 73-бетінде келтірген. Ас-Суюти өзінің «Бұғят әл-уат» атты еңбегінде Хузайфаның жеткізуімен Пайғамбарымызға дейін баратын тізбек арқылы дәл осы хадисті келтірген. Әрі былай деген: «Бұл хадис сахих. Хаким риуаят еткен. Бұхари мен Мұслимнің шарттарына сай. Өз-Заһаби «талхис» атты еңбегінде, Ирақи «мұстахраж» атты еңбегінде бұл хадиске ешқандай сын айтпаған.

¹⁷¹ «Мүлік» сүресі, 14-аят.

жаратқан іс-әрекеттер. Осы екі істің біріншісі «халқ», екіншісі «касб» деп аталады. Құлдың өз еркіндегі істерін білдіретін термин ретінде (басқаша айту мүмкін болмағандықтан) осы «касб» сөзі алынған. Рахаттану мен ауырсыну сезімдерінің арасында айырмашылық айқын байқалғанына қарамастан, осы сезімдерді білдіру мақсатында аталмыш сөздер қалай қолданылса, дәл осы секілді екі термин қолданылған.

Қорыта айтқанда, пенденің істі жүзеге асыруы, орындауы – «касб», Алланың сол істі жаратуы – «халқ» деп аталады. Ал, «фиғл» (іс-әрекет) сөзі – екеуін де қамтитын ортақ атау. Бұл – матуридилердің көзқарасы. Ал ашғарилар «фиғл» сөзі тура мағынада «жарату» дегенді білдіретіндігін айтады. Олар «касб» сөзін астарлы мағынада «фиғл» деп атаған. Бұл екі көзқарастың ішіндегі дұрысырағы – матуридияның көзқарасы. Өйткені, «фиғл» сөзінің жалпылама пенделердің ісіне қатысты қолданылуы, оның тура мағынада қолданылып келе жатқандығын көрсетеді. Астарлы мағынада қолданудың бірден-бір шарты – екі сөздің тура мағынасы мен астарлы мағыналарының арасында белгілі бір ұқсастық пен жақындық болуы керек. Осылайша сөз сол мағынаны білдіру үшін тура мағынасында емес астарлы мағынасында қолданылады. Ал пенденің ісі «касб» пен Алланың «жаратуы» арасында ешқандай ұқсастық жоқ. Сондықтан, бұл жерде «астарлы мағына» деудің ешқандай жөні жоқ.

Осыған дейінгі айтқандарымыздан екі күш иесінің (пенде мен Алла) қатысуымен **іс-әрекеттің** пайда болуы мүмкін екендігін көрдік. Бірақ бұл **іс-әрекеттің** екі құдірет иесіне бір-бірінен бөлек екі тұрғыда қатысы бар. Демек, іс жарату тұрғысынан Аллаға, орындау жағынан құлға тиесілі деген сөз.

«Халқ» пен «касб» арасындағы айырмашылыққа келер болсақ, белгілі бір құрал арқылы жүзеге асқан іс – касб, ешқандай құралсыз жүзеге асқан іс – халқ болып табылады. «Құдірет иесінің (Алланың) жалғыз өзі жаратуы мүмкін іс – халқ, ал мүмкін емес іс – касб болып есептеледі» дегендер де бар. Осылайша касб пендеге, халқ Аллаға тиесілі болады. Бұл айтқандарымыз «халқ» сөзінің жарату мағынасында қолдануына қатысты. Ал «халқ» сөзі «бейнелеу», «пішіндеу» мағынасында қолданылған жағдайда, пендеге де телінеді. Мысалы, Алла тағала Иса пайғамбар туралы Құранда:

(وَإِذْ تَخْلُقُ مِنَ الطِّينِ كَهَيْئَةِ الطَّيْرِ)

«Сен балшықтан құстың бейнесін жасап...»¹⁷² деген (Яғни, «бейнелегенінде» деген). Мына аятта да дәл осындай мағынада келген:

(فَتَبَارَكَ اللَّهُ أَحْسَنُ الْخَالِقِينَ)

«Бейнелеушілердің (суреттеушілердің) ең шебері – Алла ұлық»¹⁷³. Бұл аяттағы

«الخالفين» сөзі «المقدرين» (бейнелеушілер) деген мағынада келген.

Сұрақ: Егер айтқандарындай істі жүзеге асыру (касб) пендеден, оны жарату (халқ) Алладан десек, іс-әрекет (لِعَف) Алла мен пендеге ортақ әрекет болып қалмай ма?

Жауап: Ортақ болу үшін әр екеуінің өзіне тиесілі үлесі болуы керек. Мысалы, бір құлды екі адам бірлесіп сатып алған болса, екеуіне теңдей ортақ болады. Біреуіне тиесілі жартылай құқық екіншісінікі болмайды. Ал егер құл иелік ету жағынан емес,

¹⁷² «Мәида» сүресі, 110-аят.

¹⁷³ «Мүминун» сүресі, 14-аят.

екі түрлі бағытта екеуіне тиесілі болса, құлға екеуі ортақ дей алмаймыз. Мәселен, бір адам құлын басқа біреуге жалға берсе, құл меншіктік тұрғыдан жалға берушіге пайдалану жағынан жалдаушыға тиесілі болады. Бірақ «бұл құл екеуіне ортақ» деп айтылмайды. Басқаша айтқанда құл сатып алу жағынан иесіне, жарату тұрғысынан Аллаға тиесілі. Енді осы құлды Алла мен қожайынына ортақ деуге бола ма? Керісінше, қарсыластарымыз да мойындағандай, ортақтық кейбір ағрадарды Алла Тағаланың ал, кейбірін пенденің жаратуы арқылы көрініс табады. Демек, пенденің ісін «Алла мен пендеге ортақ» деу – тек әдепсіздік танытып, өз дегенінен қайтпай қасарысқан адамның ісі.

Тура жолға бастаушы – бір Алла ғана!

3.4. Тәулид мәселесі¹⁷⁴

Қазірге дейін айтқандарымыз, адамның іс-қимылдарының нәтижесі Алланың жаратуымен пайда болатындығын көрсетеді. Бұл нәтижелер қадарилардың, мұғтазилиттердің айтқанындай, (Алланың қатысынсыз) пенденің іс-әрекеті нәтижесінде орын алмайды. Наззам¹⁷⁵ : «Нәтижелер – Алланың ісі арқылы жүзеге асады» десе, Қаланиси: «Табиғаты тұрғысынан алғанда Алланың ісі», деді¹⁷⁶. Сумама ибн әл-Ашрас¹⁷⁷ : «Бұл – жасаушысы жоқ нәтиже», деген.

Біз, ең дұрысы, істің нәтижесін де, өзін де жаратқан – Алла деп сенеміз. Егер

¹⁷⁴ Таулид – тілдік мағынада «туу», «туындау», «пайда болу», «жемісін беру» деген мағыналарды білдіреді. Термин ретінде – бір істің екінші бір орындаушысының әрекеті нәтижесінде пайда болатын іс-әрекет. Мәселен, қолдың қимылымен құлыптың ашылуы секілді. Ал, мұғтазилиттер осы ықпалды «тікелей сол істен туындайды, оның жаратушысы – сол іс» деп есептейді. Мұғтазилиттердің ойынша, құлдардың іс-әрекеттерінің жаратылуы толықтай олардың еркінде. Мысалы, қолын көтеріп әйнекті ұрғанда, әйнек сынады. Бұл жерде Алланың құдіретінің ешқандай қатысы жоқ деп есептейді. Қолды көтеріп әйнекті ұру – істің орындалуы. Ал, әйнектің сынуы – оның нәтижесі. Мұғтазилиттер «осы нәтиженің орындалуында Алланың жаратуы мен құдыретінің қатысы жоқ. Ол – іс-әрекеттің нәтижесі» дейді. Осы себепті кәләм ілімінде «тулид», «мутауаллид» деген терминдер пайда болған. Әнлі сүннеттің көзқарасы бойынша, пенденің ісі де, оның нәтижесі де Алланың жаратуы арқылы көрініс табады. Мұғтазилиттердің бұл көзқарасы детерминизмге апарады. Сондықтан олар табиғи заңдылықтар арқылы орын алатын нәрселерді ғана қабылдайды да мұғжиза, сиқырдың әсері, кереметтерді мойындамайды.

¹⁷⁵ Ибраһим ибн Сайяр ибн әл-Хани Әбу Исхак әл-Басри. Мұғтазила имамдарының бірі. Философиялық теориялары танымал болып, оның көзқарасын ұстанған мұғтазилиттер «наззамия ағымы» деп аталған. 231h/845 жылы қайтыс болған (әл-Ағлам, 1/36).

¹⁷⁶ Мұғтазилиттердің көпшілігі «істің нәтижесін Алла жаратпайды, ол әрекеттен ғана туындайды» деп санап, оны «афғал әл-мутауаллида», «мутауаллидат» деп атаған. Қаланиси мен Наззамның айтуы «істің әсері қандай болатындығы, оның табиғатында бар, Алла оны солай жаратып қойған» дегенге саяды. Ал, олардың бұл көзқарастары натуралистердің: «себебі орындалса, міндетті түрде оның нәтижесі болады» деген көзқарасқа апарады. (әл-Кифая, 64-парақ).

¹⁷⁷ Сумама ибн әл-Ашрас ан-Нумайри Әбу Мағн. Мұғтазилиттердің алдыңғы қатарлы өкілдерінің бірі. Оның соңынан ергендер «сумамия ағымы» деп аталған. 213h/828 жылы қайтыс болған. (әл-Ағлам, 2/86).

нәтиже құлдың іс-әрекеті арқылы пайда болады десек, мынадай жағдайлар туындайды:

а) не ешқандай күштің қатысуынсыз пайда болады, ә) не сол іс-әрекетті жүзеге асырған күш-қуат арқылы пайда болады;

б) немесе басқа бір күш арқылы пайда болады. Бірінші ықтимал – мүмкін емес. Өйткені күш-қуатсыз нәтиженің туындауы – абсурд. Екіншісі де дұрыс емес. Себебі, іс-әрекет нәтижесінде туындаған күш-қуат іспен қатар келгендіктен, нәтиже пайда болғаннан соң жоқ болып қалады. Үшіншісі де ақылға қонымсыз. Өйткені, іс пен істің нәтижесін тудыратын күш-қуат екі бөлек болған жағдайда адам істі орындамай тұрып нәтижесін көруі яки ешқандай нәтижесіз-ақ бір істі істеуі қажет болады. Мысалы, ұрмай тұрып ауырғанын сезіну, ұрған күннің өзінде ешқандай әсерінің сезілмеуі секілді жайттар орын алар еді. Сондықтан істің өзіне де, оның нәтижесіне де бірдей құдіреті жетушінің, олардың әрқайсысын жеке-жеке жасауға да құдіреті жетер еді.

Мәселеге байланысты біздің көзқарасымызды қуаттай түсетін тағы бір дәлел, мысалы, соққы жасаған адам әлгі соққыдан кейін өзі дереу жан үзуі мүмкін. Ал соққы жеген адамның соққының әсерін сезінуі әлгі адамның жан тапсыруынан соң орын алады. Алайда өлген адамнан іс-әрекеттің туындауы мүмкін емес. Демек, Алла Тағала осы дүниеде белгіленген заңдылықтарды орындаған кезде артынша нәтижесін жарататындай етіп бекіткен.

Пенде нәтижені көздеп іс-әрекет жасағанда, нәтиже оның іс-әрекеті арқылы жаратылмаса да, оған телінеді. Осылайша жауапкершілік соған жүктеледі. Сөйтіп, дүниеде істеген ісінің бодауын, ақыретте жазасын тартады деген сөз. Мысалы бір адам екінші бір адамның күбісінің түбін тессе, сөйтіп оның ішіндегі май ақса, тескен адам кінәлі саналып, жауапқа тартылады. Негізінде ол күбідегі майдың ағуы оның іс-әрекеті арқылы жүзеге аспайды. Бірақ, ол майды ағызып жіберу үшін тескендіктен нәтиже оған телінеді. Біз айтып отырған мәселе де дәл осындай.

Тура жолға бастаушы, табысқа жеткізуші – бір Алла.

3.5. Шама жетпейтін істің жауапкершілігі

Бұл мәселеде ғұламаларымыздың көзқарасы ашғарилердікінен бөлек. Ғұламаларымыз (Алла рақымына бөлесін): «Алла Тағала құлдарына шамасы жетпейтін істерді міндеттеуі мүмкін емес» деп санайды. Неге десеңіз зағип жанды көруге, мүгедек адамды жүруге міндеттеу секілді, шамасы жетпейтін істі міндеттеп, жауапкершілікке тарту хикметке сай келмейді. Хикмет иесі Ұлы Аллаға мұндай істі телу дұрыс емес. Нақтырақ айтқанда, жауапкершілік (міндет немесе тәклиф) дегеніміз – еңбектену, машақаттану арқылы қол жеткізетін істі істеуге сынақ ретінде¹⁷⁸ бұйырық беру. Егер ол істі атқарса, сый көрсетіледі, атқармаса жазаланады. Ал, мұндай нәрсені орындауға

¹⁷⁸ Мұғтазилиттердің көзқарасында адамға жауапкершілік жүктелуінің мақсаты – оның жүзеге асырылуы, ал матуридия сенімінде – сынақ.

күлдың шамасы жетуі тиіс. Ол пенденің шамасынан тыс нәрсе болмауы қажет.

Сұрақ: Құран Кәрімде:

(رَبَّنَا وَلَا تَحْمِلْنَا مَا لَا طَاقَةَ لَنَا بِهِ)

«...Уа, Раббымыз! Күшіміз жетпейтін нәрсені бізге жүктей көрме!»¹⁷⁹ делінген. Егер Алланың шама жетпейтін нәрсені міндеттеуі мүмкін емес болса, нәліктен Алладан жүктемеуін сұраймыз? Тағы бір аятта Алла Тағала періштелерге:

(عَالُوهُ ءِامْسًا بِبَيِّنَاتٍ)

«Қанеки заттардың аттарын атаңдаршы?»¹⁸⁰ дегені белгілі. Негізінде періштелердің заттардың атын айта алмайтындығын Алла білетін еді. Сондай-ақ,

(يَقُولُ اللَّهُ تَعَالَى لِلْمُصَوَّرِينَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ: أَحْيُوا مَا خَلَقْتُمْ)

«Алла Тағала қиямет күні сурет салғандарға: «Бейнелеген нәрселеріңе жан бітіріңдерші қане?!», – дейді»¹⁸¹ деген бір хадис риуаят етіледі. Міне осылар Алла адамның шамасы жетпейтін нәрсені міндеттеуі мүмкін екендігін көрсетпей ме?

Жауап: Бірінші аятта көтере алмайтын жүктің/жауапкершіліктің артылуынан сиыну мәселесі қозғалған. Біздің көзқарасымыз бойынша, Алла Тағала пенденің мойнына шамасы жетпейтін тау немесе қабырға секілді нәрсені артуы мүмкін. Тіпті, сол себепті өліп кетуі де ықтимал. Бірақ, пендеге әлгіндей шамасы келмейтін жүкті көтергені үшін сый көрсетіп, көтере алмағаны үшін жазалауы мүмкін емес. Өйткені, бұл жоғарыда айтылғандай хикметке сай келмейді. Ал Алла Тағаланың періштелерден заттардың атауын атауды бұйыруына келсек, бұл – жауапкершілікке қатысты айтылған бұйрық емес. Тек періштелердің оны білмейтіндігін (адамнан артық еместігін) анық көрсету мақсатындағы бұйрық. Мұндай сұрақтың қойылуы – қалыпты жағдай. Сурет пен мүсін жасағандарға қаратыла айтылған бұйрық та дәл осындай. Ол – жауапкершілікті талап ететін бұйрық емес. Керісінше, оларды істеген күнәларына қарай жазғырудың бір түрі. Сондай-ақ, бұл талаптың сынақ алаңы саналатын мына дүниеде емес, сый мен жаза тағайындалатын ақыретте орын алатындығы біздің көзқарасымызды дәлелдей түседі.

Сұрақ: Алла Тағала өзіне иман етпейтіндігін біле тұра Әбу Жаһил мен Перғауыннан не үшін иман етуді талап етті? Негізінде Алланың білгеніне қайшы нәрсенің орындалуы мүмкін емес қой. Мұны қалай түсінеміз?

Жауап: Біріншіден, бұл сұрақ ижмаға қайшы. Екіншіден, Алладан келген хабарды жоққа шығару саналады. Ижмаға қайшылығына келсек, адамның шамасы келмейтін іске ешқашан жауапты болмайтындығына қатысты мұсылмандар ортақ көзқараста. Ал арадағы қайшылық тек логикалық тұрғыда осындай жауапкершіліктің мүмкін яки мүмкін еместігіне байланысты туындауда. Алланың аятын жоққа шығару мәселесіне келсек, Алла Тағала Құранда:

(لَا يَكْفُرُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا)

«Алла ешкімге күші жетпейтін нәрсені міндеттеп, жауапкершілікке тартпайды»¹⁸² деген. Ал мүмкін емес нәрсеге ешкімнің де күші жетпейді. Қарсыла-

¹⁷⁹ «Бақара» сүресі, 286

¹⁸⁰ «Бақара» сүресі, 31

¹⁸¹ Сахих әл-Бухари, 3/17; әл-Буюғ 140, 8/218

¹⁸² «Бақара» сүресі, 286

сымыздың «Алланың білуіне қайшы нәрсенің жүзеге асуы мүмкін емес» деген сөзіне келсек, ақыл-ой тұрғысынан мүмкін емес нәрсе – «мухал» (болуы мүмкін емес нәрсе) ал, болуы мүмкін нәрсе – ол «жәйіз». Бір нәрсені бар немесе жоқ деп санау, негізінде

Алланың ілімі мен ирадасына (қалауына) емес, өз затына байланысты. Мысалы: Әлемнің бар болуы да, жоқ болуы да мүмкін жаратылыс екендігінде талас жоқ. Алла оның жаратылатындығын о бастан білді. Әлемнің дәл қазіргідей бар болуы оның болмысының міндетті екендігін білдірмейді. Егер жаратылатындығын Алла білген нәрселердің бар болуы міндетті (уәжіп), жаратылмайтындығын білген нәрсенің бәрі болуы мүмкін емес (мухал) болса, ықтималды (жаиз) нәрселер болмас еді. Мұндай жағдайда Алланың екі ықтималдықтың бірін таңдауына да қажеттілік қалмас еді. Оның ирадасы (қалауы) тек болуы міндетті нәрсе мен мүмкін емес нәрсені бір-бірінен ажыратуда ғана көрініс табады. Бұл – ақылды адамның айтатын сөзі емес.

Сұрақ: «Алла Тағаланың ілімінде бар нәрсенің керісінше орын алуы мүмкін деп санасақ, онда бұл Ұлық Аллаға білімсіздік сипатын телу саналмай ма?

Жауап: Негізінде білмеушілік – бір нәрсенің болмысын ойша елестетуге қатысты емес, керісінше сол нәрсенің нақты бар болуына қатысты. Оны бар деп ойша елестету мүмкін саналғанымен, Алла оны жоқ, яки болмайды деп біледі (яғни, Алла жоқ нәрсені де біледі деген сөз). Бұл білмей қалуды Аллаға телу емес, керісінше Оның барлығын білетіндігін айқындай түседі.

Жетістік Алладан!

3.6. Алланың қалауының бәрін қамтуы (Тағмим әл-мурад)

Әһлі сүннет ғалымдары былай дейді: «Болып жатқан барлық құбылыстар мен заттар, жақсылық-жамандықтың бәрі Алланың қалауымен, оның жазмыш, тағдыры арқылы жүзеге асады».

Мұғтазилиттер: «Алланың разылығына сай келмейтін нәрселер оның қалауының шеңберіне де кірмейді» – деген. Ал мұбах нәрселердің Алланың қалауына кіріп-кірмейтіндігіне қатысты ғалымдарының арасында әртүрлі көзқарастар бар.

Біздің пікірімізше, бір нәрсенің жаратылатындығын Алла Тағаланың білуі, оның болуына әмір берсе де, бермесе де сол нәрсенің бар болуын қалағандығын білдіреді. Өз кезегінде Әбу Ханифа қадария ағымының өкілімен пікірталас жүргізу барысында, осы мәселеге байланысты одан: «Алла Тағала келешекте орын алатын жамандықтар мен тыйым салынған істерді ежелде егжей-тегжейлі білетін бе еді? Білмейтін бе еді?» – деп сұрағанда, қарсыласы: «Білетін еді» деуге мәжбүр болады. Әбу Ханифа: «Алла Тағала ежелде білген нәрсесін сол білгеніне сай жаратуды қалай ма әлде, Өз білгеніне қайшы жаратуды қалай ма? Егер білгеніне қайшы жаратуды қаласа, ежелде білмеген болып қалады. Солай емес пе?», – деп сұрағанда әлгі адам тәубесіне келіп, ұстанымынан бас

тартқан-ды.

Осыған байланысты ғалымдарымыз (Алла олардан разы болсын): «Алланың қалауы ілімімен қатар жүреді» деген. Негізінде «Алланың қалауы (жарату) ісімен қатар жүреді» деген дұрыс. Яғни, Алланың ісіне қатысты барлық нәрсе Оның қалауын білдіреді. Міне осыған орай ардақты ұстаз имам Әбу әл-Мансур әл-Матуриди: «Бұл – пенденің ісінің жаратылу мәселесінің бір бөлігі» деген. Пенденің ісінің барлығы Алланың жаратуы арқылы жүзеге асады деп сенетін біздер үшін оның бәрі Алланың қалауы шеңберіне кіреді. Себебі, бұл істерді Алла қаламаған болса, оны жаратуға мәжбүр болар еді. Әрине бұл – мүмкін емес.

Құран аяттарының кейбірі де Алланың қалауының жақсылықты да, жамандықты да қамтитындығын білдіреді. Мысалы:

(وَمَا تَشَاءُونَ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ اللَّهُ)

«Алла қаламайынша сендер ешнәрсені қалай алмайсыңдар»¹⁸³,

(اوْكَرْشَ اَمْ هَلْ لَآءِ اَآشَ وُلُوْ)

«Алла қаласа, олар оған серік қоспас еді»¹⁸⁴,

(وَلَوْ شَاءَ رَبُّكَ لَأَمَنَّ مِنَ فِي الْأَرْضِ كُلُّهُمْ جَمِيعًا)

«Егер Алла қаласа, жер бетіндегі адамдардың бәрі иман келтірер еді»¹⁸⁵.

Кейбір аяттарда Алланың қалауы адастыруды да қамтитындығы айтылған:

(يُضِلُّ مَنْ يَشَاءُ)

«...Ол қалағанын адастырады»¹⁸⁶,

(وَمَنْ يُّرِدْ أَنْ يُّضِلَّهُ يَجْعَلْ صَدْرَهُ صَيِّقًا حَرَجًا)

«Кімді адастырғысы келсе, оның көкірегін көкке көтеріліп бара жатқандай қысады»¹⁸⁷.

Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша, «машиә» мен «ирада» сөздері арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Бұл көзқарасымызды исі мұсылманға кең тараған мына:

(مَا شَاءَ اللَّهُ كَانَ وَمَا لَمْ يَشَأْ لَمْ يَكُنْ)

«Алланың қалағаны жүзеге асады, ал қаламағаны болмайды»¹⁸⁸ деген хадис қуаттайды. Ал қарсыластарымыздың көзқарасы бұған қайшы келеді. Олардың көзқарасы бойынша, барлық кәпірдің иман келтіруін қалаған Алланың ирадасы орындалмай, оның қаламаған күпірліктері көрініс тапқан. Мұндай көзқарас – үмбеттің ижмасына қайшы.

Сұрақ: Алла кәпірдің кәпір болуын қаласа, ол Алланың бұл қалауынан шығып кете алмайтындықтан кәпір болуға мәжбүр болар еді. Демек оның күпірлік келтіруінің жазығы жоқ деген сөз. Бұл өз кезегінде Алланың әмірі мен тыйымдарының, сыйы мен жазасының мәнін жоққа шығаруды қажет етеді немесе ол күпірлік келтіргені үшін жауапқа тартылмауы тиіс еді. Өз кезегінде бұл адамға шамасы жетпейтін істің жауапкершілігін жүктеуді және Алланы әділетсіздікпен сипаттауды білдірмей ме?

¹⁸³ «Инсан» сүресі, 30-аят.

¹⁸⁴ «Әнғам» сүресі, 107-аят.

¹⁸⁵ «Юнус» сүресі, 99-аят.

¹⁸⁶ «Рағд» сүресі, 27-аят.

¹⁸⁷ «Әнғам» сүресі, 125-аят.

¹⁸⁸ Сүнән Әбу Дәуіт, 2/614; Әл-әсма уа ас-Сифат, 160-164 бет.

Жауап: Бұл мәселеге Алланың илм (білу) сипатын мысалға келтіру арқылы жауап бере аламыз. Алла Тағала кәпірдің күпірлікке баратынын білетіндігін ескерсек, кәпірдің кәпір болуы Алланың ілімінің шеңберіне кіре ме, кірмей ме? Осыған берілген жауап, біздің ирадаға қатысты жауабымыз болып есептеледі.

Алла Тағала кәпірдің күпірлік келтіретінін қалайша білсе, сол секілді оның

кәпір болуын қалауы – ол пенденің иман келтіруге мүмкіндігі бола тұра, өз еркі мен таңдауын қолдануына қатысты. Осы себеті, Алланың әмірі мен тыйымы, сыйы мен жазасы орынды болып есептеледі. Алланың ілімі мен қалауы пенденің еркіндегі істеріне қатысты орын алатындықтан, ол қалайша мәжбүрлілік саналмақ? Сонымен қатар, Алла Тағала құлдың өзінде ерік болатындығын:

(فَمَنْ شَاءَ فَلْيُؤْمِنْ وَمَنْ شَاءَ فَلْيُكْفُرْ)

«Қалағаны иман келтірсін, қалағаны кәпір болсын»¹⁸⁹ деген аятымен нақты көрсеткен. Тағы бір аятта:

(اعْمَلُوا مَا شِئْتُمْ)

«Қалағадарыңды істеңдер»¹⁹⁰ деген. Пенде де іштей бұл ақиқатты мойындайды. Алла Тағаланың пенденің іс-әрекеттеріне қатысты қалауы аят-хадиспен де, ақыл-оймен де нақтыланған. Демек, бұл екі қалауды жоққа шығару мүмкін емес.

Сұрақ:

(وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ)

«Жындар мен адамзатты тек маған құлшылық жасасын деп жараттым»¹⁹¹ деген аятта жындар мен адамдарды құлшылық үшін жаратқандығын айта тұрып, қалайша олардың кәпір болуын қалап, оған жол береді? Осыған орай, Алла Тағала аяттарында:

(يُرِيدُ اللَّهُ بِكُمُ الْيُسْرَ وَلَا يُرِيدُ بِكُمُ الْعُسْرَ)

«Алла сендерге қиындықты емес, жеңілдікті қалайды»¹⁹²,

(وَمَا اللَّهُ يُرِيدُ ظُلْمًا لِّلْعِبَادِ)

«Алла құлдарына ешқашан зұлымдықты қаламайды»¹⁹³ деген емес пе?

Жауап: Бірінші аятты жалпылама мағынасында қарастыруға келмейді. Себебі, балалар мен ақыл-есі ауытқыған жандар құлшылық етуге міндетті емес. Сондықтан бұл аят жорамалдап түсіндіруді қажет етеді. Аятты екі түрлі жорамалдай аламыз. Бірінші жорамал – «маған құл болу үшін жараттым» деген мағына. Екінші жорамал бойынша, Алла Тағала жалпы адамзат пен жындарды емес өзіне құлшылық жасайтындығын білгендерге қаратып айтқан болуы мүмкін. Ең дұрысы бір Аллаға ғана мәлім.

Ал екінші аятқа келсек, бұл аяттан Алла Тағаланың (жалпылама түрде емес, орынды себебі бар адамдарға) ораза айында ішіп-жеуге рұқсат беріп, рамазан айынан тыс уақытта қазасын өтеуге болатындығын ескерту арқылы, пенделеріне қиын-

¹⁸⁹ «Кәһф» сүресі, 29-аят.

¹⁹⁰ «Фуссилат» сүресі, 40-аят.

¹⁹¹ «Зәрият» сүресі, 56-аят.

¹⁹² «Бақара» сүресі, 185-аят.

¹⁹³ «Ғафир» сүресі, 31-аят.

дық емес, жеңілдікті қалайтындығын көруге болады¹⁹⁴. Үшінші аят «Құлдарына зұлымдықты қаламайды» дегенді меңзейді. Яғни, «құлдардың бір-біріне зұлымдық жасауын қаламайды» деген мағынада емес, «құлдарына зұлымдық жасамайды» дегенді білдіреді. Аяттың «العباد ظلموا» деп емес «ظلموا للعباد» деген сөзбен келуі осыған дәлел.

(وَإِنْ أَسَأْتُمْ فَلَهَا)

(жамандық тілесендер ол өздеріне (зиян)¹⁹⁵ деген аятта келгендей, бұл аяттағы «ل» жалғаулығы «على» деген жалғаулықтың мағынасында келген. Аталған аяттағы «فله» сөзі «فعلها» сөзінің (яғни өздеріне зиян) мағынасын білдіреді.

Тура жолға бастаушы – бір Алла!

Жоқ нәрсе туралы.

Ғұламаларымыздың басым бөлігінің көзқарасы бойынша, мағдұмның (жоқ нәрсенің) Алла Тағаланың қалауына (ирадасына) қатысы жоқ. Кейбір матуриди және ашғари ғалымдар мұнымен келіспеген. Өйткені, Алланың қалауы ісімен қатар жүзеге асады. Ал жоқ нәрсе іс-әрекетке қатысты емес болғандықтан Алланың қалауына кірмейді. Сондай-ақ, Алланың қалауына байланысты нәрсе кейіннен пайда болады. Ал мағдұмның (жоқ нәрсенің) бастауы да жоқ. Мұны мұсылмандардың барлығы қолданатын мына: (مَا شَاءَ اللَّهُ كَانَ وَمَا لَمْ يَشَأْ لَمْ يَكُنْ) «Алланың (ежелде) қалағаны болады, қаламағаны жүзеге аспайды» дегенс өзі дәлелдей түседі. Олар: (مَا شَاءَ اللَّهُ أَنْ لَا يَكُونَ لَمْ يَكُنْ) «Алланың қаламаған нәрсесі орыдалмайды» деген.

«Сәлимия» және «муқаннағия» деген топ өкілдерінен басқа барлық мұсылмандар жоқ нәрсенің көрілуі де мүмкін емес деп есептеген. Аталған топ өкілдері: «Әлем жаратылмай тұрып, ежелде Алла оны көрген» деген. Бұл сөз мүлде дұрыс емес. Бұл жоқ нәрсенің «бір зат» болуын талап етеді. Нәтижеде әлемнің ежелден бар екендігін мойындауға апарады. Пайда болмаған және пайда болуы мүмкін емес жоқ нәрсе мен жаратылуы мүмкін, бірақ жаратылмайтындығы Аллаға аян нәрселердің Алланың көруіне қатысы жоқ екендігіне қатысты мұсылмандар арасында қайшылық жоқ. Сондықтан әлі жаратылмаған – жоқ нәрсе де дәл солай. Өйткені Алланы көру мәселесінде айтып өткеніміздей, мына физикалық әлемде көріне білудің шарты – бар болу. Көрінудің шарты болмағаннан кейін, оның көрінуі де мүмкін емес деген сөз. Ал көрінуі мүмкін емес нәрсені Алла көреді деу – дұрыс емес. Бұл – қарама-қайшы екі нәрсені қосу секілді жәйт. Бұл мына физикалық әлемде мүмкін емес болғандықтан оны Алланың құдіретіне таңуға жол жоқ.

Тура жолға бастаушы – Алла!

¹⁹⁴ Аяттың толық мағынасы былай:

شَهْرُ رَمَضَانَ الَّذِي فِيهِ الْفُرْآنُ هُدًى لِلنَّاسِ وَبَيِّنَاتٍ مِنَ الْهُدَى وَالْفُرْقَانِ فَمَنْ شَهِدَ مِنْكُمُ الشَّهْرَ فَلْيَصُمْهُ وَمَنْ كَانَ مَرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِنْ أَيَّامٍ أُخَرَ يُرِيدُ اللَّهُ بِكُمُ الْيُسْرَ وَلَا يُرِيدُ بِكُمُ الْعُسْرَ وَلِتُكْمِلُوا الْعِدَّةَ وَلِتُكَبِّرُوا اللَّهَ عَلَى مَا هَدَاكُمْ وَلَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ

«Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла сендерге оңайлық қалайды, ауыртпалықты қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырындар. Әрі Алланы ұлықтаңдар».

¹⁹⁵ «Исра» сүресі, 7-аят.

3.7. Пендеге ең қайырлы істі жаратып беру Аллаға міндет емес

Пенделерге ең қайырлы істі жаратып беру Аллаға міндет емес. Сондай-ақ, жаман емес істі жаратуы да уәжіп емес. Мұғтазила бұған қайшы көзқарас білдірген. Оның ішінде Бишр ибн Мұғтамир мен оның жақтастары: «Пендеге зияны тимейтін нәрсені жаратып, соған мән беру Аллаға міндет» деген¹⁹⁶. Олардың бұлай деуі – дұрыс емес. Себебі:

1) Құдайға ешқандай міндеттілік жүктелмейді. Керісінше, ұлы Алла пенденің ісін өз қалауы бойынша жаратады. Ол мұсылмандарды иман беру арқылы ерекшелеген. Егер осы жақсылықты кәпірлерге нәсіп етсе, бәрі иман келтірер еді. Бұл – Алланың мейірімділік сыйы. Кейбір құлдарын бұл жақсылықтан жұрдай етсе, ол да – Алланың қаһарының әділдігі. Оның мейір-шапағатымен бірге, әділдігі мен қаһары да мадаққа лайықты;

2) «Пенде үшін ең қайырлы істі жаратып беру Аллаға – міндет» деу құлдарына тура жол нәсіп ету арқылы берген мейірімі мен сыйын жоққа шығарумен бірдей. Өйткені, қарыздар адамның алдында мойнындағы міндетін атқарған кісі оған жақсылық жасаған болып саналмайды;

3) «Пендеге ең жақсы істі жаратып беру Аллаға – уәжіп» деу – Алланың құдіретін шектеу. Себебі, бұл көзқарасты негізге алсақ, Алла пенделеріне ең қайырлы істі толықтай беріп, тауысқан. Егер оның құдіреті пендесіне игілік жаратып беруге жете тұра оны орындамаса, ол әділетсіздік жасаған болып қалады. Бұдан «Алла Тағала Пайғамбарымыз Мұхаммедке (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Әбу Жәһилге қарағанда айтарлықтай бір жақсылық бермеген» деген нәтиже шығады. Бұл көзқарас бойынша, Алла Өзінің құдіреті шеңберінде Пайғамбарымыз бен Әбу Жәһил үшін ең тиімді нәрсені берген болып шығады;

4) Мұсылмандардың бәрі күнәлардан сақтауын, көмектесуін, істелген істің Оның разылығына сай келуін Алладан тілеу керек екендігін бір ауыздан мақұлдайды¹⁹⁷. Егер осы сұраған нәрселерін Алла онсыз да пенделеріне беріп қойған болса, олардың бұл тілегі әбестік емес пе?! Ал бермеген болса, оларға жамандық жасағаны. Сондай-ақ, Алладан ауруына шипа тілеу, басындағы қиындықтан құтқаруын тілеп, жалбарыну да – дұрыс нәрсе. Тіпті бұл қажетті әрі жағымды істердің қатарынан саналады. Егер пенденің басындағы сол дерт пен қиыншылық қайырлы іске апарудың жолы болса, одан айықтыруды сұрау жамандықты тілегенмен бірдей болады. Ал дерт пен қиындықтың болмауы жақсылыққа себеп болса, Алла пендесіне жамандыққа бастайтын нәрсе берген болады;

¹⁹⁶ Мұғтазилиттердің көбісі пендеге ең қайырлы нәрсені жаратып, құлға жағдай жасау Аллаға міндет деп есептесе, Бишр мен оның жақтастары: «Пендеге ең қайырлы нәрсені жарату Аллаға міндет емес, бірақ, құл үшін қайырлы іске бастайтын себепті жарату уәжіп, жамандыққа бастайтын себепті жаратуы мүмкін емес», деген.

¹⁹⁷ Мұсылмандар тіпті сәмауи дін өкілдерінің (июдей, христиан) бәрі (Алла Тағаладан) күнәлардан сақтап, бәлекеттерді алыстатуды тілейді. Бұл туралы риуаяттар аят-хадистерде бар. (әл-Иғтимад, 70-парақ).

5) Қарсыласымыздың көзқарасының дұрыс еместігін көрсететін тағы бір мәселе мынау, олардың ойынша, Алла өзінің құдіреті жеткенінше, барлық мүмкіншілік пен шарттарды әзірлесе де кәпір иманға келмеген болып есептелуі керек. Бұл «пендеге ең қайырлы нәрсені беруге Алланың құдіреті жетпеді» деуді білдіреді. Себебі, пенде үшін ең қайырлы нәрсе – иман келтіруге мүмкіндік бола тұра, иманға келмей мәңгі азапталу емес, өз еркімен иманға бет бұрып, мәңгілік бақытқа қол жеткізу. Олардың көзқарасына салсақ, Алла пендесіне ең қайырлы нәрсені емес, керісінше, ең зиянды нәрсені жаратып берген саналады.

Табысқа жеткізуші – бір Алла ғана!

3.8. Ризық-несібе

Әһлі сүннет: «Халал болсын, харам болсын адамның жеген кез-келген асы – оның ризық-несібесі» десе, мұғтазилиттер: «Харам нәрсе ризыққа жатпайды», деп пайымдаған. Арадағы қайшылықтың туындау себебі, біздің көзқарасымыз бойынша, ризық – тіршілік иесінің жейтін азығы болса, олардың ойынша тіршілік иесінің тек адал жолмен тауып иелік еткен асы¹⁹⁸. Олардың бұл көзқарасы – қате. Себебі, Алла Тағаланың күллі тіршілік иесіне ризықты тарату жайында айтқан уәделі сөзіне қайшы. Құранда:

(وَمَا مِنْ دَابَّةٍ فِي الْأَرْضِ إِلَّا عَلَى اللَّهِ رِزْقُهَا)

«Жер бетінде Алла ризық бермейтін тіршілік иесі жоқ»¹⁹⁹ делінген. Алайда жануарлардың меншікке иелік ету құқығы жоқ екені мәлім. Ал, кейбір адамдар өмір бойы харам аспен қоректенуі мүмкін. Ондай адамға қатысты: «Алла оны ризықтандырмады» деп айта алмаймыз.

Сұрақ: Егер харам азық Алла берген ризық болса, не үшін адам оны жегені үшін азапталады?

Жауап: Бұл – пенденің таңдауы мен мақсатына байланысты. Өйткені, Алла Тағала тіршілік иесіне ризық беретіндігін жалпылама түрде айтқан. Ал, мына аятта ризықтың халалын ішіп-жеуді бұйырған:

(كُلُوا مِمَّا فِي الْأَرْضِ حَلَالًا طَيِّبًا)

¹⁹⁸ Сағдуддин ат-Тафтазанидың «шарх әл-ақайд» атты еңбегінде ризық туралы былай делінген: «Ризық – Алланың тіршілік иесіне беріп, тіршілік иесінің жеген азығы. Бұл халал да, харам да болуы мүмкін. Бұл «ризық – тіршілік иесінің азығы» деген анықтамаға қарағанда дұрысырақ. Себебі, бұл анықтамада оны Алла беретіндігі анық айтылмайды». Мұғтазилиттердің ойынша харам нәрсе ырыздыққа жатпайды. Ризықты беруші Алла болғандықтан ол харам болмауы керек. Сондықтан Алланың жаратқаны жаман болмауы және оны жасаған адам жазаланбауы тиіс. Әһлі сүннет бұған: «Адамның жазаға тартылуы өз қалауымен харам жолды таңдауына қатысты» деп жауап берген (Шарх әл-ақайд, 127-128-бет).

¹⁹⁹ «Һуд» сүресі, 6-аят.

«Жер бетіндегі нәрселердің халал әрі тазасын жендер»²⁰⁰. Пенде өз қалауы мен пейіліне байланысты арам жолдан азық іздегендіктен, Алла оның ризық-несібесін сол арқылы береді. Бірақ, дұрыс таңдау жасамай, Алланың әміріне қайшы келгендіктен, жауапқа тартады. «Мутауаллидат» тақырыбында айтып өткеніміздей, өлтірілген адамының өлімін Алла жаратқанымен, адамды өлтіруге әрекет жасап, соны көздегені үшін өлтіруші жазаланады²⁰¹.

Жетістікке жетелейтін Алла ғана!

3.9. Ажал

Әһлі сүннет ғалымдары (Алла жар болсын) былай дейді: «Басқа біреу тарапынан өлтірілген адам, ажалы жетіп өледі. Оның басқа ажалы жоқ». Өлтіру ісі – өлтіруші арқылы жүзеге асатын әрекет. Ал өлім – сол әрекет нәтижесінде Алланың жаратуымен жүзеге асатын құбылыс.

Ал мұғтазилиттер: «Өлтірілген адам ажалынан бұрын (өмірін аяқтамай) жазым етілген саналады. Егер өлтірілмегенде өмірінің соңына дейін тіршілік етер еді», дейді. Кағби²⁰²: «Адамның өлтірілу және өлу секілді екі түрлі ажалы болады» деген. Оның ойынша да өлтірілген адам Алланың жазған ажалымен өлмейді. Ең дұрысы – біздің көзқарас деп білеміз. Себебі, Алла Тағала пенделерінің ажалын олар жайындағы ілімі мен қалауына байланысты бекіткен. Алланың ілімі мен қалауында ешқандай кешігу немесе ерте орын алу деген мәселе жоқ. Оның жазмышы мен үкіміне қарсы тұру мүмкін емес.

Сұрақ: Пайғамбарымыздың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

صَلَّةُ الرَّجْمِ تَزِيدُ فِي الْعُمْرِ

«Туысқанмен жиі қарым-қатынас жасау өмірді ұзартады»²⁰³ деген сөзі бар емес пе? Егер адамның бір ғана ажалы болса, өмірінің ұзаруын қалай түсінеміз?

Жауап: Бұл хадистегі өмірдің ұзаруын былай түсіндіруге болады. Мәселен, бір адам туысқанымен қарым-қатынас жасамаған жағдайда өмір жасы елу жыл болатынын Алла білетін. Сонымен қатар, оның туысқанымен қарым-қатынас жасайтынын әуелде Алла Тағала білгендіктен, оның ғұмырын жетпіс жыл деп белгілеген. Ал болашақта ол туысқандарымен байланыс жасамаса, оны да Алла өз ілімі мен қалауына сай алдын ала біліп, елу жас етіп белгілейді. Бұл жердегі ұзару – Алланың іліміне байланысты айтылған

²⁰⁰ «Бақара» сүресі, 168-аят.

²⁰¹ Шейх Әбу әл-Хасан әр-Рустуфағни мен Әбу Исхак әл-Исфараини негізінде бұл мәселеде айтарлықтай қайшылық жоқ екендігін, айырмашылық тек мағынада емес, мәтінде екендігін айтқан. Дұрысы да осы. (әл-Иғтимад, 75-парақ).

²⁰² Әбул-Қасым Абдулла ибн Ахмад ибн Махмуд әл-Кағби, Мұғтазила имамдарының бірі. Кағбия деп аталатын топтың көсемі. 319h/931 жылы қайтыс болған. (әл-Ағлам, 4/189).

²⁰³ Бұхари, ат-Тыбб 12, 7/72; Муслим, 2557, әл-бирр 6.

ұзару. Негізінде Алла жаратылатын нәрсенің қалай болатындығын алдын ала біледі. Ал болмайтын нәрсе егер бола қалса, қандай нәтиже шығатынын да жақсы біледі. Мысалы, Алла Тағалатозақтағылардың дүниеге қайтарылмайтындығын біледі. Бірақ, олар дүниеге қайта келген күннің өзінде бұрынғы кәпірлік сарынға қайта түсетіндігін білетіндігі туралы Құран Кәрімде:

(وَلَوْ رُدُّوا لَعَادُوا لِمَا نُهُوا عَنْهُ وَإِنَّهُمْ لَكَاذِبُونَ)

«Егер олар дүниеге қайта келсе, тағы да солтыйым салынған жамандықтарға салынып кетеді. Олардың өтірікші екенінде күман жоқ»²⁰⁴, деп баяндалған.

3.10. Жазмыш және тағдыр

Әһлі сүннет ғалымдары (Алла жар болсын) былай дейді: «Жаратылғандардың істері, жай-күйі, сөздерінің бәрі де Алланың тағдыры мен жазуына сай жүзеге асады».

Мұғтазилиттер: «Күнәлар Алланың жазуымен болмайды», деген. Бұлар Алланың қалауы мәселесінде де осындай ұстанымда. Бұл мәселенің негізі пенденің іс-әрекетінің жаратылуына барып тіреледі.

Біздің айтпағымыз, Алла Тағаланың жаратуы және қалауы арқылы жаратылған барлық нәрсе Оның тағдыры мен жазмышы бойынша жүзеге асқан. Себебі, «қаза» (ءاضق) сөзі тілдік мағынада «бекем әрі шеберлікпен жасау», «орындау» деген мағыналарды білдіреді. Әбу Зуаиб әл-Һузалидің өлең жолында былай келеді:

وَ عَلَيْهِمَا مَسْرُودَتَانِ قَضَاهُمَا
دَاوُدُ أَوْ صَنَعَ السَّوَابِغِ تَبِيعُ

Үстіне киген сауыттары олардың,

Дәуіттің немеме ұста Туббағаның шеберлігімен жасалған²⁰⁵.

Өлең жолында айтылған «(امءاضق)» сөзі «жасау, шеберлікпен өру (соғу)» деген мағынаны білдіреді.

Қадар (тағдыр) – әрбір жаратылысқа өзіне тән сипаттар, жай-күйлерін белгілеу. Мұндай күйлерге: жақсылық, жамандық, пайда-зиян, жаратылыста жүзеге асатын уақыт пен кеңістік және оған берілетін сый мен жаза секілді нәрселер кіреді. Сондай-ақ, Алла Тағала Құран Кәрімде:

(إِنَّا كُلَّ شَيْءٍ خَلَقْنَاهُ بِقَدَرٍ)

«Біз әр нәрсені бір өлшеммен жараттық»²⁰⁶ десе, Пайғамбарымыз хадисінде:

(وَالْقَدَرُ خَيْرُهُ وَشَرُّهُ مِنَ اللَّهِ تَعَالَى)

²⁰⁴ «Әнғам» сүресі, 28-аят.

²⁰⁵ Бұл өлең жолдарын «диуан әл-Һузайлин» атты еңбектің бірінші бөлімі, 19-бетінен оқи аласыз. Туббаға – әйгілі сауыт шебері болған. Ол жасаған үлгідегі сауыт «туббағия» деп аталған. Әбу Һузайл – Хуайлид ибн Халид ибн Мұхarris. Пайғамбар кезеңінде және одан бұрын өмір сүрген әйгілі ақындардың бірі. Мадинаға қоныс аударып, көптеген соғыстарға қатысып, 27h/648 жылы қайтыс болған (әл-Ағлам, 2/373).

²⁰⁶ «әл-Қамар», 49-аят.

«Тағдырдың жақсылығы мен жамандығының екеуі де Алладан»²⁰⁷ деген.

Сұрақ: Пайғамбарымыздың бір құдси хадисінде Алла Тағала былай деген: *«Кімде-кім менің жазған тағдырыма разы болмаса, берген сынағым сабыр ете алмаса, берген ниәметтеріме шүкіршілік етпесе, өзіне басқа құдай іздесін»²⁰⁸*. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, күпірлік (Алланы мойындамаушылық) те Алланың жазуымен жүзеге асатын болса, оған разылық танытуымыз қажет емес пе? Ал кәпірлікке разылық танытуды қалай түсінеміз?

Жауап: Күпірлік – Алла Тағаланың жазуы емес, соның бір нәтижесі саналады. Себебі, бір жағынан алғанда Алланың жазуы – оның бір сипаты. Ал күпірлік – пенденің сипаты. Алланың бұл жазуы – күпірлікті кәпірдің бойында адасушылық, жағымсыз,

жаман нәрсе ретінде жаратуы болып табылады. Алайда бұл пенденің мәңгі азапқа лайықты күпірлікті өз таңдауы және қалауы арқылы жасаған кезде ғана орын алады. Міне біз осындай жазуға разылық танытамыз. Айта кететін тағы бір жайт, құдси хадисте айтылған Алланың жазуы адамға өз еркінен тыс берілетін аурулар мен түрлі қиыншылықтарды білдіреді. Ал адамның (күпірлік секілді) өз еркімен барған ісіне насихатты тыңдамай, разылық танытатындығы онсыз да белгілі. Демек сұралған мәселе бұл хадистің аясына кірмейді.

Жетістікке жеткізіп, тура жолға бастаушы – бір Алла ғана!

3.11. Тура жолға салу және адастыру

Әһлі сүннет (Алла жар болсын): «Алла Тағаланың пендені тура жолға салуы дегеніміз – пенденің бойында тура жолға түсуге деген ниетті жаратуы дегенді білдіреді. Адастыру (идлал) – пендеде адасуды жарату деген мағынада», десе, мұғтазилиттер: «Тура жолға салу – Алланың тура жолды көрсетуі. Ал, адастыруы – адасқан деп атауы немесе пенденің өзінде адасу пайда болғанда оны адасқан деп есептеуі» деген.

Бұл мәселеде де тура көзқарас – әһлі сүннеттің көзқарасы. Себебі, Алла Тағала Пайғамбарымызға қарата былай деген:

(إِنَّكَ لَا تَهْدِي مَنْ أَحْبَبْتَ)

«Шын мәнінде сен жақсы көрген адамдарыңның бәрін тура жолға сала алмайсың»²⁰⁹. Егер тура жолға салу – тек тура жолды көрсету десек, Пайғамбарымызға бұлай айтылмас еді. Өйткені, ол жақсы көргеніне де, жақсы көрмегеніне де тура жолды көрсетіп, тура жолдың мәнін түсіндірген-ді. Тағы бір аятта:

(يُضِلُّ مَنْ يَشَاءُ وَيَهْدِي مَنْ يَشَاءُ)

«(Алла) қалағанын адастырады, қалағанын тура жолға салады»²¹⁰ делінген.

²⁰⁷ Сахих Муслимде келген, көпшілікке «Жәбрейіл хадисі» деген атпен мәлім хадисте айтылады.

²⁰⁸ Суютидың әл-Жамиғ әс-Сағир кітабы; Али әл-Қари. Әл-ахадис әл-құдсия, 11-хадис.

²⁰⁹ «Қасас» сүресі, 56-аят.

²¹⁰ «Фатыр» сүресі, 8-аят.

Егер тура жолға салуды тек тура жол көрсету деп түсінсек, аятта «қалағанын тура жолға салады» делінбес еді. Өйткені, Алланың тура жолды көрсетуі – барлық пендеге ортақ. Ал, адастыру (мұғтазилиттер айтқандай) пендені «адасқан» деп үкім беру саналса, Алланың қалауымен емес, пенденің қалауымен жүзеге асар еді. Өйткені, олардың көзқарасы бойынша, адасу пенденің мақсаты мен қалауына байланысты.

Мына мәселені де түсіндіре кетейік. Кейде тура жолға бастау пайғамбарымызға қатысты да қолданылады. Бұл оның тура жолға бағыттауға себепші болуына және тура жолға шақыруына байланысты айтылады. Өйткені, бір аятта Алла Тағала:

(وَإِنَّكَ لَتَهْدِي إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ)

«Шын мәнінде сен тура жолға бастаушысың»²¹¹ деген. Бұл жердегі «тура жолға салушы(бастаушы)» деген сөз түсіндіру, жеткізу және шақыру деген мағынаны білдіреді.

(إِنَّ هَذَا الْقُرْآنَ يَهْدِي لِلَّتِي هِيَ أَقْوَمُ)

«Шын мәнінде Құран тура жолға салады (бастайды)»²¹² деген аятта айтылғандай, «тура жолға салушы» деген атау кейде тура жолды табуға себепші болғандықтан Құран Кәрімге де қатысты қолданылады. «Адастырушы» деп – пенде адасуды таңдағанда Алла Тағаланың оны адастыруына байланысты Алла Тағалаға қатысты қолданылғаны секілді, адастыруға себепші болғаны үшін әрі соған шақырғаны үшін шайтанға да қаратыла айтылады. Мәселен бір аятта (шайтанның былай дегені баяндалады):

(وَلَأُضِلَّنَّهُمْ وَلَأُمَنِّيَنَّهُمْ)

«Оларды міндетті түрде адастыратын боламын. Оларды түрлі тұзақтарға түсіремін»²¹³ делінген. Адасуға себеп болғаны үшін пұттарда «адастырушы» деп аталған. Бір аятта Алла Тағала Ибраһим пайғамбардың былай дегенін айтқан:

(رَبِّ إِنَّهُنَّ أَضَلُّنَّ كَثِيرًا مِّنَ النَّاسِ)

«Раббым! Олар (пұттар) көптеген адамдарды адастыруда»²¹⁴. Қандай да бір әрекеттің тура сол мағынада әрі Аллаға, әрі жаратылысқа қатысты қолданылмайтындығы ақиқат.

²¹¹ «Шура» сүресі, 52-аят.

²¹² «Исра» сүресі, 9-аят.

²¹³ «Ниса» сүресі, 119-аят.

²¹⁴ «Ибраһим» сүресі, 36-аят.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ ИМАННЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ КЕЙБІР СӘМҒИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1. Үлкен күнә істегендердің жағдайы

Әһлі сүннет ғалымдары (Алла жар болсын): «Күпірлік қылмай, үлкен күнә істеген адам – кәпір де, мұнапық та емес. Қысқасы иманынан айырылмайды. Тәубесіне келмей дүниеден өткен жағдайда, Алла Тағала оны бір шапағатшының себебімен, яки Озінің мейірімімен кешіреді я болмаса істеген күнәсіне қарай жазасын тартқызып, түбінде жаннатынан орын береді», деген. Харижиттердің сенімі бойынша, үлкен күнә жасаушы кәпір болады. Ал мұғтазилиттер «иманнан айырылады, бірақ, кәпір болмайды. Тәубесіне келмей өлсе, мәңгілік тозақта жанады» дегенді айтады. Хасан әл-Басри²¹⁵ әуелгіде үлкен күнә істегендерді мұнапық деп санаған. Алайда, кейін бұл көзқарасынан қайтқан²¹⁶. Ал мұржиялар: «Кәпірге сауап жазылмайтыны секілді, иманды адамға күнә ешқандай зиян келтірмейді», деген.

Әрине бұл мәселеде ең дұрысы – әһлі сүннеттің көзқарасы. Өйткені, Алла Тағала бір аятта:

(يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا تَوْبُوا إِلَى اللَّهِ تَوْبَةً نَّصُوحًا)

«Ей, иман келтіргендер! Шынайы тәубеге келіп, Алладан кешірім тілендер!»²¹⁷ деген әрі күнәға бой алдырғандарды да «иман келтіргендер» деп атаған. Бұған қатысты басқа да көптеген аяттар бар²¹⁸. Сондай-ақ, пайғамбар кезеңінен бастап қазірге дейін барлық мұсылмандар құбыласын таныған (әһлі қибла) адамдар қайтыс болса, үлкен күнә жасағанына қарамастан жаназасын оқып, оларға Алладан жарылқау тілеп келген. Әрі мұсылмандар бес уақыт намазының соңында ата-ана, туыс-туғандары мен таныс,

²¹⁵ Хасан ибн Ясар Әбу Сайд әл-Басри, Басраның әйгілі ғұламасы, өз заманының данышпаны. Хикметті сөздері ауыздан ауызға кең таралған. 110h/728 жылы қайтыс болған.

²¹⁶ Хасан әл-Басри мұнапықтың белгілеріне байланысты кең таралған хадиске сүйене отырып, хадистегі үш түрлі күнәні басқа үлкен күнәлармен салыстыра отырып, осылай айтса керек (әл-Кифая, 79-парақ). Бір дерек бойынша, Хасан әл-Басридың бұл көзқарасын естіген Ата ибн Әби Рабах былай деп сәлем айтыпты: «Юсуф пайғамбардың бауырлары Юсуф пайғамбарды құдыққа тастап, аманатқа қиянат жасап, «оны қасқыр жеп кетіпті» деп өтірік айтты. «Біз оған жақсы қарап, өзіміз қорған боламыз» деген уәделерінен тайды. Олар сонда мұнапық болғаны ма?». Осыны естіген Хасан әл-Басри: «Атаның айтқаны орынды екен» деп бұрынғы көзқарасынан бас тартқан көрінеді. (әл-Иғтимад 87-парақ).

²¹⁷ «Тахрим» сүресі, 8-аят.

²¹⁸ «әл-Иғтимад» атты кітапта былай делінген: «Бұл мәселеде ең дұрысы – әһлі сүннеттің көзқарасы. Алла Тағала: (يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الْقِصَاصُ فِي الْقَتْلِ)

«Уа, иман еткендер! Нақақтан-нақақ кісі өлтіру мәселесінде сендерге қысас-кек (яғни, қанға қан ұстанымы) парыз етілді» («Бақара» сүресі, 178) деу арқылы, әдейі адам өлтірген адамды «мүмін» деп атаған. Алайда кісі өлтіру – үлкен күнә. Мына аятта да дәл солай: (وَإِنْ طَائِفَتَانِ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ اقْتَتَلُوا فَأَصْلِحُوا بَيْنَهُمَا

«Егер мүміндерден екі топ бір-бірімен соғысса, уақыт оздырмай араларын жарастырыңдар» («Хужурат» сүресі, 9).

жақындарын бөліп-жармай, бәріне бірдей дұға тілейтіні белгілі. Олар кәпірге кешірім тіленбейтіндігін жақсы біледі.

Мәселені тереңірек қарастырсақ, әсілінде, иманның негізі – жүрекпен мойындау. Ал тілмен айту – соны көрсететін бір белгі. Кімде-кім жүрегіндегі иманын тілмен айтса, ол иман келтіргендер қатарында саналады. Сондықтан, оның жүрегіндегі сенімі (мойындауы) өзінің терістеуімен, тіліндегі бекітуі жоққа шығаруымен жойылып кетпейінше, кәпір атанбайды. Ал кәпір емес адам мұсылман болады. Өйткені мойындау мен терістеудің (тасдиқ пен тәкзибтің) арасында күдік пен дүдәмалдық қана бар. Ал, күдік пен дүдәмалдықтың күпірлік (Алланы мойындамау) екенінде дау жоқ.

Ал енді, Алланың әмірін орындамау, тыйым салғандарынан тыйылмауға келсек, Алланың әмірін орындамауды, тыйым салғанды елемеуді халал деп санамайынша, бұл күнәлі істер (Алланы) терістеуге де, жоққа шығаруға да, яғни күпірлікке жатпайды. Негізі бұл – еркіне бой алдырып, нәпсіге берілуден, мән бермеушілік пен тәкаппарлықтан, еріншектік пен жалқаулықтан туындайды.

Күнәлі істердің азабы болатынынан қорқу, Алланың рақымынан үміттену мен тәубесінде беріктік бір-біріне серік болып, иманның жемісі саналады. Әрі жүректің Алладан келер сый мен жазаға деген сенімін көрсетеді. Бұл мәселені мынадай жағдаймен салыстыруға болады. Мәселен бір дәрігер науқасқа ауруына пайдалы дәрі-дәрмектерді қабылдауға кеңес беріп, зияны тиетін, ауруын асқындыратын кейбір нәрселерге шектеу қояды. Кейде науқас дәрігердің айтқаны дұрыс екенін біле тұра зияны тиетін нәрселерді жеп, берген дәрілерін ішпей қоюы мүмкін. Бірақ, бұл ісінің дұрыс еместігін біліп, өкініш білдіріп, дәрігерден ұят болады-ау деген оймен, одан сөгіс алудан қорқып, барынша сақтанып бағады. Науқастың дәрігер талаптарын орындамауы – дәрігердің кеңесін мүлде жоққа шығаруға жатпайды. Біз айтып отырған мәселе де дәл осы секілді.

Осыған дейін айтқанымыздай, үлкен күнәға барса да адамның иманы жойылмайды. Демек, мұндай (иманмен көз жұмған) адамдар түбі жаннаттық болады деген сөз. Өйткені,

(وَعَدَ اللَّهُ الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ جَنَّاتٍ)

Алла Тағала иман келтірген ер-әйел мұсылмандарға жаннатынан орын беретіндігіне уәде берген²¹⁹. Жаннаттық болатын пенде тозақта мәңгі қалмайтыны белгілі. Түбінде жаннатқа баратын адамды тозақта мәңгі қалады деу ақылға сыйымсыз. Мәңгілік тозақта қалу өте ауыр жаза болғандықтан, ол – ең ауыр күнә саналатын күпірлік келтіргенге берілетін лайықты жаза. Ал, күпірліктің тысындағы күнәға да мәңгілік тозақта қалу жазасы берілсе, істелген күнәдан ауыр жаза берілген болады. Ал бұл – әділдікке сай келмейді.

Сұрақ: Қандай да үлкен күнәні арқалағандар міндетті түрде жазаға тартылатындығы туралы Алланың қатаң ескертуі бар. Ал, сондай күнәлардың кейбіреуінің жазаға тартылмай, кешірілуі мүмкін десек, онда Алланың әмірі өтірік болып қалмай ма? Алланың уәдесінен таюы мүмкін емес. Сонда мұны қалай түсінеміз?

Жауап: Кейбір ғалымдарымыз: «Алла Тағаланың азаптау туралы мәлімдемесі барлық күнәһарларға ортақ, дегенмен, азаптауды жеңілдетіп, оны болдырмау –

²¹⁹ «Тәубә» сүресі, 72-аят.

Алланың мейірімі. Сондықтан бұл – Алланың еркіндегі Өз мейіріміне қатысты іс» деп есептеген. Осы мәселені терең зерделеген ғалымдарымыз, Алла Тағаланың сый мен жаза туралы айтқан сөздерінен таюы мүмкін емес екендігін бірауыздан құптаған. Өйткені, бұл – берілген уәдеде тұрмауды білдіреді. Ал, Алла Тағала бір аятта:

(مَا يُبَدِّلُ الْقَوْلَ لَدَيَّ)

«Менің құзырымда сөз өзгермейді»²²⁰ деген. Алла Тағала Құран Кәрімде ескертулерін уәде ретінде білдіріп, оның өзгермейтіндігін былай баяндайды:

(وَيَسْتَعْجِلُونَكَ بِالْعَذَابِ وَلَنْ يُخْلِفَ اللَّهُ وَعْدَهُ)

«Сенен азапталудың тезірек болуын сұрайды. Алла уәдесінен ешқашан таймайды»²²¹. Сонымен қатар ғалымдарымыз (үлкен күнәлардың) кешірілуінің мүмкін екендігін де айтқан. Олай болса, бұдан кешірілудің азаптау туралы ескертудің шеңберіне кірмейтінін көреміз. Демек, «Алланың кешіруі – сол күнәһарды жалпылай айтылған ескертуден тыс алып қарастырады» деген мағынаны білдіреді. Ерекшелеп алу (тахсис) арнайы бөліп қарастырудың (истиснаның) орнына жүреді. Күнәһарлардың кейбіреуін жалпы айтылған уәдеден тыс қарастыру (истисна/қағидадан тыс жағдай) – уәдені бұзу саналмайтыны секілді, ерекшелеу де (тахсис) уәдені бұзуға жатпайды.

Сұрақ: Алла Тағала бір аятта:

(وَمَنْ يَقْتُلْ مُؤْمِنًا مُتَعَمِدًا فَجَزَاءُ جَهَنَّمَ خَالِدًا فِيهَا)

«Кімде-кім бір иман келтірген адамды әдейі өлтірсе, оның жазасы – тозақта мәңгі қалу» десе, тағы бір аятта:

(وَمَنْ يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَتَعَدَّ حُدُودَهُ يُدْخِلْهُ نَارًا خَالِدًا فِيهَا)

«Кімде-кім Алла мен пайғамбарына қарсы келіп, шектен шығар болса, Алла оны тозаққа кіргізеді» – деген. Осы аяттарда Алла Тағала кісі өлтіру мен қарсы шығу істеріне берілетін жазаның мәңгілік тозақ екендігін айтып тұрған жоқ па?

Жауап: Бірінші аят тәпсірлерде айтылғандай²²² түсу себебіне байланысты «мүминнің қанын адал деп санап өлтірсе» деген мағынада айтылған. Ал бұлай деген адамның кәпір болары сөзсіз. Екінші аят кәпірлерге байланысты түскен. Өйткені, Алла мен пайғамбарға қарсы келіп, шектен шығу – тек кәпірлердің ісі. Сондай-ақ, аяттағы «кіру» (خلود) сөзі мәңгілікті емес, «ұзақ уақыт» дегенді білдіреді²²³.

Мына тақырыптар үлкен күнә мәселелеріне қатысты қарастырылады:

²²⁰ «Қаф» сүресі, 29-аят.

²²¹ «Хаж» сүресі, 47-аят.

²²² Ибн Жарир ат-Табари Ибн Журайж арқылы Икримадан риуаят етілген деректе: «Ансарлардан бір кісі Миқяс ибн Субабаның інісін өлтіріп қояды. Пайғамбарымыз оған інісінің құнын береді. Ол қабыл алады. Біраз уақыт өткеннен кейін ол, інісін өлтірген ансарлық кісіні өлтіреді. Мұны естіген Пайғамбарымыз: «Оған Харам аймағының ішінде де, сыртындада пана бола алмаймын» деген болатын. Айтылып отырған адам Мекке азат етілген күні өлтірілген-ді» делінген. Ибн Журайж жоғарыдағы аяттың осы адамға байланысты түскендігін айтқан (Лубаб ан-нукул және Тәфсир ат-Табарида аяттың тәпсірінде).

²²³ Хулуд сөзінің «ұзақ уақыт» деген мағынада қолданылуы, дәлелдеуді қажет етпейтіндей кең таралған. (Шарх әл-Умдә, Жарулла кітапханасы, № 1164, 366-парағы).

Шапағат мәселесі

Біздің сеніміміз бойынша, шапағаттың болары – ақиқат. Ал, мұғтазилиттер оны жоққа шығарады. «Алла Тағала ешқандай дәнекерсіз кешіруі мүмкін» деп есептейтін біз, әһлі сүннет, пайғамбарлар мен ізгі жандардың шапағаты тиетінін бірінші кезекте мүмкін деп санаймыз. Мұғтазилиттердің сенімі бойынша, кешірім мүмкін емес болғандықтан, шапағат туралы сөз қозғаудың да ешқандай мәні жоқ.

Бұл мәселеде көзқарасымызды келесі аяттармен дәлелдейміз:

(فَاعْفُ عَنْهُمْ وَاسْتَغْفِرْ لَهُمْ)

«Енді оларды кешір, оларға жарылқау тіле!»²²⁴

(وَاسْتَغْفِرْ لِدُنْيِكَ وَلِلْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ)

«Өзің үшін жарылқау тіле әрі ер-әйел мұсылмандардың күнәсінің кешірілуін тіле!»²²⁵. Міне, бұл аяттар шапағат етуге бұйрық беруде. Алла Тағала тағы бір аятта:

(فَمَا تَنْفَعُهُمْ شَفَاعَةُ الشَّافِعِينَ)

«Енді оларға ешқандай шапағат етушінің шапағаты пайдасын тигізе алмайды»²²⁶ деген. Егер шапағат мүминдерге де пайда бермейтін болса, аятта кәпірлерге пайда бермейтіндігі айтылмас еді.

(شَفَاعَتِي لِأَهْلِ الْكِبَائِرِ مِنْ أُمَّتِي)

«Менің шапағатым үмбетімнің ішіндегі үлкен күнә арқалағандарға тиеді»²²⁷ деген мәшһур хадис біздің көзқарасымызды дәлелдей түседі. Шапағат туралы хадистер мұтауатир дәрежесіне жақын. Жоқ дегенде мәшһур дәрежесінде. Мәшһур деректі жоққа шығару – бидғат.

Күпірлік пен ширктің кешірілуі логикалық тұрғыдан мүмкін бе?

Ғұламаларымыз (Алла оларды мейіріміне бөлесін) ақылға салғанда да мұның мүмкін еместігін айтқан. Ашғарилар «ақылға салып қарағанда болуы мүмкін» деген. Олардың айтуынша, барлық мұсылмандардың тозақта, кәпірлердің жаннатта мәңгі қалуы да логикалық тұрғыдан алғанда мүмкін. Әрі мұның ешқандай да әбестігі жоқ деп есептейді. Біздің көзқарасымыз бойынша аят-хадисте бұлай болмайтындығы туралы нақты дерек келгендіктен, бұл мүмкін емес.

Дұрысы – біздің көзқарасымыз. Себебі, хикмет – жақсылық пен жамандық істеушілерді бір-бірінен ажыратып, екі түрлі мәміле жасауды қажет етеді. Алла Тағала Құранда:

(هَلْ جَزَاءُ الْإِحْسَانِ إِلَّا الْإِحْسَانُ)

²²⁴ «Әли-Имран» сүресі, 159-аят.

²²⁵ «Мұхаммед» сүресі, 19-аят.

²²⁶ «Мұддассир» сүресі, 48-аят.

²²⁷ Сунаан Әбу Дәуит, 2/537; Сунаан ат-Термези, № 2435-2436; Муснад Әбу Дәуит ат-Таялиси, 270-бет; әл-Мақасид әл-Хасана, № 597.

«Жақсылықтың сыйы жақсылық болмай не болсын?»²²⁸ десе, бір аятта:

(وَجَزَاءُ سَيِّئَةٍ سَيِّئَةٌ مِّثْلُهَا)

«Жамандықтың жазасы соған сай келетін жамандық»²²⁹ деген.

Алла Тағаланың жақсылық жасағандармен жамандық жасағандарды тең санауды сынға алуы да мәселені айқындай түседі. Құдай Тағала бір аятта:

(أَمْ حَسِبَ الَّذِينَ اجْتَرَحُوا السَّيِّئَاتِ أَنْ نَجْعَلَهُمْ كَالَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ سَوَاءً مَحْيَاهُمْ وَمَمَاتُهُمْ سَاءَ مَا يَحْكُمُونَ)

«Жамандық істеушілер өздерін иман келтіріп, ізгі амалдар істегендердің қатарында санап, тірішілігі мен өлімін тең санамақшы ма? Өкіншішке орай, олардың бұлай үкім беруі қандай жаман десеңші»²³⁰ десе, осыған мағыналас тағы бір аятта былай деген:

(أَفَجَعَلُ الْمُؤْمِنِينَ كَالْمُجْرِمِينَ مَا لَكُمْ كَيْفَ تَحْكُمُونَ)

«Ол күнәһарларды мұсылмандармен тең санауымыз мүмкін бе? Осындай ойға баратындай сендерге не болған?»²³¹.

Матуриди ғалымдарының көзқарасы бойынша, күпірліктің басқа күнәлардан өзгешелігі сол – дұрыс санауға, ақтауға келмейтін қылмыстың ең ауыр түрі. Кәпір әрқашан өзінің ісін дұрыс деп есептейтіндіктен күпірлігіне өкініп, Алладан жарылқау тілемейді. Олай болса, мұндай адамды кешіру құдайлық хикметке сай емес. Әрі күпірлік басқа күнәлармен салыстырғанда үздіксіз жалғасып тұратын болғандықтан, оның жазасы да үздіксіз жалғасуы қажет.

Әділетсіздік, орынсыздық пен жалғандық Алланың құдіретінің аясына кіре ме?

Бізше мұндай жағдайдың орын алуы мүмкін емес. Алланы бұлай сипаттау – мүлде қате. Мұғтазилиттер бұл көзқарасқа қайшылық білдіріп: «Алланың ондайға құдіреті жетеді – бірақ ондайды істемейді» деген. Шын мәнінде олардың бұл сөзі де қате. Себебі, Алланың құдіреттілігі Аллаға жарасатын нәрселермен ғана сипатталады. Ал, әлгіндегідей (әділдікке қайшы) сипаттармен сипатталмайды. Егер Алланың құдіреті мұндайларды қамтыса, Алланың «әділ» деген сипаты не бар, не жоқ болуы тиіс. Егер әділдігі бар десек, бұл мүмкін емес. Өйткені, екі қарама-қайшы сипаттың (әділдік пен зұлымдық) қатар келуі мүмкін емес. Алланың әділ болмауы да мүмкін емес. Себебі әділдік – Аллада болуы тиісті сипат.

²²⁸ «Рахман» сүресі, 60-аят.

²²⁹ «Шура» сүресі, 40-аят.

²³⁰ «Жасия» сүресі, 21-аят.

²³¹ «әл-Қалам» сүресі, 35-36-аяттар.

Үлкен және кіші күнәлар

Кейбір адамдар: «Адамды Алланың алдында күнәһар ететін істің барлығы үлкен күнә» дейді. Бұлай деу Алланың Құранда айтқан сөздеріне қайшы. Бір аятта:

(لَا يُغَادِرُ صَغِيرَةً وَلَا كَبِيرَةً إِلَّا أَحْصَاهَا)

«Мынау қандай кітап! Үлкен-кіші күнәлардың бірін де қалдырмапты»²³² делінген. Кейбіреулер: «Пенденің біле тұра әдейі кіші күнәларды жалғастыра беруі үлкен күнәға айналады, ал өкініш білдіріп, Алладан кешірім тілеген жағдайда үлкен де болса кешірілмейтін күнә жоқ» деген.

Бұл тұрғыда ең дұрыс көзқарас мынау, жеке тұрғыдан алғанда күнәлар – үлкен және кіші деп анықтауға келмейтін абстрактылы ұғымдар. Сауаптар секілді, әр күнә өзінен ауырымен салыстырғанда кіші, жеңілдеуімен салыстырғанда үлкен күнә саналады.

Ең ауыр күнә – күпірлік. Күпірліктен үлкен күнә жоқ. Басқа күнәлардың бәрі күпірліктің жанында кішкентай болып қалады. Бұл туралы Құран аятында былай айтылған:

(إِنْ تَجْتَنِبُوا كَبَائِرَ مَا تُنْهَوْنَ عَنْهُ نُكَفِّرْ عَنْكُمْ سَيِّئَاتِكُمْ)

«Егер сендерге тыйым салынған үлкен күнәдан сақ болсаңдар, басқа күнәларыңды жасырамыз»²³³. Яғни, бұл аят

(وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ)

«Ол ширктен басқа күнәлардың қалағанын кешіреді»²³⁴ деген аятта айтылғандай, «күпірден сақ болсаңдар, басқа күнәларыңды кешіреміз» дегенді білдіреді. Алдыңғы аятта айтылған «күпірлік» деген мағынадағы «кәбаир» сөзінің көпше түрде келуі адамдардың көптігіне сәйкес қолданылған. Неге десеніз көпшілікті құрайтын әрбір адамның күнәларының қосылуы көптікті білдіреді. Бұл арабтардың «көпшілік көліктеріне мінді, киімдерін киді» (ركب القوم دوابهم ولبسوا ثيابهم) деген сөзі секілді. Дәл осы аят бір қирағатта («кбائر» деп көпше түрде емес) «кбائر ما تنهون» деп жекеше түрде де оқылады²³⁵. Бұл қирағат бойынша ешқандай мәселе туындамайды.

Тура жолға бастаушы – бір Алла!

²³² «Кәһф» сүресі, 49-аят.

²³³ «ән-Ниса» сүресі, 31-аят.

²³⁴ «ән-Ниса» сүресі, 48,116-аят.

²³⁵ Бахрул-мухит, 3/233; Тәфсир әл-Кәшшәф, 1/503.

4.2. Иман және ислам

Құбылаға бет бұрған қауым (Алла санын арттыра берсін) Аллаға сенудің парызы, оны жоққа шығарудың харам екендігін бір ауыздан мақұлдаған. Бірақ, «иман ақыл арқылы парызы бола ма, әлде діни деректер (аят-хадис) арқылы парызы бола ма? Пайғамбардың шақыруы жетпеген адам күпірлікпен өлсе, азаптала ма, азапталмай ма?» деген мәселелерге келгенде түрліше көзқарастар туындаған.

Әл-Хаким әш-Шәһид «әл-Мұнтақа»²³⁶ атты еңбегінде Әбу Ханифаның (Алла оны рақымына бөлесін) былай дегенін жазады: «Жер мен көктің, өзі мен басқа болмыстардың ғажайып жаратылысын көре білген адамның жаратушыны табуына/білмеуіне ешқандай сылтау жоқ». Тағы бір сөзінде Әбу Ханифа (Алла оны рақымына бөлесін): «Алла Тағала ешқандай пайғамбар жібермесе де, адамдар ақылын қолдану арқылы жаратушыны табуы міндетті» деген. Ашғарилар «ақыл арқылы пендеге ешнәрсе парызы етілмейді. Әрі кетсе ненің жақсы, ненің жаман екендігін, болмыстың кейіннен жаратылғандығын, жаратушының ежелден бар екендігін ғана білуі мүмкін» деп есептейді. Мәләхид, рафизилер, мүшаббиха ағымдары мен харижиттердің²⁴⁸ мухаккима деп аталатын тобы: «Ақылмен ешнәрсені танып-біле алмаймыз. Ақыл арқылы адамға ешбір нәрсе міндеттелмейді» деген. Мұғтазилиттер, ақылдың өзі дербес түрде Алла Тағалаға иман келтіру мен оның нығметтеріне шүкіршілік етуді міндетті етуге, діни үкімдерді дәлелдеуге жеткілікті деп санаған. Әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша, ақыл – көмекші құрал. Ақылдың көмегімен нәрселердің жақсылығы мен жамандығын, иманның қажеттілігін және нығметтерді сыйға тартқан Хақ Тағалаға шүкіршілік жасау қажет екендігін ұғамыз. Негізінде осы мәселелерді қажетті етуші және баяндап түсіндіруші – Алла Тағаланың өзі. Өз кезегінде бұл ақыл арқылы жүзеге асады.

Ойлау қабілеті толыққан балалардың жағдайына келсек, дәлелдерге сүйене отырып, тұжырым жасай алатын балалардың Алланы тануы міндет пе, міндет емес пе? Имам әл-Матуриди мен Ирак ғалымдарының кейбірі «міндетті» десе, кейбіреулері «Балиғат жасына толмайынша ешнәрсе міндет емес», деген.

Ақыл қажетті және жауапкершілік жүктейтін дәлел екендігін мына аят дәлелдейді:

(إِنَّ السَّمْعَ وَالْبَصَرَ وَالْفُؤَادَ كُلُّ أُولَئِكَ كَانَ عَنْهُ مَسْئُولًا)

«Расында құлақ, көз және жүрек (жасаған күнәлары үшін Алланың алдында), сөзсіз, жауапқа тартылады»²³⁷. Құлақ естілетін, көз көрінетін нәрселерге, ал жүрек (зейін) – ақыл арқылы танып-білуге келетін нәрселерге қатысты қолданылатын ағзалар. Сонымен қатар, құлақ пен көз өзінің қызметін дұрыс атқару үшін ақылды қажетсінеді. Мәселен құлақ ақиқатты да жалғанды да естиді, көз дұрыс пен дұрыс емес нәрселерді де көреді. Ал ақиқат пен жалғанды бір-бірінен ажырататын – ақыл. Бұл ақиқатты мына мәселе дәлелдейді. Негізінен пайғамбардың айтқан нәрселері

²³⁶ Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ахмет Әбулфадыл, мәрвтық Хаким әш-Шәһид деген атпен танымал болған. Қазы және уәзір, өз заманында Мәрв қаласының ғұламасы, ханафи имамы еді. 334 ж/945 ж. Рәй қаласында шейіт болған (әл-Ағлам, 7/242; әл-Жәуәһир әл-мудия, 2/112).

²³⁷ «әл-Исра» сүресі, 36-аят.

«хабару уахидқа» (бір адамның жеткізген, мутауатир дәрежесіне жетпеген хабарларға) жатады. Мұндай мәліметтердің дұрыс яки қате болуы да ықтимал. Әсілінде ақиқат пен жалғанның аражігін мұғжиза арқылы ажырата аламыз. Өз кезегінде мұғжиза мен өзге де табиғаттағы заңдылықтарға бағынбайтын таңғажайып оқиғалардың аражігін ажырататын да – ақыл. Демек мәліметтер мен міндеттіліктердің сүйенетін негізі – ақыл.

Мынаны да айта кетейік, пайғамбарлар үмбеттерін дінге шақырғанда ақыли (рационалды) дәлелдерді алға тарта отырып, дінсіздікпен күрескен. Мәселен Ибраһим пайғамбар өз ғасырының билеушілері, әкесі және ел-жұртымен осы тәсіл арқылы пікір таластыра отырып, сенімдерінің бұрыстығын дәлелдеп отырған. Құран Кәрімде бұл оқиға былайша баяндалады:

(وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لِأَبِيهِ آزَرَ أَتَتَّخِذُ أَصْنَامًا آلِهَةً)

«Кезінде Ибраһим әкесі Әзарға: «Сонда сен пұттарды құдай тұтасың ба?», – деді»²³⁸,

(وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ نَبَأَ إِبْرَاهِيمَ إِذْ قَالَ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ مَا تَعْبُدُونَ)

(Уа, Мұхаммед!) Оларға Ибраһимнің басынан өткен ғибратқа толы оқиғаларды да айтып бер. Бірде ол әкесіне һәм қауымына: «Сендердің мына табынып жүргендерің не?», – деген еді»²³⁹

(مَا هَذِهِ التَّمَاثِيلُ الَّتِي أَنْتُمْ لَهَا عَاكِفُونَ)

«Бірде ол әкесі мен қауымына: «Сендердің сонша тағзым етіп, тынбай табынып жүрген мына мүсіндерің не өзі?», – деп сұраған еді»²⁴⁰. Осы секілді рационалды дәлелдерге жүгіну арқылы адамдардың санасында мәліметтің пайда болуы – негізінен пайғамбарлардың сөздеріне қатысты емес. Керісінше, адамдар өз ақылдарын қолдану арқылы осындай мәліметке қол жеткізе алулары мүмкін. Міне, сондықтан да Құран Кәрімнің көптеген аяттарында адамдарды ойлануға, ақыл жүгіртуге шақырған. Алла Тағала:

(أَوَلَمْ يَنْظُرُوا)

«Зер салып қарамай ма?»²⁴¹,

(أَوَلَمْ يَتَفَكَّرُوا)

«Олар еш ойланбай ма?»²⁴² – дейді.

Осы айтылғандардан байқағанымыздай, ақыл өз қамту аясына кіретін мәселелерді өздігінен танып-біле алады. Алайда, ақыл болмаса, есту қабілеті мұндай танымға ие бола алмайды.

«Иманға келу – ақыл арқылы уәжіп болады» деу адамның жасаған әрекеті үшін сый алып яки жасамағандығы үшін жазаға тартылуға лайық болуы деген сөз емес. Неге десеңіз сыйға бөленіп, жазаға тартылу мәселесі тек нас (аят-хадистер) арқылы ғана анықталады. Біздің ойымызша, бұның мағынасы: Алла Тағаланың бар екендігін мойындау оны жоққа шығаруға қарағанда әлде қайда қисынды және де Алла Тағаланы жалғыз-дара деп тану – оны серігі бар деуге қарағанда әлде қайда дұрыс екендігін

²³⁸ «Әнғам» сүресі, 74-аят

²³⁹ «әш-Шұғара» сүресі, 69-70-аяттар

²⁴⁰ «әл-Әнбия» сүресі, 52-аят

²⁴¹ «әл-Ағраф» сүресі, 185-аят; «Қаф» сүресі, 6-аят

²⁴² «әл-Ағраф» сүресі, 184-аят; «әр-Рум» сүресі, 8-аят

ақылдың ажырата алуы деген сөз. Ақыл осы екі нәрсенің бірдей емес екендігін ажырата алады. Ақылдың шүкіршілік етуді қажет етуі – сансыз көп нығмет берген Алла Тағаланың мейірімділігін мойындау болып табылады. Міне, адам баласы осындай мейірімділікте Алланың серігі жоқ екендігін пайымдай алады.

4.3. Иманның шынайы мәні

Хадис ғұламалары (барлығына Алланың рақымы жаусын): «Иман – тілмен айту, жүрекпен сену және денемен жасалатын амал-құлшылықтан тұрады», деген. Біздің (матуридия) ғұламалардың көбі: «Иман – тілмен айтып, жүрекпен сену» десе, Жаһм ибн Сафуан мен қадария ағымының өкілі Хусайн ас-Салихи²⁴³ : «Иман дегеніміз – білу» деген.

Осы саланы терең зерттеген ғұламаларымыз: «Иман – жүрекпен сену, ал тілмен айту – дүниелік үкімдердің орындалуы үшін қажетті шарт», деген. Имам Әбу Ханифада өзінің «Алим уал-мутааллим»²⁴⁴ атты кітабында осылай тұжырымдаған. Ұстаз Әбу әл-Мансур әл-Матуриди мен Хусайн әл-Фадл әл-Бажили²⁴⁵ де осы көзқарасты таңдаған. Әрі Имам әл-Ашғаридан риуаят етілген екі деректің сенімдірегі де осыны қуаттайды. Негізінде тілдік тұрғыдан алғанда «иман» – растау дегенді білдіреді. Өйткені, Құран Кәрімде Юсуф

(Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың бауырлары «وما أنت بمؤمن لنا» **«Әй, әкеміз, бізге сенбейсің бе?»**²⁴⁶ деп айтқан. Яғни «растаушы» деген мағынаны білдіреді. Негізінде сенім (тасдиқ) – ішкі дүниеге қатысты және рухани нәрсе. Оны анықтау қиын болғандықтан, ислам тілмен айтуды сенімнің белгісі ретінде талап етіп, дүниелік (шариғат) үкімдерін орындай алудың шарты деп есептеген. Сондықтан да Пайғамбарымыз:

(أَمَرْتُ أَنْ أَقَاتِلَ النَّاسَ حَتَّى يَقُولُوا لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ فَإِذَا قَالُوا عَصَمُوا مِنِّي دِمَاءَهُمْ
وَأَمْوَالَهُمْ إِلَّا بِحَقِّهَا وَحِسَابُهُمْ عَلَى اللَّهِ)

*«Адамдар «Алладан басқа тәңір жоқ» дегенге дейін күрес жүргізу бұйрығын алдым. Осылай деп айтқандардың мал-жанының амандығына кепілдік беремін. Бірақ, құқықтық жауапкершілігіне кепіл бола алмаймын. Ал, ішкі жан-дүниесінің есебін Аллаға береді»*²⁴⁷ деген. Міне сондықтан, өмірінде бір рет тілмен айту жеткілікті деп есептеледі.

²⁴³ Өмірбаяндық әдебиеттерде аты-жөні: Әбу Абдулла Хасан ибн Салих ибн Хай әл-Һамадани әс-Сәури әл-Куфи деп берілген. Зайдияның Батрия тобынан шыққан мұжтаһид кәләм ғалымы. (Фриақ аш-Шиға, 57-бет; Тәһзиб ат-тәһзиб, 2/285; Мизан әл-иғтидал, 1/230; әл-Ансаб, 347)

²⁴⁴ Мұхаммед Заһид әл-Кәусари түсіндірме жазып, Каирде басылған нұсқасының 12-13-беттерінде.

²⁴⁵ Әбу Али әл-Бажили, Куфа мен Найсабурда болған тәпсірші ғалым. 284h/897 жылы қайтыс болған. (Табақат әл-муфассирин, №33).

²⁴⁶ «Юсуф» сүресі, 17-аят.

²⁴⁷ Сахих әл-Бұхари, 1/11, әл-иман 17,102; Мүслим, № 20-22, әл-иман 8; Сүннан ибн Мәжә, әл-фитан1, № 3927-3929.

Ал, амал-күлшылықтар иманның негізгі шарты емес. Неге десеңіз, Алла Тағала Құранда: **«Иман келтіргендер мен игі іс ітегендер»** (إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ)²⁴⁸ деген. Аяттағы «иман келтіргендер» мен «игі іс ітегендер» деп келетін тіркестің арасында «мен» жалғауы келгендіктен, бұл екеуі екі басқа ұғымды білдіреді. Ал тағы бір аятта иман амалдың қабыл болуының шарты ретінде көрсетіліп:

(وَمَنْ يَعْمَلْ مِنَ الصَّالِحَاتِ وَهُوَ مُؤْمِنٌ)

«Кімде-кім толық иман келтірген мүмін ретінде игі істер істейтін (яки Алланың парыз еткен әмірлерін толық орындайтын) **болса...»**²⁴⁹ делінген. Бұл аятта иман келтіру игі істердің қабыл болу шарты ретінде аталған. Шарт пен шарт етілген нәрсе – екі бөлек дүние.

Тілмен айту дегеніміз – жүректегі сенімді білдіру деген сөз. Мысалы, бір кісі «сендім, иман келтірдім» десе, бірақ, жүрегімен сенбесе, ол иман еткен болмайды. Сондықтан, Алла Тағала мына бір аятта тілінің ұшымен айтып, жүрекпен иланбаған мұнапықтарға (екіжүзділерге) былай ескерту жасайды:

(قَالَتِ الْأَعْرَابُ آمَنَّا قُلْ لَمْ تُؤْمِنُوا)

«Олар иман еттік дейді, бірақ, сен оларға: «Жоқ, сендер иман келтірмедіңдер», – деп айт»²⁵⁰. Олай болса, тілмен айтып, жүрекпен сенбеген адамдар – сырттай қарағанда иман келтірген адам ретінде есептелгенімен, Алланың алдында кәпір. Ал, керісінше, жүрегімен сеніп, тілімен оны растамаған адам Алланың алдында мүмін болғанымен, шариғат үкімдерін жүргізу мәселесінде кәпір болып саналады.

²⁴⁸ «Бақара» сүресі, 227-аят.

²⁴⁹ «Таһа» сүресі, 112-аят.

²⁵⁰ «Һужурат» сүресі, 14-аят.

4.4. Еліктеушінің (мұқаллид) иманы

Құбылаға бет бұрғандар арасында мұқаллидтің²⁵¹ иманына қатысты әр-түрлі көзқарас бар. Әбу Ханифа, Суфян әс-Сәури²⁵², Мәлик²⁵³, әл-Әузағи²⁵⁴ секілді фикһ ғалымдары мен хадис ғұламалары: «Иманы дұрыс. Бірақ, дәлел-дәйекті қаперге алмағаны үшін күнәһар есептеледі» десе, ар-Рустуғфани²⁵⁵ мен әл-Халими²⁵⁶: «Иманның қабыл болуының шарты – мұғжиза арқылы Пайғамбардың сөзінің дұрыстығын білу» деген.

Ашғарилар «әр адам (иман мәселелерін) ақылдың көмегімен білуі керек, бірақ оны тілмен айтуы, қарсыласымен пікір-таластыра алуы шарт емес» деп есептейді. Басқа кәләм ғалымдарының көзқарастары да дәл осындай. Ал, мұғтазила ағымы болса: «Әрбір мәселені ақылдың көмегімен күдік қалмайтындай дәрежеде білмейінше, мүмин болып саналмайды», деп есептейді.

Ең дұрысы – барлық ілім иелерінің, яғни кәләм ғалымдарының құп көрген көзқарасы. Өйткені, жалпы алғанда иман – жүрекпен сенуден тұрады. Мысалы, бір кісіге бір дерек жеткізілгенде, ол соған сеніп, мойындаса, «Ол сенді» деу дұрыс саналғаны секілді, мұқаллидке де сенуі қажет нәрселер айтып жеткізілгенде оны мақұлдаса, мүмин саналып, Алланың иман келтіргендерге беретін уәделі сыйларын иеленуге лайық болады.

Ал иман келтіретін нәрселерді білуге келсек, бұл – иманнан бөлек нәрсе. Өйткені, иманға қатысты мойындалуы тиісті нәрселерді білген адамда иман болмауы да мүмкін. Мысалы, кітап иелері (яһудилер мен христиандар) Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар екендігін өз баласын танығандай танып, білетін еді. Бірақ, мойындағысы келмейтін. Құранда бұл туралы анық айтылған²⁵⁷.

Бұл айтылып отырған мәселе – тау ішінде өмірге келіп, жаратылысты да, оның

²⁵¹ Ақыл-ойлық немесе деректік дәлел-дәйек іздеп жатпай, басқалардың айтқан сөзінің немесе істеген ісінің дұрыстығына сеніп, соны ұстанған адам.

²⁵² Әбу Абдулла Суфян ибн Сайд ибн Масрук әс-Сәури – хадис ілімі саласында үмбетке танымал тұлға. Хадис саласына байланысты жазған «әл-Жамиғ әл-кабир», «әл-Жамиғ ас-сағир», «Фараиз» атты еңбектері бар. 161/778 жылы қайтыс болған. (әл-Жауаһир, 1/250; әл-Ағлам, 3/158).

²⁵³ Мәлик ибн Әнәс әл-Асбахи әл-Химайри, Төрт мәзһаб имамдарының бірі. 179/795 жылы қайтыс болған. (әл-Ағлам, 6/128)

²⁵⁴ Абдуррахман ибн Амр ибн Юхмид әл-Әузағи, Фикһ саласында және тақуалығымен Шам өлкесіне танылған әйгілі ғалымдардың бірі. Фикһқа қатысты «ас-Сунан», «әл-Мәсәил» атты еңбектері бар. 157h/774 жылы қайтыс болған (әл-Ағлам, 4/94).

²⁵⁵ Али ибн Сайд әр-Рустуғфани, ханафи фикһ ғалымы. Имам Матуридидің шәкірттерінің бірі. 354h/956 жылы қайтыс болған. (әл-Жауаһир, 1/362; әл-Ағлам, 5/102).

²⁵⁶ Хусайн ибн Хасан ибн Мұхаммед әл-Халими ан-Нажжари әл-Журжан. Шафи мәзһабының танымал ғалымы, әйгілі қазы. «әл-минһаж фи шуғаб әл-иман» атты еңбегі бар. 403h/1012 жылы қайтыс болған. (ар-рисала әл-мустатрафа, 49-бет; әл-Ағлам, 2/253).

²⁵⁷ Автор (ذِينَ آتَيْنَاهُمُ الْكِتَابَ يَغْرِفُونَ كَمَا يَغْرِفُونَ أَبْنَاءَهُمْ وَإِنَّ فَرِيقًا مِنْهُمْ لَيَكْتُمُونَ الْحَقَّ وَهُمْ يَعْلَمُونَ)

«Өздеріне кітап берілгендер пайғамбарды өз ұлдарындай таниды. Сонда да олардың арасында кейбіреулері біле тұра, шындықты жасырады» («Бақара» сүресі, 146-аят) деген мағынадағы аятты меңзеуде.

жаратушысын да ойлап көрмеген адамға иманға қатысты дерек жеткенде, оны растауына қатысты жағдай. Ал мұсылмандар арасында дүниеге келіп, Алланың құдіретін көрген адам, аталған мұқаллидтің қатарына енбейді.

Тура жолға бастаушы – Алла ғана!

Осыған дейін айтылғаннан түйетін түйін – иман жүрекпен сену арқылы көрініс табады. Ал, тілмен айту тек шариғат үкімдерін жүргізу үшін қажетті шарт екендігін білеміз. Демек, иман жүрекпен сену арқылы пайда болады және онда арту, кему, көбею, азаю орын алмайды. Имам Шафиғи басқаша көзқарас білдірген. Ол амал-құлшылықтарды иманнан деп санап, «құлшылықтың артуымен иман артады, азаюымен кемиді», деп есептеген. Біз бұл көзқарастың дұрыс еместігін айтқан болатынбыз.

Ал Құрандағы:

(زَادَتْهُمْ إِيمَانًا)

«Имандарын арттырады...»²⁵⁸ деген аятқа келсек, мұндай аяттардың бірнеше мағынада айтылуы ықтимал.

Біріншіден, Пайғамбарымыздың кезеңінде иман келтіруге тисті кейбір үкімдердің жаңадан қосылуына байланысты «арту» меңзеліп тұрған болуы мүмкін. Мысалы, ол кезеңде аяттар бірінен соң бірі үздіксіз түсіп жатқан еді. Әр аят түскен сайын бір жаңа үкім шығып отыратын. Осылайша сахабалар ижмәли (жалпы) иман келтірумен қатар кейбір тармақты мәселелерге жеке-жеке иман келтіруі керек еді (сөйтіп, иманның тармақты мәселелері артып отырған).

Екіншіден, басқа ағрадардағы секілді, имандағы жаңалануға байланысты «арту» көзделген болуы мүмкін. Сонымен қатар иманның жемісі мен нұрының тасуына байланысты да айтылуы мүмкін.

Тура жолға бастаушы – бір Алла!

Жүрекпен сеніп, тілімен айтқан адам – нағыз мұмин. Сондықтан, «Құдай қаласа мен мұминмін» деп айту дұрыс емес. Имам Шафиғи (Алла рақымына бөлесін) бұлай айтуға болады деп есептеген. Иман мәселесінде «Құдай қаласа» деген сөз күдіктенуді білдіреді (нақты білмеуді көрсетеді). Мысалы тірі адамның «мен Құдай қаласа тірімін» деп айтуы дұрыс емес. Жүрегімен сеніп, тілімен айтқан (Алланың алдындағы соңғы жағдайы қалай болатындығын білмегендіктен «Құдай қаласа мұминмін» деп айта алмайды. Себебі, ол адамда қазір иман болғандықтан, Алланың алдында да иман келтірген болып саналады. Алла Тағала оның кейін кәпір болып кететінін білсе де қазіргі жағдайы өзгермейді. Мысалы, белгілі бір уақыттан кейін дүниеден озатыны белгілі адам ақтық демі таусылмай тұрып «тірі» деп есептеледі. Бірақ, оның белгілі бір уақыттан кейін өлетіндігін Алла біледі. Осыған орай «Алла шайтанның кейіннен жолдан тайып кететінін білсе де, Ібіліс Аллаға құлшылық жасап, мойынсұнып жүргенде иман келтіруші құл болатын» дей аламыз. Шайтан туралы айтылған «وكان من الكافرين» (ол кәпірлерден болды) деген аятқа келетін болсақ, аяттағы «كان» сөзі «صار» мағынасында келген («болатын» деген мағынада емес «(кейіннен) болды» деген мағынада).

²⁵⁸ «Әнфал» сүресі, 2-аят.

²⁵⁹ «Бақара» сүресі, 34-аят.

Нұх пайғамбардың ұлына байланысты да «فكان من المغرقين»²⁶⁰ (суға батып кеткендердің қатарында кетті) делінген. Бұл аятта да «صار» мағынасында келген.

Біздің (әһлі сүннеттің) көзқарасымыз бойынша иман (мүмин) мен ислам (мұсылман) терминдерінің арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Заһирлер бұлай деп есептемейді. Әһлі сүннет көзқарасы бойынша, иман – Алланың жіберген әмірлері мен тыйымдарын мойындау. Ислам – оның құдайлығын мойындап, бағыну. Ал, бұл әмір мен тыйым арқылы ғана жүзеге асады. Демек, қамтитын үкіміне байланысты иман исламнан бөлек емес әрі араларында айырмашылық жоқ. Иман мен исламды бөлек деп есептейтіндерге: «Мүмин болып, мұсылман болмаған немесе мұсылман болып мүмин болмаған адамның үкімі қандай?» деп сұрақ қоямыз. Егер біріне тиесілі деп тапқан үкімнің екіншісінде жоқ екендігін дәлелдей алса, әрине мұның жөні бөлек. Дәлелдей алмаған жағдайда сөзінің қате екендігі анықталады.

Алла – жетістікке жеткізіп, тура жолға бастаушы!

²⁶⁰ «Һуд» сүресі, 51-аят.

4.5. Ақыретке қатысты кейбір мәселелер

Біз: «Ақылға салғанда болуы мүмкін барлық нәрсе аят-хадисте келсе, оны қабылдап, оған иман келтіру қажет», дейміз.

1. Аталған мәселенің бірі – өлімнен кейінгі сұрақ пен қабір азабы. Әллі сүннеттің сенімі бойынша, мұның болатындығы – ақиқат. Мұғтазилиттер бұларды жоққа шығарады.

Қабір сұрағы мен қабір азабы рухтың денеге қайтарылуы арқылы жүзеге асады. Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болған адамды жерлегеннен кейін: *«Бауырларыңызға Алладан жарылқау тілеңіздер, себебі, ол қазір сұраққа тартылып жатыр»*²⁶¹ десе, тағы бір хадисінде: *«Кіші дәреттен (үстіге, денеге тиюінен) сақтаныңыздар. Өйткені, қабір азабының көбі содан болады»*²⁶² деген.

2. Қиямет күнінде қайта тірілудің болатыны да – ақиқат. Мұны материалистер (даһрия) түгелдей жоққа шығарған. Ал ислам философтары қайта тірілу тән арқылы емес, рух арқылы жүзеге асады деп санаған. Шындығында өлім арқылы өзгеріске ұшыраған (шіріп, топыраққа айналған) дене, бұрынғы қалпына келтіріліп, рухтың қайта берілуі арқылы жүзеге асатын қайта тірілу – ақылға сиятын құбылыс. Алла Тағала Құранда:

(وَأَنَّ اللَّهَ يَبْعَثُ مَنْ فِي الْقُبُورِ)

«Күдіксіз Алла қабірдегілерді қайта тірілтеді»²⁶³ деген.

(مَنْ يُحْيِي الْعِظَامَ وَهِيَ رَمِيمٌ)

«Шіріп кеткен сүйекке кім жан береді?» дегендерге жауап ретінде бір аятта:

(قُلْ يُحْيِيهَا الَّذِي أَنْشَأَهَا أَوَّلَ مَرَّةٍ)

«Оларға айт: «Ол сүйектерді әу баста кім жаратса, қайта тірілтетін де – Сол.»²⁶⁴ делінген.

3. Қиямет күнінде амал дәптерінің берілуі – ақиқат. Алла Тағала:

(وَنُخْرِجُ لَهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ كِتَابًا يَلْقَاهُ مَنشُورًا)

«Қиямет күні оның алдынан айқара ашылған бір кітап шығарамыз»²⁶⁵ деген. Мүминдердің амал дәптерлері Құранда айтылғандай²⁶⁶ оң жағынан берілсе, кәпірлердікі сол жағынан және арқасынан беріледі.

4. Таразы (мизан) да – ақиқат. Алла Тағала Құранда:

(وَالْوِزْنَ يَوْمَئِذٍ الْحَقُّ)

«Ол күні (таразыға) тартудың болатыны да – ақиқат»²⁶⁷ деген. Мизан – амал-құлшылықтардың деңгейін өлшейтін таразы, алайда оның қандай таразы екендігін

²⁶¹ Әбу Дәуіт Сүнән, 2/192, Жанаиз 67.

²⁶² Әл-Жамиғ ас-сағир, Таназзуһ; Сахих әл-Бұхари, 1/60, әл-удуғ 55; Сахих әл-Мүслим, № 292; Сүнән Әбу Дәуіт, 1/5, ат-Таһара 11; Термези № 70.

²⁶³ «Хаж» сүресі, 7-аят.

²⁶⁴ «Ясин» сүресі, 78-79 аят.

²⁶⁵ «Исра» сүресі, 13-аят.

²⁶⁶ «Исра» сүресі, 71-аят; «Хакқа» сүресі 19-26; «Иншиқак» сүресі 7, 10-аяттар.

²⁶⁷ «әл-Ағраф» сүресі, 8-аят.

елестетуге ақылдың күші жетпейді. Оны біз білетін таразыға ұқсатуға болмайды. Бұл тұрғыда жеткен дерекке сол күйінде сенім білдіру – ең дұрыс таңдау.

5. **Сырат** (Қыл көпір) та – ақиқат. Сырат – тозақтың үстінен тартылған көпір. Барлық жауапкер пенде одан өтеді. Жаннатқа баратындар ол көпірден аман-есен өтсе, тозақтықтар сүрініп құлап, тозаққа түседі.

6. **Жаннат пен тозақ.** Біздің – әһлі сүннеттің көзқарасы бойынша, жаннат пен тозақ жаратылып қойған әрі қазір де бар. Мұғтазила бұған қарсы пікірде. Алла Тағаланың жаннат туралы өткен шақ түрінде айтқан мына:

(أَعِدَّتْ لِلْمُتَّقِينَ)

«Тақуа пенделерге дайындалды»²⁶⁸ аяты сөзімізге дәлел. Тағы бір аятта тозақ туралы:

(أَعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ)

«Кәпірлерге арналып дайындалған»²⁶⁹ делінген. Мәзһабымыз бойынша жаннаттықтар жаннатта, тозақтықтар тозақта мәңгі қалады. Себебі, Алла Тағала Құранда жаннаттықтар мен тозақтықтар туралы:

(خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا)

«Олар сонда мәңгі қалады»²⁷⁰ деген. Жаһмия ағымы бұлай деп санамайды.

7. Аталғандармен қатар, Алла Тағала мәлімдеген жаннаттықтарға арналған хор қыздары, сарайлар мен түрлі жемістер, өзендер мен бұлақтар, саялы ағаштар мен алуан түрлі тағамдар мен сусындар, тіпті көз көріп, құлақ естіп көрмеген көптеген сый-сияпаттар, тозақтықтарға арналған заққум деп аталатын өте ащы тамақ, қайнаған сулар, темір құрсаулар мен бұғаулар, от жамылғы секілді азаптардың болатыны да – ақиқат. Батинилер мен философтар бұларды жоққа шығарып, бұл туралы айтылған аят-

хадистерді тура мағынасынан бұрмалап, өздерінше жорамал жасаған. Шын мәнінде бұл, ешқандай себеп-салдарсыз аят-хадистердің ашық (заһири) мағынасын айқын түрде жоққа шығару болып саналады.

Сондай-ақ, ақыретте мүминдердің Алланы көзбен көруі де – шындық. Бұл туралы алдында тоқталып өткен болатынбыз.

²⁶⁸ «Әли-Имран» сүресі, 133-аят.

²⁶⁹ «Бақара» сүресі, 24-аят; «Әли-Имран» сүресі, 131-аят.

²⁷⁰ «ән-Ниса» сүресі, 57, 122, 169 аяттар; «әл-Ахзаб» сүресі, 65-аят

**Алладан соңымызды қайырлы етуін, тозақтың азабынан сақтап,
дүниеде тура жолынан адастырмауын тілейміз!
Алла ерекше мейірімді, шексіз рақымды.
Кітапты Алланың қолдауымен аяқтадық.**

Алау Әділбаев, Түсіпхан Имаммади

МАТУРИДИЯ АҚИДАСЫ

(әл-Бидая мин әл-кифая фи әл-һидая фи усул ад-дин)

Нуриддин Ахмад ибн Махмуд ибн Әбубәкір әс-Сабуни

әл-Бұхари (қ.580һ/1184)

Заказ № 23/10 Басылым 300 дана

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты



ЖШС, "Ideal Group" жарнама агенттігі, 160021

Шымкент қаласы, Қонаев д-лы, 60

E-mail: reklama@idealgroup.kz



